

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

ӘОЖ 347.9:331.109

Қолжазба құқығында

ИСАЕВА АЙНУР ЖЕНИСОВНА

Еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктері

6D030100-Құқықтану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:
з.ғ.к, профессор Б.А.Сериев
философия докторы (PhD)
Б.Ж.Айтимов

Шетелдік ғылыми кеңесші:
к.ю.н., доцент Дубов Г.А.

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2021

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|------------|
| АНЫҚТАМАЛАР..... | 3 |
| БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... | 4 |
| КІРІСПЕ..... | 5 |
| | |
| 1 ЕҢБЕК ДАУЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ..... | 13 |
| 1.1 Еңбек даулары: түсінігі мен жіктелуі..... | 13 |
| 1.2 Еңбек дауларының пайда болу себептері мен шарттары..... | 26 |
| 1.3 Еңбек дауларын сотта қараудың заңнамалық дамуы..... | 36 |
| 2 ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН СОТТА ҚАРАУ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ..... | 48 |
| 2.1 Еңбек дауларын сотта қараудың жалпы процессуалдық тәртібі..... | 48 |
| 2.2 Жеке еңбек дауларын сотта қараудың жекелеген түрлері..... | 60 |
| 2.2.1 Жұмысқа қайтадан алу істерін сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктері..... | 60 |
| 2.2.2 Жұмыскердің еңбекақысын төлеуге байланысты еңбек дауларын сот тәртібінде қарау..... | 85 |
| 2.2.3 Сот процесінде материалдық жауапкершілік туралы еңбек дауларын қарау..... | 98 |
| 2.3 Ұжымдық еңбек даулары және оларды сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктері..... | 110 |
| 3 ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН СОТТА ҚАРАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 127 |
| 3.1 Еңбек дауларын сотта қараудың шетелдік тәжірибесі | 127 |
| 3.2 Еңбек дауларын сотқа дейін реттеу мәселелері | 140 |
| 3.3 Цифрландыру жағдайында еңбек дауларын сотта қарау мәселелері.. | 150 |
| | |
| ҚОРЫТЫНДЫ..... | 156 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... | 161 |
| Қосымша А..... | 172 |
| Қосымша Ә..... | 181 |
| Қосымша Б..... | 182 |

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық зерттеу жұмысында төмендегі анықтамалар мен терминдер қолданылды:

Еңбек дауы - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер (жұмыскерлер) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер), оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болғандар арасындағы келіспеушіліктер.

Еңбек төрелігі – ұжымдық еңбек дауының тараптары татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде еңбек дауын шешу үшін уәкілетті адамдарды тарта отырып құратын, уақытша жұмыс істейтін орган.

Ереуіл – жұмыс берушімен ұжымдық еңбек дауындағы жұмыскерлердің әлеуметтік экономикалық және кәсіптік талаптарын қанағаттандыру мақсатында жұмысты толық немесе ішінара тоқтату.

Жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке және заңды тұлға.

Жұмыскер - жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға.

Келісу комиссиясы - жұмыс берушілер мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан құрылатын тепе-тең негізде ұйымдарда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Медиатор - Қазақстан Республикасының «Медиация» туралы заңының талаптарына сәйкес кәсіби және кәсіби емес негізде медиация жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз жеке тұлға.

Медиация - тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі.

Татуластыру комиссиясы – ұжымдық еңбек дауын тараптарды татуластыру арқылы реттеу үшін, жұмыс беруші мен жұмыскерлер (олардың өкілдері) арасындағы келісім бойынша құрылатын орган.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | | |
|----------|---|--|
| АЕК | - | Айлық есептік көрсеткіш |
| АҚШ | - | Америка құрама штаты |
| б. | - | бап |
| БКБ | - | бейнеконференцбайланыс |
| ДБШ | - | Дауларды балама шешу |
| ЕАЭО | - | Евразиялық экономикалық одақ |
| ЕДКК | - | еңбек даулары бойынша келісу комиссиясы |
| ж. | - | жыл |
| жж | - | жылдар |
| ЖС | - | Жоғарғы сот |
| ЖШС | - | Жауапкершілігі шектеулі серіктестік |
| ҚР | - | Қазақстан Республикасы |
| ҚР АҚ | - | Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі |
| ҚР АПК | - | Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі |
| ҚР ЕК | - | Қазақстан Республикасының еңбек кодексі |
| ҚР ЕХӘҚМ | - | Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| КСРО | - | Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы |
| КК | - | Келісу комиссиясы |
| МКД | - | Мемлекеттік кіріс департаменті |
| ОАТ | - | орташа айлық табыс |
| РКФСР | - | Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы |
| РФ | - | Ресей Федерациясы |
| РФ ЕК | - | Ресей Федерациясының еңбек кодексі |
| т. | - | тармақша |
| т.б. | - | тағы басқалары |
| ТМД | - | Тәуелсіз мемлекеттер достастығы |
| ХЕҰ | - | Халықаралық еңбек ұйымы |
| ІІБ | - | Ішкі істер бөлімі |

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының еңбек және азаматтық іс жүргізу заңнамаларына сәйкес еңбек дауларының әлеуметтік құбылыс ретінде туындау себептерін анықтау және жұмыс беруші мен жұмыскерлер, еңбек ұжымы арасында еңбек, ұжымдық шарттың орындалуына байланысты пайда болатын еңбек дауларын сотта караудың процессуалдық ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. ХХІ ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» деген еді [1]. Алайда, ел экономикасын реформалау мен әртараптандыру жалғасуына COVID-19 ауруының тарауы кедергі жасап, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен пандемия жарияланды. Кейбір жосықсыз жұмыс берушілер мұндай жағдайды пайдаланып қалуға тырысып, қызметкерлердің жалақысынан «ұстап қалу», уақытында жалақыны төлемеу оларды өз еркімен жұмыстан шығуына итермелеу немесе өзге де жолмен өз шығындарын азайту арқылы жұмыскерлердің әл-ауқатының және материалдық жағдайларының нашарлауына алып келіп отырғаны белгілі.

Бұл көптеген елдердің өз шекараларын жабуына, бұқаралық іс-шаралардың санын азайтуға, кәсіпорындардың жұмысын тоқтатуына, шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілердің жұмысын уақытша тоқтатуға не шектеуге алып келді. Жұмыс берушілердің алдында жұмысты жалғастыру, қызметкерлерді қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыру, штат немесе жұмысшылар санының қысқаруына, жалақы мөлшеріне және басқа да көптеген қиындықтар туындатты. Бұл ретте осы сұрақтарға жауаптар жұмыс берушінің еркі мен қалауына ғана емес, сондай-ақ осы мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың ұстанымына да байланысты. ҚР Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII шақырылымындағы Қазақстан Республикасы Парламенттің бірінші сессиясында «қазіргі күрделі жағдайда Қазақстанның алдында тұрған басты міндет – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындары мен халықтың табысын сақтау» қажеттілігін көрсетіп, депутаттар алдында бірнеше басымдылықтарды айқындап, «азаматтардың құқықтарын тиісінше қорғамайынша әлеуметтік-экономикалық даму мүмкін еместігін, неғұрлым белсенді әрі ойластырылған жұмысқа нақты және табанды кірісу керектігін» атады [2].

Қазақстанның еңбек заңнамасының қалыптасуында Халықаралық Еңбек Ұйымының Конвенциялары мен Келісімдерінің әсері болғаны анық. Қазіргі уақытта адам құқықтарын, соның ішінде еңбек құқықтарын қорғау жөнінде мемлекеттер мен жекелеген субъектілердің міндеттері мен түрлі тәсілдерін

бекіткен халықаралық актілер жеткілікті деңгейде қабылданған және Қазақстанда мақұлданған. Адамның еңбек құқықтарын қорғауға арналған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы», «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пакт», «Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Конвенциясы» т.б. негізгі актілерді Қазақстан Республикасы ратификациялауы арқылы өз мойнына адамның еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау міндеттемесін алған. Ұлттық құқықтық жүйелердің барлығы дерлік жұмыскер мен жұмыс берушінің еңбек құқықтарын қорғаудың белгілі бір тәсілдеріне ие, соның ішінде Қазақстанды да атауға болады. Қазақстан Республикасының Конституциясында адам және оның құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына ретінде бекітілген, осыған сәйкес адамның еңбек құқығына бостандығын мамандықты, кәсіпті еркін таңдау құқығын қорғауға кепілдік беріледі [3]. Ал, 2015 жылы қабылданған ҚР Еңбек Кодексі еңбек дауларын қарау мен шешудің тәртібін реттейтін ережелерді бекітіп қана қоймайды, сонымен бірге еңбек құқықтарын қорғауды негізгі мақсаты мен еңбек заңнамасының қағидаты ретінде қарастырып, соған сәйкес ең төменгі стандарттар мен кепілдіктерді бекіткен [4].

Жарияланған статистикалық мәліметтерге сүйенсек 2020 жылы Қазақстан халқының еңбекке жарамды бөлігінің 92% еңбек қатынастарына түскен. Пандемия кезінде қалыптасқан экономикалық жағдайды, қазақстандық қоғамда демократиялық үрдістердің артуы мен өндірістің мемлекеттік емес секторының кеңеюін, жұмыскерлердің өз құқықтарын қорғауды толық жете түсінбеуін ескерсек, алдағы уақытта еңбек дауларының өсетінін болжау қиын емес. Осыған сәйкес жұмыс берушілер мен жұмыскерлер сот жүйесінің алдағы уақыттағы қолданушылары екенін байқау қиын емес. ҚР Жоғарғы Сотының мәліметтеріне сүйенсек, еңбек даулары азаматтық істер бойынша соттармен қаралатын істердің негізгі категориясын құрап, оның жалпы көлемінің 5,8% құрап келген. Мамандандырылған соттардың жоқтығы, еңбек заңнамасы ережелерінің әртүрлі түсіндірілуі мен тіпті қарама-қайшылықтарының болуы еңбек дауларын қарайтын органдар үшін қиындық туғызады.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, еңбек дауларын шешуге балама тәсілдерді қолдану мәселесі де шешуді қажет етеді. Бір жағынан, сот ісін жүргізу жетілдірілген және құқық қолдану рәсімін нақтылағанымен, сот ісін жүргізудің ұзақтығы және күрделілігі себебінен және шетелдердегі еңбек дауларын шешудің балама түрлерін кеңінен қолдану тәжірибесін зерттей келе, біздің мемлекетте бұл тәжірибені енгізудің қажеттігі туындап отыр.

Заңнамада еңбек дауларын сотта қарау мәселелері жеке қаралмаған, оларды шешу тәжірибесі пікірталас туғызады және оң реттеуді талап етеді. Бұл қиындықтар еңбек құқығы субъектілерін қорғаудың соттық нысанының жетіспеушілігіне байланысты да туындайды. Осыған байланысты, еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктеріне, оның ішінде жұмысқа қайта алу, жұмыскердің еңбекақысын төлеу, материалдық жауапкершілікке байланысты, сондай-ақ ұжымдық еңбек дауларын қараудың жекелеген процессуалдық тәртібіне арналған арнайы зерттеулердің заң

ғылымында жоқтығы осы диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Еңбек құқығы бойынша шетелдік және отандық ғалымдар мен заңгерлердің ғылыми зерттеулерін, атап айтқанда, еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктеріне арналған зерттеулерді талдау, осы уақытқа дейін осы тақырыптағы ізденістердің аздығын, арнайы кешенді зерттеулер жасалмағанын көрсетті.

Қолданыстағы еңбек және азаматтық-процестік заңнамаларға сәйкес еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктері еңбек құқығы ғылымының да, азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының да арнайы зерттеу объектісі болған емес. Еңбек даулары, соның ішінде жеке еңбек даулары мәселелері еңбек құқығы ғылымы тұрғысынан қаралып, ізденістер көбінесе еңбек дауының ұғымын анықтауға, еңбек дауларын құқықтық реттеудің жалпы мәселелеріне, еңбек-құқықтық жауапкершілігін жетілдіру т.б. мәселелерге арналған. Жұмысқа қайта алуға, жұмыскердің еңбекақысын төлеуге, материалдық жауапкершілікке, еңбек тәртібіне байланысты туындайтын жеке еңбек даулары мен ұжымдық еңбек дауларын азаматтық іс жүргізуде қарауды зерттеу, оның шетелдік тәжірибесіне үңіле отырып ғылыми негізделген және пайымдауға лайықты қорытындылар мен тұжырымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді. Біздің ойымызша Қазақстан Республикасының еңбек құқығында қаралған құқықтар мен бостандықтарды азаматтық процесте қорғауға деген тетіктерді жаңартып, заңнамалық олқылықтарды жоюға көмектеседі.

Жоғарыда айтқанымыздай еңбек даулары ұғымы, еңбек дауларын құқықтық реттеудің жалпы тәртібі, еңбек-құқықтық жауапкершілік, сондай-ақ еңбек құқықтарын қорғаудың жекелеген нысандары мен тәсілдері мәселелеріне арналған еңбектер отандық заңгер ғалымдар арасында кездеседі. Осы бағытта зерттеулер жүргізген отандық ғалымдар ретінде Н.А.Абузярова, Т.М.Абайдельдинов, Д.Ажинурина, С.М.Алдашев, Ж.С.Бердиярова, Г.Г.Галиакбарова, С.А.Димитрова, Ж.Б.Ермагамбетова, А.Ж.Касенова, Ж.М.Нарикбаева, Е.Н.Нурғалиева, А.М.Нурмагамбетов, Э.Б.Омарова, К.А.Мамиев, А.К.Мамбетов, Ғ.А.Сұраған, Ж.Б.Разиева, Б.А.Сериев, К.А.Уварова, Ж.А.Хамзина, К.А.Шайбеков, Н.П.Шайхутдинова, Г.Х.Шафикова, М.Х.Хасенова және т.б. айтуға болады.

Осы бағыттағы алғашқы ғылыми диссертациялық зерттеулер жеке еңбек дауларының ұғымын анықтауға арналған. Осындай зерттеу жұмысы ретінде Ж.Б.Ермагамбетова, Е.Н. Нурғалиеваның «Индивидуальные трудовые споры» монографиясын атауға болады. Сонымен қатар адамның еңбек ету құқығына бостандығын қорғау мен оны құқықтық реттеудің жалпы тәртібі туралы туралы Д.Ажинурианың «Еңбек ету бостандығы және оны қорғаудың мәселелері», Ж.С. Бердиярованың «Қазақстан Республикасының еңбек ету бостандығының конституциялық-құқықтық реттелуі» жұмыстары бар.

Жеке еңбек дауларын шешудің теориялық және тәжірибелік мәселелеріне зерттеу бағытында жасалған кешенді ғылыми жұмыс ретінде «Правовое регулирование индивидуальных трудовых споров: теория и практика их разрешения» тақырыбындағы Г.Г.Галиакбарованың ғылыми диссертациясын

атауға болады. Бұл ғылыми еңбектің басты ерекшелігі жеке еңбек дауларының жалпы сипаттамасын айқындауға, жеке еңбек дауларының соттылығы мен ведомстволық бағыныштылығын анықтаудың ерекшеліктеріне, еңбек процесін жетілдірудің теориялық-құқықтық мәселелеріне, жеке еңбек дауларын сотқа дейінгі шешу және медиация тәртібімен қарауды талдау жасауға, сондай-ақ осы жеке еңбек дауларын сот тәртібімен қараудың негіздерін қарастыруға жасалған алғашқы ізденіс болды. Алайда диссертациялық жұмысты талдай келе, байқағанымыз оның басты бағыты жеке еңбек дауларын шешудің жалпы тәртібін айқындап, дауларды сотқа дейінгі шешу, жеке еңбек дауларын қараудағы медиация тәртібі, қазіргі уақытта қолданысқа енген жеке еңбек дауларын сотқа дейінгі шешудің механизмдерін жетілдіруді айқындау мәселелеріне арналған.

Диссертациялық жұмысты жазуда еңбек құқығы, азаматтық іс жүргізу құқығы саласындағы шетелдік ғалымдардың да еңбектері зерттелді. Атап айтсақ, Р.М.Агапова, А.Буғра Аудін, П.С.Барышников, А.И.Балашов, S.Erdođdu, А.А.Сапфирова, З.Сухбаатар, S.Каşка, И.А.Костян, А.М.Куренной, В.И.Мартыненко, А.Г.Мостовщиков, И.А.Прасолова, А.Н. Слюсарь, О.Теzcan, Р.К.Тойжанов, G.Toksöz, Т.Э.Ханукаева, Z.Şişli және т.б. еңбектерін атауға болады.

Жоғарыда аталған және басқа да авторлардың ғылыми еңбектері диссертациялық зерттеу жұмысына теориялық негіз ретінде алынды, оларды саралай, талдай отырып еңбек және онымен байланысты қатынастарды реттеудегі мемлекеттің рөлін өзгерту, әлеуметтік әріптестікті дамыту, жинақталған құқық қолдану тәжірибесі еңбек дауларын шешу процесін құқықтық реттеу проблемасына ғылыми тәсілдерді өзгертуді талап етеді. Жаңа ғылыми тәсілді қолдану еңбек дауларын құқықтық реттеудің нақты мәселелерін шешуде жеке және ұжымдық еңбек дауының заңды анықтамасының болмауы – «еңбек дауының пайда болу динамикасы» тұжырымдамасының тиімсіздігі, еңбек дауларын қарау және шешу принциптерін заңды түрде бекітудің болмауы, еңбек заңнамасы мен азаматтық іс жүргізу заңнамасының сәйкессіздігі, заң техникасының жетілмегендігі, еңбек дауларын жіктеудің бірқатар тұжырымдамаларының негізсіздігі талданып, еңбек дауларын сотта қарауды жетілдірудің осы тұстардағы процессуалдық тәртібін жетілдіру мен механизмдерін оңтайландыру мақсатында ұсыныстар берілді.

Диссертациялық зерттеудің әдістемелік негізі. Диссертациялық зерттеу әдіснамасының негізін белгілі кеңестік, ресейлік, батыс және қазақстандық ғалым заңгерлердің еңбек даулары, оларды сотта қарау тәртібі, балама тәртіптері туралы ғылыми еңбектері құрайды. Зерттеу тақырыбының ерекшелігі мен кешенді сипаты еңбек дауларын қарайтын азаматтық сот ісін жүргізудің өзге де нысандарына назар аударуға мүмкіндік берді. Диссертациялық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістері: диалектикалық, тарихи, формальды-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, лингвистикалық, нақты-әлеуметтік әдістер қолданылды.

Еңбек дауларын сотта қараудың заңнамалық дамуы мен одан әрі жетілуін қарастыруда жалпы танымдық диалектикалық әдіс, жеке және ұжымдық еңбек дауларын сотта қарауға қатысты құқықтық нормалардың өзара және тәжірибемен байланысын зерттеуде формальды-логикалық, талдау, синтез және хронологиялық әдістер, еңбек дауларын сотта қарауға байланысты шетел заңнамасы мен тәжірибесін зерделеуде салыстырмалы-құқықтық әдістер, «еңбек даулары», «жұмыскер» терминдерін тереңірек қарауда лингвистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты - Қазақстан Республикасында Еңбек Кодексі мен Азаматтық процесстік Кодексінде еңбек дауларын қарау мен шешудің ерекшеліктеріне арналған дербес тарау қажеттілігін теориялық негіздеу және әзірлеу үшін еңбек дауларын қарау мен шешудің теориялық және практикалық мәселелерін кешенді зерделеу, оларды қарау мен шешудің қолданыстағы тәртібін мен ерекшеліктерін талдау, еңбек және азаматтық процесстік заңнамаларға ұсыныстар мен ұсынымдар жобасын әзірлеу.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін диссертациялық зерттеу жұмысы төмендегідей міндеттерді алға қояды:

1) Еңбек дауларының жалпы түсінігін талдау, түрлері мен еңбек дауының пәнін анықтау мен себеп-салдарының теориялық және тәжірибелік аспектілерін жіктеу;

2) еңбек дауларын сотта қараудың жалпы процессуалдық тәртібін қарастырып, еңбек дауларынан туындайтын жекелеген түрлері бойынша оларды сотта қарау ерекшеліктерін айқындау;

3) жеке және ұжымдық еңбек даулары ұғымының мазмұнын ашу, осы құқықтық әлеуметтік құбылыстың заңнамалық анықтамасын талдау, оның еңбек дауларын қарау және шешу процедурасымен байланысын анықтау;

4) еңбек дауын қарау тәртібіне көбірек әсер ететін негізгі ережелердің шеңберін анықтау және сайып келгенде, еңбек заңнамасының нормаларын тиімді қолдануға мүмкіндік беретін белгілі бір процедуралық форманы құру;

5) еңбек дауларын қараудың ерекшеліктері қандай процессуалдық нысандарда көрінетінін, бұл нысандар еңбек жанжалын шешудің дұрыстығы мен уақтылығын қаншалықты қамтамасыз ететінін, оларды дамыту мен жетілдірудің болашағы қандай екенін көрсету;

б) еңбек дауларын қарау және шешу тәртібін регламенттеуге қатысты қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөнінде теориялық негізделген және практикалық қолдануға жарамды ұсынымдар әзірлеу.

Диссертациялық зерттеудің объектісі еңбек және азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес еңбек дауларын сотта қарауды жүзеге асыруда туындайтын қоғамдық қатынастар құрайды.

Диссертациялық зерттеудің пәні болып еңбек дауларын сотта қарау мен шешудің теориялық негіздерін зерттейтін қазақстандық және шетелдік ғалымдардың докториналдық ғылыми-теориялық тұжырымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және де шет елдердің еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актілері мен

сот тәжірибесі, осы саланы реттейтін халықаралық сипатқа ие нормалар табылады.

Зерттеудің нормативтік негізін ҚР Конституциясы, ҚР Еңбек Кодексі, ҚР Азаматтық процесстік Кодексі, ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы, «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы, ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңы, сондай-ақ еңбек дауларын сотта қарауда туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңнамасы, жұмыскер мен жұмыс берушінің жауаптылығына қатысты туындайтын ҚР әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамалары, өзге де ҚР Үкіметінің қаулылары мен Жоғарғы Сотының нормативтік құқықтық қаулылары мен өзге де құқықтық актілер құрайды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Диссертацияның ғылыми жаңалығы оның Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі мен Азаматтық процесстік Кодексі аясында еңбек дауларын сотта қараудың процесстік ерекшеліктерін анықтау және қарастыру мәселесіне арналған Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымындағы кешенді монографиялық зерттеу болып табылатындығымен негізделеді.

Еңбек дауын әлеуметтік-құқықтық және материалдық-процессуалдық құбылыс ретінде жан-жақты зерттеу жүргізілді, онда Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі мен Азаматтық процесстік кодексі негізінде жаңа әлеуметтік-экономикалық және еңбек жағдайларында еңбек дауларын құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелері анықталды.

Еңбек дауларын өзге азаматтық істерден ажырататын ерекше белгі бар екенін ескере отырып, соңғы кезде ғылыми әдебиеттерде еңбек дауларын қарау тәртібін жетілдірудің қажеттілігі туралы мәселелер туындап, арнайы заң қабылдау қажеттілігін айтылып келеді. Мұндай заңның қажеттілігімен келіскенімен, ол жаңа заңды қабылдауға ұзақ уақыт кетеді. Осы зерттеу жұмыста ұсынылған ҚР Азаматтық процесстік кодексте еңбек дауларын қарау ерекшеліктеріне арналған арнайы тарауы еңбек дауларын қарау тәртібіне байланысты көптеген мәселелерді қысқа мерзімде шешуге көмектеседі, осылайша осы саладағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге құқықтық негіз дайындайды.

Сонымен бірге, қолданыстағы заңнама оның даму перспективалары тұрғысынан зерттелді, нәтижесінде еңбек дауларын реттейтін құқықтық нормалардың кейбір жағымсыз белгілері анықталды. Атап айтқанда, келісу комиссияның еңбек дауларын шешу үшін қызметі рәсімдік-процессуалдық мәнге ие болу керектігін тұжырымдайды. Келісу комиссиясының функциясын, қағидаларды белгілейтін Еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясы туралы үлгілік ережені жасап, ол Ереже ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі және ҚР Кәсіподақтар Федерациясымен негізге алынып, апробациядан өтуде.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 1-бабының 1-тармағына жекелеген тармақшамен «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарының түсіндірмесін, енгізу қажет. Бұл өз кезегінде құқықты

қолдануда әртүрлі оқу мен талқылауды болдыртпайды, сондай-ақ еңбек дауының тараптарын, мүдделі тұлғаларды дұрыс анықтауға мүмкіндік беріп, еңбек қатынастары субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді тәсілін таңдауға ықпал етеді. Жеке және ұжымдық еңбек дауының заңнамалық анықтамасы азаматтық істердің осы санатының процедуралық ерекшеліктерін ашуға, сот ісін жүргізудің басқа істерінен ажыратуға көмектеседі.

2. Жұмыс беруші мен жұмыскерді қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыруына байланысты жұмыскер өз лауазымы бойынша стационарлық жұмыс орны орналасқан жерден тыс жерде жұмысты орындауға міндеттеліп, ал жұмыс беруші әрі қарай өзара іс-қимыл Интернет желі арқылы жүзеге асырады. Арадағы келісім ауызша жасалу салдарынан екі тарапқа да әртүрлі жағымсыз құқықтық салдарға әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан жұмыскерлер мен жұмыс берушілер барлық жағдайларда қашықтықтан істейтін жұмыстар бойынша қол жеткізген келісімдердің тиісінше рәсімделуі қажет.

3. Дауды дұрыс және уақтылы шешу және еңбек қатынастарына қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін ҚР азаматтық процестік кодексінің «Еңбек қатынастарынан туындайтын арыздар бойынша іс жүргізу» дербес тарауы бекіту қажет. Бұл ретте еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын істер АПК-нің осы тарауында белгіленген ерекшеліктермен талап-арыз өндірісінің жалпы ережелері бойынша қаралатыны көрсетіледі.

4. Жұмысқа қабылдаудан бас тарту, еңбек саласындағы кемсітушілік, еңбек шартын өзгерту, оның ішінде басқа жұмысқа ауыстыру туралы жеке еңбек дауларын сотта қарау кезінде прокурор және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының міндетті түрде қатысуын ҚР АПК қарастыруы керек. Оның қатысуы соттың жеке еңбек дауларын бойынша заңды және негізделген шешімдер шығаруына ықпал ететін болады.

5. Еңбек дауларының статистикасының өсімі мен судьялардың жүктемесін есепке ала отырып, Жоғарғы және облыстық соттар жанынан еңбек сот алқаларын құру қажет, соның нәтижесінде еңбек дауларын қараудың сапасы да, жеделдігі де артуы тиіс.

6. Еңбек дауларын сотқа дейін қарау үшін сотқа жүгінушілерге дауды шешудің келісу комиссиясына балама түрі ретінде медиацияға жүгінудің тиімділігін көрсету қажет.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы алынған нәтижелер туралы идеяларды тереңдетеді және жүйелейді, азаматтық сот ісін жүргізу және оның баламалары туралы, сондай-ақ еңбек дауларын сотта қарау және шешу ерекшеліктерін жақсы түсінуге ықпал етеді. Зерттеудің өзі де, алынған нәтижелер де Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, сот органдары тәжірибелік қызметінде және де жоғары оқу орындарының «Еңбек құқығы», «Азаматтық іс жүргізу құқығы» пәндерін жүргізуде, сондай-ақ «Еңбек дауларын қарау» тақырыбында арнайы курс ретінде жүргізуде қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық жұмысты жазу кезінде анықталған ғылыми ұсыныстар мен қорытындылар, ережелер халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында, Білім және ғылым жөніндегі сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланып, апробациялаудан өтті.

Зерттеу барысында жарияланған ғылыми мақалалар мен зерттеудің нәтижесі 14, оның ішінде 1 Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын журналда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым жөніндегі сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 5 ғылыми басылымдарға, ТМД және басқа да шетелдерде өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3, Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында 5 мақала жарияланды. Сондай-ақ, ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетімен, ҚР Кәсіподақтар федерациясымен бірлесе отырып, «Еңбек дауы бойынша келісу комиссиясы туралы үлгілік ережесін» дайындауда зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары пайдаланылды.

Диссертациялық жұмысты зерттеу кезінде анықталған нәтижелер, тұжырымдармен ұсыныстар және қорытынды І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Азаматтық құқықтық пәндер» кафедра отырысында талқыланып, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің «Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы» кафедрасында кеңейтілген ғылыми семинарында сараптамадан өтті.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 ЕҢБЕК ДАУЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Еңбек даулары: түсінігі мен жіктелуі

Заманауи қоғамның ең маңызды және күнделікті мәселелерінің бірі - әр бір азаматтың, яғни жұмыскердің, кездестіретін мәселесі - еңбек дауларын шешу болып табылады. Пандемия кезінде бүкіл әлемдегі күрделі экономикалық жағдайды ескере отырып, қазіргі таңдағы аса өзекті мәселенің бірі жұмыс беруші мен нақты жұмыскер немесе еңбек ұжымы арасында туындайтын әр түрлі еңбек дауларды қарастыру болып табылады. Негізінен әр бір жұмысшының немесе олардың ұжымдарының еңбек қызметіне қатысты даулы мәселелері кәсіпорынның басшысы тарапынан еңбек заңнамасының нормаларының бұзылуы нәтижесінде және жұмыскерлердің заңмен кепілдік етілген құқықтары мен жүктелген міндеттерін білмеуінен туындайды.

Әдетте осындай дауды түсіну дауласушы тараптардың пікірі бойынша олардың әрқайсысының дәлелдерін дұрыс бағалауға қабілетті бейтарап төрешінің болуын керек етеді. Бұл түсініктің белгілері еңбек дауларына толығымен сәйкес болып келеді.

Аталған мәселе бойынша заңи әдебиеттердің жеткілікті алуан түрлеріне қарамастан, бірқатар мәселелер әлі күнге дейін ғылыми түрде зерттеп талданбаған. Еңбек дауы туралы түсінік толығымен ашылмаған, оның мәні мен мазмұны барынша анықталмаған. Мұның барлығы осы мәселені әрі қарай талдаудың қажеттілігін талап етеді.

Зерттеудің пәнін анықтау үшін ең алдымен бірнеше әр түрлі терминдерін алдын ала анықтауды талап ететін «еңбек дауы» категориясы нені белгілейтінің ашып алуымыз керек.

Көптеген ондаған жылдар бойы заңнамада, еңбек құқығы доктринасында болсын «еңбек дауы» және «еңбек қақтығысы (конфликтісі)» терминдерінің арақатынасы бойынша пікірталас болды.

Мысалы, Кеңес өкіметі билігінің алғашқы жылдарында әдебиет пен заңнамадағы еңбек қатынастары бойынша барлық келіспеушіліктер «еңбек қақтығыстары (конфликтілері)» деп аталған. Кейінірек «еңбек даулары» термині қолданыла бастады. Бұл екі термин алғашқыда тең негізінде қолданылған. Алайда, мәні бойынша екеуі әлеуметтік мағынада бірдей ұғымдар емес. Этимологиялық мағынасы бойынша бұл сөздердің арасында елеулі айырмашылықтары бар екенің көрсету артық емес. «Қақтығыс (конфликт)» деген сөз, мысалы, Үлкен Кеңес Энциклопедиясында көрсетілгендей, «conflictus» (соқтығысу) деген латын сөзінен туындайды және күрестің күрделі нысандырына әкеп соқтыратын қарама қарсы мүдделердің, көз қарастардың, ұмтылыстардың, өткір даулардың, елеулі келіспеушіліктердің қақтығысы дегенді білдіреді [5, 84 б.].

Халықаралық еңбек ұйымының Конвенциясы бұл қақтығыстарды болдырмауға шақырады, бірақ егер, олар орын алса, татуластыру арқылы әділ реттеуге шақырады [6].

Бұрынғы Кеңестер Одағы Республикаларының заң әдебиеттері мен еңбек заңнамаларында «еңбек дауы» термині «қақтығыс» терминімен қатар қолданылып келеді [7, 11-14 б.]. Қазақстандық ғалымдар А.Ахметов пен Г.Мингали «еңбек дауы бұл жұмыс беруші мен жұмыскер арасында өзара келіссөздер арқылы реттелмеген қақтығыс» деп көрсеткен [8, 290 б.].

Айта кету керек, еңбек қақтығысы және еңбек дауы тең ұғымдар емес, сондықтан, оларды ажырату керек. Мысалы, А.Асадов «... еңбек дауларында күштердің қақтығысы жоқ, тек «психологиялық шиелініс» бар, сондықтан келіспеушіліктер қақтығысқа айналады» деп белгілейді [9, 12 б.]. Әрине, біз А.Асадовтың «психологиялық шиеленіс» болатынымен келісеміз, бірақ еңбек дауының нәтижесінде өзге де жанжалдарыға ұшырап кететінін ұмытпауымыз керек.

Сонымен, қақтығыс пен оның түрлерінің ғылыми түсінігі осы уақытқа дейін әр түрлі ғылымдардың өкілдерімен талқыланады. Бұл жағдай ұғымның өзіндік мөлшерімен (мемлекет арасындағы қақтығыстан бастап ішкі тұлғалық қақтығысқа дейін), оны зерттеудегі әр түрлі көзқарастың болуымен түсіндіріледі. Осылайша, американдық ғалымдар Р.Макк және Р.Снайдер қақтығысқа тиесілі көптеген ұғымдарды зерттеп, келесі қортындыға келді: «қақтығыс» созуға келетін және одан пайда болғанды өз мақсатында пайдалана алатын резина тәрізді ұғым екені анық», бұл өз кезегінде бұл категорияның бірінғай ұғымын белгілеу мүмкін еместігін дәлелдейді [10, 38-39 б.].

Заманауи ғылымында «еңбек қақтығысы» ұғымы бойынша келіспеушіліктерден басқа, еңбек ұжымы (оның бір бөлігі немесе бүкіл ұжым) мен жалдаушы арасындағы мүдделердің қайшылығын біріктіретін терминнің өзін қалай дұрыс анықтау қажет екені бойынша даулар бар.

Еңбек дауының айырықша ерекшелігі – бұл дау жұмысшы (жұмысшылар ұжымы) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер) арасында туындайды және қолданыстағы заңнамамен (процессуалдық, еңбек) реттеледі. Өз кезегінде, еңбек қақтығысы мүдделер қайшылығын да қамтиды. Сондықтан, еңбек қақтығысы кұқықтық және кұқықтық емес құралдармен реттелуі мүмкін деп тұжырымдалады.

«Еңбек қақтығыстары» терминінің біздің болмысымыздың шарттарына сәйкес келмеуі 1936 жылғы КСРО Конституциясын қабылдағаннан кейін айрықша белгілі болды, дегенмен бұған заң ғылымында біздің заңнамадағы терминдердің ресми ауысуы болғанға дейін көрсетілді.

Заң әдебиеттерінде 1936-1938 жылдардан бастап «еңбек дауы» жаңа термині жиі қолданыла бастады. Осылайша, Я.Л.Кисилев пен С.Е.Малкин 1937 жылы шыққан «Сборник важнейших постановлений по труду» еңбектерінде сәйкесінше тараудың атын «Порядок разрешения трудовых споров» деп атады. А.Е.Пашерстник 1938 жылы екі мақала жариялады: «К обсуждению порядка разрешения трудовых споров» және «О порядке разрешения трудовых споров». Осымен бірге, сол жылы И.Троицкий «Трудовые конфликты и порядок их рассмотрения» мақаласын жариялады [11, 18 б.].

С.И. Ожегов орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «дауды» «ауызша бәсекелестік, әркім өз пікірін, өзінің дұрыстығын қорғайтын бір нәрсені

талқылау; сот шешетін нәрсені иеленуге деген өзара талап» деп анықтайды [12].

Сонымен, О. А. Виноградова өзінің ғылыми жұмысында Э.Ф.Андерсон «еңбек қақтығысы - жұмысшылар мен қызметкерлердің олардың жұмыс берушілерімен еңбекті қолдану негізіндегі даулары деп санайды. Еңбек дауларындағы, «қақтығыстардағы» жұмысшылар мен жалданушылардың қақтығыстары қаншалықты әр түрлі болса да, соңғысы мазмұны бойынша екі түрге бөлінеді: құқық негізіндегі қақтығыстар және мүдделер қақтығысы негізіндегі қақтығыстар» [13, 214 б.].

Мүдделер қақтығысы негізінде туындаған қақтығыстардың ішінде бірінші кезекке Э.Ф.Андерсон ұжымдық шарттарды бекіту негізіндегі дауларды қояды. Заңмен ұжымдық шарттарды міндетті түрде жасасу қарастырылмаған, ұжымдық шарттарды жасасу кәсіпорын мен кәсіподаққа кіретін жұмысшылардың мүддесінде болады және ұжымдық шартты бекіту олардың өз күштері мен құралдары арқылы қол жеткізуі керек еді. Бұған өндіріс нормалары туралы даулар да тиесілі болған (1922 жылғы Еңбек кодексінің 56-бабы), ұжымдық шарт болмаған жағдайда жеке еңбек шарттарын жасасу кезіндегі сыйақыл мөлшері туралы (1922 жылғы Еңбек кодексінің 58-бабы). Жоғарыда аталған жағдайлардан басқа, мүдделер қайшылығы негізіндегі қақтығыстардың сансыз көптігін көрсетуге болатын еді деп атап өтті Э.Ф.Андерсон. Еңбек қақтығыстарының көпшілігі дәл осы негізде болатын, себебі заң немесе шарт, әрине, жұмысшы мен жұмыс берушінің өміріндегі барлық ықтимал қақтығыстарды ешқашан алдын-ала болжай алмайды [14, 87 б.].

Мүдделер қайшылығы негізіндегі қақтығыстардың айырмашылық белгісі – бұл шешімі заңмен немесе шартпен (жеке немесе ұжымдық) қарастырылмаған және заң әркімге өз бетінше, келісім арқылы шешуге мүмкіндік беретін қақтығыс.

Ал, құқық негізіндегі қақтығыс дегеніміз жұмыс берушімен заңды немесе жеке ия болмаса ұжымдық шартты бұзуда туындайтын қақтығыс [14, 88 б.].

С.Жаров өз кезегінде еңбек қақтығыстары «жалдамалы еңбекті қолдану негізінде туындайтын бір жағынан, жалдаушы, екінші жағынан жалдану бойынша жұмыс істейтін тұлғалар арасындағы даулар» деп белгілеген [15, 3 б.].

Заңнамада «еңбек қақтығыстары» термині құқықтық терминологияда әлі де сақталғанына байланысты, осы кезеңде мерзімді баспасөзде екі термин де кездеседі: «еңбек қақтығыстары» және «еңбек даулары», мәні бойынша бірдей ұғымды білдіреді. Алайда, 1940 жылдар да «еңбек қақтығысы» термині сирек кездеседі де, көбіне «еңбек даулары» термині басым қолданылады.

1957 жылғы 31 қаңтарындағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Жарлығымен «Еңбек дауларын қарастыру тәртібі туралы Ережесі» бекітіліп, қолданысқа еңгізілді. Осы уақыттан бастап «еңбек қақтығыстары» термині ресми түрде «еңбек даулары» терминіне ауыстырылды.

Ресей ғалымы В.Н.Толкунова еңбек дауын оған дейін туындайтын жанжалды оқиғалармен шатастырмау керек десе [16, 3 б.], В.В. Лысенко еңбек

дауы бұл өзара шешілмеген мәселе арнайы органдардың құзіретінде қаралғанда ғана туындайды деп көрсетеді [17, 321 б.].

Қазақстандық ғалым Г.Галиакбарова да осы пікірмен келісетіндігін еңбек дауына дейін қақтығыстар жиі болатынын және келіссөздер арқылы шешілуі мүмкін екенін айтады. Және бұл жағдайда еңбек қақтығыстары еңбек даулары сатысына өтпейді деп көрсетеді [18, 52 б.]. Біз де осы оймен келісе отырып, егер жұмыс берушілер мен жұмыскерлер арасында өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда қиындықтар туындаса немесе ол кедергілерді өз беттерімен жоя алмаса, сол кезде ғана еңбек дауына үшінші тараптың араласуы қажет болады, ал оны қарауға құзіретті тараптың араласуымен өтетін қақтығыстар ғана еңбек дауы сатысына айналады деп есептейміз [19, 94-103 б.].

Осыған сәйкес біздің жұмысымызда қаралатын басты мәселе, соттың қатысуымен қарастырылатын «еңбек дауы» сатысы екенін анықтадық.

Заң әдебиеттерінде жоғарыдағы терминдермен қатар, «еңбек дауы» және «еңбек келіспеушіліктері», «еңбек құқық бұзушылығы» ұғымдары да қолданыста және де кейбір авторлар бұл терминдерді де өзара зерттеген.

Мысалы, Н.М.Накатаев еңбек келіспеушілігі әрекет етуші тараптарымен ситуацияны әр түрлі бағалауы деп белгіледі. Еңбек дауының себебі, әдетте, еңбек құқық бұзушылықтары немесе кейбір жағдайларда құқық бұзушылықтың болуы туралы адал қателесуі болып табылады [20, 83-84 б.].

Заңда «келіспеушілік» ұғымы қарастырылмаған. С.Ожеговтың сөздігінде «келіспеушілік» деген ұғым пікір, көзқарас, мүдделер бойынша келісімнің жоқтығын; қарама-қайшылық, келісімнің жоқтығы (сөздердің, ойлардың) дегенді білдіреді [12].

В.В.Лазор еңбек келіспеушіліктері олардың пәніне байланысты еңбек қақтығысы және еңбек даулары сияқты екі түрде болуы мүмкін деп есептейді [21, 332 б.].

Ресейлік ғалым А.И.Балашов еңбек құқық бұзушылығының ұғымын анықтап берген. Оның пікірі бойынша еңбек құқық бұзушылығы дегеніміз құқықтық қатынастың басқа субъектісінің құқықтарын бұзуға әкелетін міндетті субъектінің өз еңбек міндеттерін кінәлі түрде орындамау немесе тиісінше орындамауы деп аталады [22, 7-8 б.].

Осы пікірмен келісе отырып, қақтығысты болдырмау үшін тараптар өзара келіссөздер жүргізуі керек деп тұжырымдаймыз. Егер бұндай тәсілмен келіспеушіліктер жойылмаса, онда қақтығыс еңбек дауына айналады, бірақ ол жерде тараптардың біреуі еңбек дауларын шеше алатын белгілі бір құзыреттілігі бар органға жүгінуге тиіс. Мысалы, егер жұмыскер өзінің штаттың қысқаруы негізі бойынша жұмыстан айырылуын дауламаса, бірақ жұмыс берушімен шын мәнісінде штаттың қысқаруы жүргізілмеген болса және жұмысшы жұмыстан шығып басқа жұмысқа орналасса, онда бұл жағдайда жұмыс беруші жағынан құқық бұзушылық анық болғанымен еңбек дауы туындамайды. Еңбек дауы еңбек қатынастары тараптарының келіспеушіліктерімен байланысты. Сондықтан да, тараптардың арасындағы келіспеушіліктер барлық жағдайда еңбек дауын тудырмайды [23, 107-112 б.].

Қазіргі уақыттағы заң әдебиеттерінде жоғарыдағы авторлардың еңбектерінің жалғасы ретінде еңбек құқық бұзушылықтары қарастырылып келеді. Оның басты себебі, бұл құқықтық категорияның толықтай зерттелмегендігінде деп есептейміз. Еңбек заңнамасын бұзған жағдайда, материалдық және тәртіптік жауапкершілікпен қатар, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық жауаптылықтар туындайтыны белгілі. Және олардың әрқайсысының туындауының заңды негізі болатыны да анық. Л.А.Сыроватский мен В.Н. Смирнованың еңбектерінде бұл біршама қаралғанымен де әлі де жеке зерттеулерді талап етеді деп ойлаймыз [24, 78 б.].

Еңбек құқық бұзушылықтары ҚР Еңбек кодексінде де қаралған. Айталық, ҚР Еңбек кодексінің 52-бабында қаралған негіздері бойынша жұмыскерді еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде еңбек шартын бұзу еңбек құқық бұзушылығы деп саналып, еңбек келіспеушілігінің, кейіннен еңбек дауының туындауының алғышарттары қалыптасады. Алайда, біз оның еңбек дауына ұласуы жағдайдың одан әрі дауына байланысты дер едік. Себебі, жұмыскер еңбек заңына сәйкес сатыларда өз құқықтарын дауламаған жағдайда, еңбек құқық бұзушылығы мен келіспеушілік сатысында аяқталады.

Біздің пікіріміз, ресейлік ғалым А.Г.Мостовщиковтың пікірімен сәйкес келеді. Оған сәйкес жұмыскердің өз құқықтарын қорғауы және жұмыс берушінің заңға қайшы немесе жұмыскерді қанағаттандырмаған актілерімен келіспеуі нәтижесінде еңбек келіспеушіліктері пайда болады. Егер жұмыс беруші тарапынан мұндай келіспеушіліктер жұмыскермен реттелген болса, келіспеушілік дауға ұласпайды [25, 17 б.].

Е.А. Голованованың өз еңбегінде келіспеушіліктердің түсінігін берсе [26, 9-10 б.], О.В. Симрнов еңбек дауының кеңейтілген анықтамасын қарастырады [27, 370 б.].

Куренной А.М., Миронов В.И. сияқты ғалымдар да осындай пікірді ұстанады. Олар келіспеушілік жұмыс беруші мен жұмыскер арасында реттелмесе және күзіретті органның қарауына жіберілсе еңбек дауына айналады [7, 14 б.].

Осылайша, еңбек дауы ұғымы өзінің белгілі бір даму динамикасын көздейді. Оны бірнеше кезеңмен көрсетуге болады: мысалы, еңбек құқық бұзушылықтың болуы, жұмыскердің (жұмысшылар ұжымның) және жұмыс берушінің (жұмыс берушілердің) еңбек құқық бұзушылығының әртүрлі бағалауы, тараптармен келіспеушілікті келіссөз арқылы реттеуге тырысуы, осы келіспеушілікті шешу үшін юрисдикциялық органға жүгіну, яғни еңбек дауының өзі.

Смолярчук В. И. өткен ғасырдың 70-жылдары жазылған еңбегінде алдағы уақытта еңбек құқығы ғылымында келіспеушілік пен еңбек дауларының айырмасын ашатын ғылыми жұмыстар болатынын, арнайы күзіретті органның бұл келіспеушіліктерді шешуге қатысуын талап ететін жағдайлар еңбек дауы болатынын қарастырған [28, 43-46 б.].

Қазақстандық ғалымдар да «еңбек дауларын» ұғымын өз еңбектерінде талдаған. Мұндай ғалымдар қатарына В.Н. Уваровты, Ж.Б.Ермағамбетованы, Г.Галиакбарованы атауға болады.

Ж.Б. Ермагамбетова «Жеке еңбек даулары» тықырыбында жазылған диссертациялық жұмысында еңбек қатынастары саласында туындайтын келіспеушіліктер деп көрсете келе [29, 34 б.], қазақстандық ғалым Е.Н.Нурғалиевамен бірігіп шығарған «Жеке еңбек даулары» атты монографиясында еңбек даулары бұл - жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы қолданыстағы еңбек және өзге де әлеуметтік заң нормаларын анықтау мен қолдану туралы келіспеушіліктер, сондай ақ олар жұмыс берушімен тікелей келіссөздер кезінде реттелмеген, арнайы уәкілетті органдардың қарауында болуы қажет деп пайымдайды [30, 18 б.].

В.Н. Уваров та еңбек дауының ұғымын анықтай келе, екі тараптың арасында келісім жасалмаған жағдайда, келіспеушілік тиісті органға жіберіліп еңбек дауына ұласады деген ойға саяды [31, 444 б.].

Тағы да бір қазақстандық ғалым Г.Галиакбарованың «жеке еңбек дауы бұл еңбек құқығының нормалары мазмұндалған заңдар мен басқа да құқықтық актілерді, ұжымдық шартты, келісімдерді еңбек шартын қолдану мәселелері жөнінде жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы және де жеке еңбек шартын қарау органына хабарланған даулар» деп тұжырымдайды [32, 63 б.].

Осыған байланысты, қазіргі таңда, еңбек дауы ұғымы және оның түрлерін анықтау мәселесі, онымен қоса еңбектің заманауи нарығы жағдайында және келешекте болатын әлемдік пандемияға байланысты бұл ашық мәселе болып қалады.

Қазақстан Републикасының Еңбек кодексінің 1-бабының 16-тармағына сәйкес еңбек дауы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер (жұмыскерлер) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер), оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болғандар арасындағы келіспеушіліктер [4].

Алайда, «еңбек дауы» ұғымын дұрыс тұжырымдау үшін тараптардың арасында келіспеушілік неден туындайтының белгілеу қажет, яғни еңбек дауының пәнін анықтау керек. Еңбек дауы деп «құқық пен міндеттердің арақатынасын өзгерткісі келетін» еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен заңды мүдделерін атаймыз [33, 90 б.].

Еңбек құқығы саласындағы мамандар еңбек дауының пәнін әр түрлі етіп анықтайды. 1930 жылдары «еңбекті қолдану негізіндегі еңбек даулары» туралы немесе «жалдалмалы еңбекті қолдану негізінде» деп айтайтын [34, 3 б.], яғни авторлар жалпылама анықтамалар берген. Келешекте белгілі ғалымдардың анықтамаларында еңбек дауларының пәні нақтыланған. Осылайша, Н.Г.Александров еңбектің белгілі жағдайларын (еңбек құқығы нормаларында, ұжымдық және еңбек шарттарында) қолдану негізіндегі даулар немесе орталықтандырылған тәртіппен реттелмейтін еңбек жағдайларын белгілеу даулары деп бөледі. Өз еңбегінде В.И.Смолярчук еңбек дауының пәні «еңбек жағдайларын белгілеу немесе еңбек заңнамасын қолдану негізіндегі» келіспеушіліктер деп атады және осы пікірге Л.А.Сыроватская да қосылады. Бірақ, бұл көзқараста еңбек даулары пәнін анықтауда локальдық нормативтік актілердің, ұжымдық және жеке еңбек шарттарының, еңбек құқығы

нормаларын қамтитын басқа да нормативтік құқықтық актілердің қолдануы бойынша келіспеушіліктер сияқты маңызды құрамдастары ескерілмеген. С.В.Передерин еңбек даулары пәніне еңбек жағдайларын белгілеу және өзгерту бойынша келіспеушіліктерді қоспаған, тек «еңбек туралы заңнамалық және басқа да нормативтік актілер, еңбек шартының (контрактінің) шарттары туралы» айтқан [35, 66 б.].

Біздің пікірімізше, еңбек дауының пәні дегенді еңбек қатынастарын бір шамада реттейтін басқа құқықтық және нормативтік актілерді және еңбек заңнамасы талаптарын белгілеу мен қолдануға байланысты тараптардың (жұмыскер мен жұмыс беруші) арасындағы келіспеушіліктер деп білеміз. Еңбек қатынастары тараптарының арасындағы келіспеушіліктерді еңбек дауы деп мойындау үшін, олар еңбек құқығы, оның ішінде заңнама, заңға тәуелді актілер (ҚР Үкіметінің қауылылары, министрліктердің бұйрықтары), сонымен бірге локальды (еңбек және ұжымдық шарттар, жұмыс берушінің актілері) нормативтік актілерді қолдану мәселелеріне қатысты болуы қажет. Біз еңбек дауының пәнін жалпы және арнайы деп бөлеміз.

Еңбек заңнамасының бұзылуымен байланысты белгілі бір жағдайлары немесе жұмыскердің жұмыс берушіге жалпы наразылықтары бар еңбек ұжымы қызметін ұйымдастыру мәселелері еңбек дауының ортақ пәні болып табылады. Осыған байланысты ұжымдық еңбек дауының пәні және жеке еңбек дауының пәні деп екіге бөлуге болады.

Ұжымдық еңбек дауының пәні екі міндетті белгілерге ие: 1) тараптардың біреуі ортақ кәсіби және еңбек мүдделері бойынша еңбек ұжымына біріктірілген жұмыскерлер; 2) ұжымдық шартпен белгіленген қатынастарды реттеуге бағытталған. Еңбек дауын ұжымдық деу үшін оның пәнін сипаттайтын жоғарыда аталған екі белгінің болуы міндетті болып табылады. Егер жұмыс беруші еңбектің әлеуметтік-экономикалық шарттарын белгілесе немесе өзгертсе ұжымдық еңбек дауының пәнін құрайтын жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасындағы ұжымдық келіспеушіліктер туындайды. Мысалы, бұл еңбек нормалары, еңбек ақысының жүйесі мен мөлшері, тынығу уақыты мен жұмыс уақытының ұзақтығы, жеңілдіктерді беру, еңбек тәртібінің ережесі және т.б. болуы мүмкін.

Жұмыс берушінің жұмыскерге қатысты еңбек заңнамасы мен басқа да нормативтік құқықтық актілерін бекітуі мен қолдануы бойынша келіспеушіліктер жеке еңбек дауларының пәні болып табылады. Бұл еңбек ақысына байланысты талаптар (кешіктіріп төлеу, ұстап қалу, дұрыс емес есеп айырысу және т.б.), тәртіптік шараны заңсыз қолдануы, заңсыз жұмыстан шығаруы, жұмысқа қабылдау кезіндегі кемсітушілік және т.б. болуы мүмкін.

Жеке еңбек дауының пәні болу үшін келіспеушіліктер жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы тікелей келіссөздер кезінде реттелмеуі керек деп есептейміз. Осы жерде жеке еңбек дауының пайда болу сәті анықталады, яғни келіспеушілік қарауға құқығы бар органға қарауға берген кезден еңбек дауы болып есептеледі.

Еңбек дауларының пәні оларды жіктеудің негіздерінің бірі болып табылады. Еңбек дауларының жіктелуі олардың шешілу тәртібін белгілеудің

міндетті шарты болып табылады. Қатынастардың, құбылыстардың, ұғымдардың т.б. жіктелуінің көмегімен нақты критерийді (белгілерін) анықтау еңбек дауларының жіктелуінің негізгі құралы болып табылады. Еңбек дауларының жіктелуі өз бетінше көмекші құрал болып табылады және олардың түрлерін тәртіпке келтіру үшін қолданылады [36, 11 б.]. Бірегей және үйлесімді жіктеу болмағанына қарамастан еңбек құқығы ғылымында еңбек істеріндегі талап арыздардың жіктелуі жеткілікті түрде негізделіп дайындалған. Еңбек дауларын жіктеудің неғұрлым белгіленген критерийлерінің қатарына даудың пәні; субъектілік құрам; даулы құқықтық қатынастардың түрі жатады. Еңбек құқығы ғылымында институттар (еңбек шарты, жалақы, еңбек тәртібі және т.б.) бойынша және еңбек құқығының қосалқы институттары (еңбек шартын жасасу, ауыстыру, елеулі еңбек жағдайларының өзгерту, төлемдер, еңбек шартының тоқтату және т.б. туралы даулар) бойынша дауларды бөліп қарастыру ұсынылған [37, 50-55 б.]. Бұл критерийлердің жіктелуі тәжірибеде қолданылуға тән – соттарда еңбек дауларының әр түрлі категориялары бойынша шолу дайындаған кезінде және кейіннен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соттың Пленумының қауышыларында тиісті құқықтық ережелерінің түсініктерін дайындаған кезінде.

Сонымен, барлық еңбек даулары жіктелуі бойынша жекеге және ұжымдыққа бөлінеді. Жеке еңбек даулары жеке жұмыскер мен жұмыс беруші арасында туындайды, мысалы, жұмыстан босату, тәртіптік шараға тарту, материалдық жауапкершілік және басқалары. Ұжымдық еңбек даулары жұмыс берушімен жұмыскерлер ұжымының қатысуымен сипатталады және ұжымдық мүддерді қорғау кезінде туындайды, мысалы, жұмыскерлердің еңбек және тұрмыс шарттары дау болып жатқан кезде.

Ресейлік ғалымдар еңбек дауларының құрамы мен пәніне, пайда болу шартына сәйкес жеке және ұжымдық еңбек шарттары деп бөледі [38, 348-349 б.; 39, 128 б.].

Сонымен, біздің пікірімізше, осы жағдайда екі дербес критерий туралы сөз қылмауымыз керек, керісінше еңбек дауының құқықтық табиғатына дұрыс баға беруге ықпал ететін құрамды бір критерий туралы айтуымыз керек [40, 512 б.].

Белгілі болғандай, еңбек субъектілерінің (жұмыскер мен жалдаушы) жұмыспен қамтылуы бойынша (жалдаушы және жалдаушыда осы тұлғаны жұмысқа алу міндеті бар жұмыс орнына үміткер), өндірісте оқыту бойынша (жалдаушы және оқуда жүрген жұмыскер немесе жалдаушымен оқу жөнінде шарт жасасқан тұлға) еңбек құқығы пәнін құрайтын даулы материалдық қатынастардың тараптары жеке еңбек дауларының тараптары болып табылады.

Жеке еңбек дауы субъективтік құқық пен заңды мүддені жүзеге асыру бойынша туындайды. Ұжымдық еңбек дауының тараптары жалдаушы (жалдаушы, жалдаушылар бірлестіктері) және өздерінің өкілді органдары арқылы жұмыскерлер болып табылады. Ұжымдық еңбек дауларына қатысты тараптардың келіспеушілігі әлеуметтік-әріптестік қатынастардан туындайды. Бұл даудың түрі шеңберінде ұжымдық құқықтар мен мүдделер қорғалады.

Даудың пәніне байланысты әдетте, мүдделер туралы даулар және құқық туралы даулар деп бөледі. Даулардың алғашқы осындай жіктелуін 1917 жылы И.С.Войтинский берген, ол құқықпен қорғалатын даулар және құқықпен қорғалмайтын даулар деп негіздеген [41, 32 б.]. Мүдделер туралы даулар (шет ел терминологиясында – мүдделер қақтығысы) егер, жалдаушы талапты қанағаттандыруға міндетті емес, бірақ құқылы болған жағдайда, еңбек шарттарының жаңа талаптарын белгілеумен байланысты туындайды. Мүдделер туралы даулардың мәні келісімдік шешім негізіндегі еңбектің жаңа шарттарын белгілеу болып табылады. Жеке тәртіптегі мүдделер туралы дауларға жататындар, мысалы, толық емес жұмыс уақытын белгілеу жөніндегі, жұмыстан бос қосымша күндерді беру туралы, жалдаушы қолданып жүрген еңбек шарттарын өзгертуге немесе жаңадан белгілеуге міндетті емес болған жағдайда белгілі бір уақытта демалыс беру туралы даулар. Кейбір кезде мұндай дауларды талап етілмейтін арыздар деп атайды.

Құқық туралы даулар еңбек құқығы пәніне кіретін нормативтік және жеке қайнар көздерімен реттелетін қатынастармен белгіленген нормаларды қолдануға қатысты болып табылады. Мұндай қайнар көздерге заңнан бөлек, жергілікті нормативтік актілерді, ұжымдық шарттарды, олардың нормативтік бөлігіндегі келісімдерді, еңбек шарттарын және басқа да еңбек туралы жеке келісімдерді жатқызуға болады. Бұл жағдайда қорғау объектісі құқықтық қатынастың басқа тарапының тиісті міндеттеріне қарсы тұратын тұлғаның субъективтік құқығы болып табылады. Құқық туралы дауларының шешу нәтижесі бұзылған құқықтың қалпына келуі немесе құқықты жүзеге асырудағы кедергілерді жою болуы керек. Бұл еңбек ақысын өндіріп алу, моральдік зиянды өтеу, демалыс уақытын беру, жұмысқа қайта орналастыру, материалдық зиянды өтеу және басқа да жағдайлар туралы даулар болуы мүмкін. Аталған даулар талап қоюға жататын және талап қоюға жатпайтын деп аталады. Сонымен қатар, әдебиетте мұндай көзқарас бір жақты оңтайлы баға алған жоқ, өйткені, бұл жағдайда құқықты қорғау тәсілі ретінде талап арыз ғана емес, сонымен бірге еңбек даулары бойынша комиссияға берілетін өтініште болуы мүмкін.

Сонымен, айта кету керек, еңбек даулары талап қоюға жататын және талап қоюға жатпайтын болып бөлінеді. Талап қоюға жататын еңбек дауларына қолданыстағы еңбек туралы заңнаманың, ұжымдық және еңбек шарттарының, ішкі еңбек тәртібі ережесінің қолдануымен байланысты даулар жатады. Олар негізінен, жұмыскердің бұзылған жеке еңбек құқықтарын қайта қалпына келтірумен байланысты болады. Талап қоюға жатпайтын дауларға жаңа еңбек шарттарының белгілеуімен және оларды ауыстыруымен байланысты даулар.

Жоғарыда пікірге сүйене отырып, Бразилия, Германия, Испания, Мексика, Финляндия, Франция және т.б. елдердің үлгісінде еңбек соттарын құруды ұсынған ғалымдар бар екенін айта кеткіміз келеді [42, 1004-1005 б.].

Сонымен қатар, еңбек дауларының талап қоюға жататын талап қоюға жатпайтын болып бөлінудің маңыздылығын өз зерттеулерінде А.М.Куренная мен В.И.Миронов атап өтті. «Талап қоюға жататын – бұл бұған дейін заңдарда басқа да нормативтік құқықтық актілерде және жеке шарттарда белгіленген

еңбек шарттарының қолдану туралы даулар, яғни бұзылған құқық туралы даулар. Талап қоюға жатпайтын даулар еңбек шарттарын белгілеуге немесе қолданыстағы шарттарды өзгертуге қатысты болады» [7, 19 б.].

И.О.Снигиреваның пікірі неғұрлым негізді болып көрінеді, ол талап қоюға жататын дауларға белгіленген еңбек шарттарының қолдануы туралы дауларды жатқызады, «өйткені, бұл юрисдикциялық органдармен тиісті арыз негізінде қарастырылатын бұзылған құқықты және заңды мүддені қалпына келтіру туралы даулар», ал талап қоюға жатпайтын дауларға - еңбек шарттарын белгілеу туралы даулар жатады, өйткені бұл жерде жаңа құқықты белгілеу туралы сөз етіледі [43, 373 б.].

Осылайша, біздің ойымызша, жоғарыдағы келтірілген екі жіктеу өзара байланысты болуы мүмкін. Сонымен, жеке және ұжымдық еңбек даулар өз пәні бойынша құқық туралы даулар мен мүдде туралы дауларға бөлінеді. Сонымен қатар, жеке еңбек дауларының арасында құқық туралы даулар басым болады, ал ұжымдықтың арасында – мүдде туралы даулар.

Сондай-ақ, ғалымдардың пікірінше, даулы қатынастардың түрлеріне байланысты жұмыспен қамыту және жұмысқа орналастыру бойынша құқықтық қатынастардан, еңбек қатынастарынан, өндіріске дайындау қатынастарынан және т.б. қатынастардан туындайтын даулар болады [44, 88 б.].

Жалпы алғанда, көптеген авторлар құқықтық қатынастардан туындайтын еңбек дауларының құқықтық қатынастары бойынша түрлері еңбек құқығы пәнінен пайда болады және келесі түрлерге бөлінеді деп санайды:

- еңбек қатынастары құқықбұзушылығынан туындайтын еңбек даулары (мысалы, жалақы төлемеу, заңсыз жұмыстан босату, еңбек кітапшасын кешіктіріп беру);

- тікелей еңбекпен байланысты құқықбұзушылық қатынастардан туындайтын еңбек даулары, т.б.;

- еңбекті ұйымдастыру мен басқару бойынша қатынастарды бұзудан туындайды. Мысалы, жұмыс беруші технологиялық процеспен қамтамасыз етілмеген еңбек нормаларын орындауды талап етеді, тапсырманы орындаудың әдеттегі жылдамдығынан асатын өндірістік тапсырмаларды жұмыскермен жоғарғы қарқында орындауды талап етеді немесе өндірістік тапсырманы орындап болмағанға дейін жұмыскерді жұмыстан босатпайды және т.б., ал жұмыскерлер бұл талаптарды юрисдикциялық тәртіппен заңсыз деп есептейді;

- жұмыскердің жұмысқа орналастыру бойынша қатынастардың бұзылуынан туындайтын. Мысалы, заңсыз жұмысқа қабылдаудан бас тартқаны үшін сотқа шағымдануға болады;

- әлеуметтік-әріптестік қатынастардың бұзылуынан туындайтын. Мысалы, жұмыс беруші ұжымдық шартты орындамайды және жұмыскер сот тәртібімен оның талаптарын орындауды талап етеді. Әдетте, мұндай бұзушылықтар ұжымдық еңбек дауына әкеледі, бірақ әр бір жұмыскер өз мүддесін жеке – жеке қорғай алады;

- ұйымды басқаруға жұмыскерлердің (олардың өкілді органдарының) қатысуы бойынша қатынастардың бұзылуынан туындайтын. Мысалы, жұмыс

беруші бастауыш кәсіподақ ұйымының келісімінсіз жергілікті нормативтік актілер қабылдайды;

- жұмыскердің кәсіби дайындығы, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша қатынастардың бұзылуынан туындайтын. Мысалы, жұмыс беруші жұмыскерден оның оқуына ақы төлеуді талап етеді немесе оқып келген соң сынақ мерзімін белгілейді;

- еңбек шартының тараптарының материалдық жауапкершілігі бойынша қатынастарды бұзудан туындайтын. Мысалы, жұмыс беруші еңбек заңнамасын бұзып, өзінің өкімімен жұмыскерден оның орташа жалақысынан асатын зиянды толық мөлшерде өндіріп алады;

- қадағалау мен бақылау қатынастарының бұзылуынан туындайтын. Мысалы, жұмыс беруші мен жұмыскер еңбекті қорғау нормаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік шараларын заңсыз қолдануға шағымдана алады, сондай-ақ, тараптар, егер жазатайым оқиғасының тергеу актісінің мазмұны мен қорытындыларымен келіспесе, онда сотқа жүгіне алады;

- еңбек дауларын шешу бойынша қатынастарды бұзудан туындайтын. Мысалы, еңбек даулары жөніндегі комиссияның шешімімен келіспеген тарап ол шешімді сотқа бере алады, сондай-ақ, жұмыс беруші сот арқылы өткізген ереуілді заңсыз деп тануы мүмкін;

- міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша қатынастардың бұзылуынан туындайтын [45].

Кейбір авторлар еңбек дауларын жіктеу критерийі ретінде құқықты немесе заңды мүддені қорғау нысанын белгілейді және даулардың шешілуін юрисдикциялық емес (юрисдикциялыққа дейін) және юрисдикциялық нысанында шешілетін дауларды қарастырады. Бірінші жағдайда келісім қағидасы негізінде құзыретті органға жүгінбей-ақ тараптардың (және/немесе олардың өкілдері) күшімен шешілетін даулар жөнінде айтылады. Екінші жағдайда – құқықтар пен заңды мүдделерді қорғау бойынша мамандандырылған органдардың қызметінің нәтижесінде шешілетін даулар, сот, әкімшілік (еңбек инспекциясы) жеке және ұжымдық еңбек дауларды қарастыру бойынша органдарда) [46, 879 б.].

Сонымен қатар, әдебиетте дауларды еңбек дауын шешу тәртібіне байланысты бөлу керектігі жайлы айтылады: соттан тыс тәртібімен шешілетін даулар; сот тәртібімен шешілетін даулар; әкімшілік тәртібпен шешілетін даулар. Жеке еңбек дауларын шешуге қатысты қатынастардың белгілі бір бөлігі ғана еңбек құқығы пәніне жататынын атап өткен жөн. Бұл ЕДҚК (еңбек даулары бойынша келісу комиссиясы), ұжымдық еңбек дауларын реттеу үшін татуластыру комиссиясы, делдалдық және төрелік органдарында қаралатын даулар.

Зерттеушілер еңбек дауларының әртүрлі түрлері арасында нақты шекара жоқ, еңбек дауының әр қайсысы бір бірімен ішінара қиылысатындығы туралы атап өтті.

Заманауи қазақстандық ғалымдар А.Хамзин, В.Н.Уваров, Н.А. Абузьярова еңбек дауларын әртүрлі негіздер бойынша жіктейді:

1) Субъектлік құрамы бойынша: жеке және ұжымдық;

2) даулардың сипаты (пәні) бойынша: талап қоюға жататын және талап қоюға жатпайтын;

3) оларды қараудың ведомстволық бағыныстылығы бойынша: соттан тыс тәртіппен шешілетін даулар; сот тәртібімен шешілетін даулар; әкімшілік тәртіппен шешілетін даулар.

Бұл біздің көзқарасымыз бойынша да неғұрлым оңтайлы және лайықты болып табылады [47, 102 б.].

Соттағы еңбек дауларын қарау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Қолданыстағы заңнама бойынша сот еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясының шешімін қайта қарау құзыреттілігі жоқ. Жұмыскер даулы ситуацияны шешу үшін келісу комиссияларына, ал реттелмеген мәселелер бойынша не келісу комиссияларының шешімдері орындалмаған кезде сотқа жүгіну құқығын өз бетінше тандайды.

Жоғарыдағы айтылғанның негізінде әрбір жеке еңбек дауы (құқықтың қақтығысы), сондай-ақ, ол туындайтын еңбек қатынастары екенін атап өткен жөн. Сонымен бірге, ұжымдық еңбек даулары жеке адамдарға қарағанда сирек кездесетініне қарамастан, олар тек жұмыс берушілер үшін ғана емес, олардың бизнесінің тұрақтылығы үшін де, жалпы қоғам үшін де үлкен қауіп төндіреді.

Біз атап өткендей, еңбек дауының түріне және оның сипатына қарай оны шешу тәсілі (тәртібі) айқындалады.

Жұмыс беруші мен микрокәсіпкерлік субъектісінің, жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын коммерциялық емес ұйымның жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы, сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелерінің арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек даулары (құқық жанжалдары) талап қоюға жататын даулар ретінде ұйымда сайланатын еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясының қарауына жатады. Егер қызметкер өз бетінше немесе оның мүддесін білдіретін кәсіподақ ұйымының қатысуымен басшымен (әкімшілікпен) тікелей келіссөздер кезінде келіспеушіліктерді реттемесе және келісу комиссиясына жүгінсе, онда ҚР ЕК-де белгіленген тәртіппен қаралатын жеке еңбек дауы пайда болады. Еңбек комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда дау тараптары жеке дауды қарау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Келісу комиссиясын құруды талап етілмейтін ұйымдар да тікелей сотқа, яғни еңбек комиссиясына бармай-ақ, ең маңызды құқықтарға қатысты даулары қарастырылады, мысалы, жұмысқа қайта қабылдау немесе заңда белгіленген жағдайларда жұмысқа қабылдаудан бас тарту.

Келісу комиссиясы мен сот құқықты қайта қалпына келтіру немесе құқықты тану немесе талап қоюдан бас тарту туралы шешім шығара отырып, жеке дауларды қарастырады. Бұл шешімдер тараптардың орындауына міндетті, керісінше мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Талап қоюға (мүдделер қақтығысы) болмайтын ұжымдық еңбек дауларды шешу үшін басқа тәртіп белгіленген. Ең алдымен, даудың тараптары бірнеше сатыны қамтитын татуласу процедурасын өткізу арқылы дауды шешуге қатысуға міндетті. Олардың біріншісі басқа тұлғаларға немесе органдарға

жүгінбей-ақ, тараптарға тікелей келіссөздер жүргізу арқылы дауды шешуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта олар тепе-тең негізде, тең өкілдікте татуластыру комиссиясын құрады, ол дау тараптары қол жеткізген келісім арқылы ғана шешім қабылдай алады.

Ұжымдық еңбек дауын шешудегі келесі саты дауласып жатқан тараптар дауды шеше алмағандықтан және оларға бейтарап болатын делдал мен (немесе) еңбек төрелігі сияқты үшінші тұлғалардың көмегіне жүгінуге мәжбүр екенін куәландырыды.

Делдалдың қатысуы келісілген шешім немесе келіспеушіліктер хаттамасын қабылдаумен аяқталады, ал еңбек төрелігімен дайындалған ұсынымдар, егер тараптар оларды орындау бойынша келісім жасасқан болса, онда оны орындау тараптарға міндетті болып табылады.

Демек, ұжымдық еңбек дауын шешу кезіндегі тараптар қол жеткізген келісім ғана тараптар үшін міндетті күші бар болып табылады.

Татуластыру рәсімдері арқылы келісімге қол жеткізбеу даудың шиеленісуіне және еруілге әкелуі мүмкін. Ереуіл кезеңінде тараптар ұжымдық еңбек дауы толық шешілгенге дейін татуластыру рәсімдерін жүргізуді жалғастыруға міндетті. ҚР-да ұжымдық еңбек дауларын шешу тәртібі дауласып жатқан тараптардың келісімге келу, өзара келісу, алынған міндеттерді орындау, өзара мүдделерді ескеру арқылы ымыраға келуіне бағытталған. Жалпы алғанда, ұжымдық еңбек дауларын шешу тәртібі жұмысшылардың (олардың өкілдерінің) жұмыс берушілермен әлеуметтік-әріптестік қатынастарын дамытуға ықпал етуге тиіс [48, 27 б.]

Атап өту керек, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 1-бабының 16-тармақшасында еңбек дауының жалпы анықтамасы берілген, бірақ, сонымен бірге заңшығарушы, «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарын пайдалана отырып, олардың түсінігін бермейді, әрине, мұны дұрыс деп санауға болмайды. Негізінен, еңбек дауларының жалпы түсінігі заңда бекітілуі керек және оның жекелеген түрлерінің анықтамаларының мәні ашылуы керек.

Соттарда оларды қарау тәртібін белгілейтін «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарының заңда бекітілмеуі соттармен жекелеген жұмыскерлердің (жұмыскерлер ұжымының) кәсіпорында қабылдаған жеке және ұжымдық шарттарының ережелерін даулау және оларды жарамсыз деп тану туралы талап арыздарын іс жүргізуге қабылдау мен шешудің ешкіммен ақталмайтын тәжірибесінің қалыптасуына әкеп соқты.

Жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы жеке еңбек дауларын қарастыру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 15-тарауында белгіленген, ал ұжымдық еңбек дауларын шешу тәртібі ҚР ЕК 16-тарауында қарастырылған [4].

Бірақ, барлық ұғымдардың сараптамасы еңбек дауының түсінігін бір анықтамада беру мүмкін емес екенін көрсетеді, өйткені, жеке және ұжымдық еңбек даулары өздеріне тән арнайы ерекшеліктерге ие және оларды әртүрлі түсініктерде көрсету керек.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 1-бабының 1-тармағының жекелеген тармақшаларымен келесі редакцияда «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарының түсіндірмесін енгізуді, оларды қараудың процессуалдық тәртібін белгілеуді ұсынамыз, бұл, өз кезегінде, құқықты қолдануда әртүрлі оқу мен талқылауды болдыртпайды:

- «жеке еңбек дауы дегеніміз - жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі органға мәлімделген еңбек заңнамасының және еңбек құқығы нормалары, ұжымдық шарт, келісім, жергілікті нормативтік акт, еңбек шарты (оның ішінде жеке еңбек жағдайларын белгілеу немесе өзгерту туралы) бар өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдану мәселелері бойынша жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер»;

- «ұжымдық еңбек дауы дегеніміз - жұмыскерлер (олардың өкілдері) мен жұмыс берушілер (олардың өкілдері) арасындағы жалақыны қоса алғанда, еңбек жағдайларын белгілеуге және өзгертуге, ұжымдық шарттарды, келісімдерді жасасуға, өзгертуге және орындауға байланысты, сондай-ақ жұмыс берушінің ұйымдарда еңбек құқығы нормалары бар актілерді қабылдау кезінде жұмыскерлердің сайланбалы өкілді органының пікірін ескеруден бас тартуына байланысты реттелмеген келіспеушіліктер».

Сонымен, еңбек дауларының түрлерін зерттеу дау тараптарын, мүдделі тұлғаларды дұрыс анықтау, еңбек құқығымен реттелетін қатынастар субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тәсілін тандау үшін маңызды.

Тек, өзара мүдделерді ескерген келісім субъектілерді дауласып жатқан тараптардың келісіміне әкелуі мүмкін.

1.2 Еңбек дауларының пайда болу себептері мен шарттары

Жұмыскердің еңбек құқықтарын және ұйым жұмыскерлерінің мүдделерін қорғау экономиканы реформалау жылдарындағы жиналып қалған мәселелермен байланысты барған сайын маңызды бола түсуде. Өндірістің құлдырауы, ұйымдардың өзара төлем жасамауы, жаңа жұмыс орындарының жеткіліксіз өсуі, экономиканың тұрақсыз жағдайының басқа да жағымсыз факторлары еңбек нарығының қалыптасуына кедергі болады, жұмыссыздықты тудырады. Көптеген жұмыс берушілер еңбек саласындағы болып жатқан өзгерістерге дайын болмады. Олардың шығындарды азайтуға деген ұмтылысы көбінесе жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен мүдделерін бұзумен бірге жүрді. Жұмыскерлер өз тарапынан еңбекақысының өсуіне және еңбекақысын уақытылы алуға, олардың еңбек құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерді сақтауға, мүдделерін құрметтеуге және есепке алуға мүдделі.

Жұмыс беруші мен жұмыскерлердің қарама - қайшы мүдделерінің қақтығысы немесе басшының жұмыскердің еңбек құқықтарын бұзуы көбінесе жеке немесе ұжымдық еңбек дауларына айналатын олардың арасындағы келіспеушіліктерді тудырады [49, 55-56 б.].

Еңбек құқығы теориясында еңбек даулары ұғымын тараптардың бұрынғы еңбек келіспеушіліктерінен, сондай-ақ келіспеушіліктердің тікелей себебі және еңбек дауының пайда болу кезеңдерінің бірі болып табылатын еңбек құқық

бұзушылығынан ажырату әдетке айналған. Еңбек даулары, жоғарыда айтылғандай, құқық бұзушылықтан туындайды. Еңбек құқық бұзушылығы деп белгілі бір құқықтық қатынастардың басқа субъектісінің құқығын бұзуға әкелетін міндетті субъектінің өз еңбек міндеттерін кінәлі орындамауы немесе тиісінше орындамауы. Еңбек дауы міндетті субъектінің әрекеттері заңды болған жағдайда да туындауы мүмкін, бірақ басқа субъект оларды заңсыз деп санайды, яғни еңбек құқық бұзушылығы іс жүзінде болмаған кезде. Бұл жерде еңбек құқық бұзушылығының болуын не болмауын сол немесе басқа да жағдайда еңбек дауын қарайтын уәкілетті органның құзыреті болып табылады. Мұндай орган бұл жағдайда юрисдикциялық болып аталады, яғни еңбек дауын шешуге құзыреттілігі (құзыреттері) бар болып табылады [50, 108 б.].

Осылайша, Қазақстан Республикасы азаматтарының кәсіби құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында еңбек дауларының пайда болуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді түсіндіруге және ұғындыруға бағытталған ғылыми, білім беру, құқық қолдану ұйымдарының мақсатты бағытталған қызметі керек.

Еңбек дауларының себептері дегеніміз дауласушы тараптардың арасында субъективтік немесе ұжымдық еңбек құқығын мен мүддесінің немесе еңбек міндеттерінің орындаудың әртүрлі бағалауын тудыратын жағымсыз факторлар болып табылады, яғни, олардың арасында келіспеушіліктер тұғызады.

Еңбек дауларының пайда болу шарттары – сол мәселелер бойынша еңбек дауларының көбеюіне ықпал ететін немесе туындаған дауды едәуір күшейтетін жағымсыз факторлар. Еңбек дауының пайда болу жағдайлары өзі себепсіз еңбек дауын тудыруы мүмкін емес.

Даудың себептері еңбек қызметін жүзеге асыру шарттарын реттейтін еңбек заңнамасын бірнеше рет қолдануы мен талқылауымен байланысты болуы мүмкін. Еңбек дауларының себептері әртүрлі болуы мүмкін. Меншік пен жалдалмалы еңбектің факторларын ескеру қажет.

Әр түрлі авторлар еңбек дауларының шарттары мен себептерінің түсіндірмесін әр түрлі етіп береді. Осылайша, мысалы, О.С.Смирнов даулардың пайда болу шарттары дегеніміз жұмыскерлермен жұмыс беруші арасында реттелмеген келіспеушілікті тудыратын еңбек қатынастарына тікелей немесе біреу арқылы әсер ететін жағдайлар деп түсінік береді.

К.Н.Гусов пен В.Н.Толкуновалар еңбек дауы себептеріне келесі анықтама береді – бұл, дауласушы тараптардың субъективтік еңбек құқығын жүзеге асыруына немесе еңбек міндетінің орындауына әр түрлі баға беретін жағымсыз факторлар [51, 123 б.].

И.А.Костянің пікіріне сәйкес, себептер деп еңбек заңнамасын, жергілікті нормативтік актіні, еңбек шартының, ұжымдық шартының (келісімнің) талаптарын түсіндіруі мен қолдануына байланысты келіспеушіліктер тудыратын мән-жайлар түсініледі. Жеке еңбек дауларының пайда болу шарттары деп келіспеушіліктерді тұғызуға ықпал ететін факторларды белдіреді [52, 73 б.].

И.О.Снигирева ұжымдық еңбек дауларының себептерімен шарттарын ажыратып қарастырады және келесідей түсініктеме береді: «еңбек дауларының

пайда болу себептеріне жұмыскер мен (жұмыскерлермен) жұмыс беруші (жұмыс берушілер) арасындағы тікелей келіспеушілікті тудыратын заңды фактілерді» жатқызады. Еңбек дауларының ортақ себептер еңбек дауының шешу бойынша нақты құқықтық қатынастарда нақты сипатқа ие болады деп тұжырымдайды. Бұл жұмыскердің (жұмыскерлердің) қандай да бір құқықтарының немесе жұмыс беруші алдындағы міндеттердің бұзылуы болуы мүмкін. Еңбек дауларының туындау шарттары болып еңбек қатынастарына тікелей немесе жанама әсер ететін және жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасында реттелмеген келіспеушіліктер туғызатын жағдай, мән-жайлар табылады деп белгілейді [53, 437 б.].

Бұл проблемаға В.Н. Уваров өзінше баға береді, ол жұмыскер мен жұмыс беруші арасында туындаған, олардың өздері (өкілдері) тікелей келіссөз арқылы шеше алмаған, еңбек туралы, жеке, ұжымдық шарттардың орындалуы туралы заңдардың қолданылуына қатысты келіспеушіліктерді еңбек дауларына жатқызады [54 35 б.].

Е.Н.Нұрғалиева мен А.Нұрмағанбетов еңбек дауларының себептері жайлы сөз болғанда, негізінен, субъективтік сипаттағы факторларды бөліп алады, «келіспеушілік көбіне жұмысшылардың жұмыс берушілердің әрекетіне риза болмауынан, олардың еңбекке байланысты құқықтарының бұзылуынан пайда болады» дейді олар [55, 6 б.].

А.Ахметов, Г.Ахметова еңбек даулары ретінде қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы тікелей келіссөздер мен реттелмеген, қолданыстағы заңдарда қолдану, жаңа еңбек жағдайларын белгілеу және еңбек жағдайларын өзгерту жөніндегі мәселелерге қатысты келіспеушіліктер танылады [56, 102 б.].

Сонымен, еңбек дауларының пайда болу себептері – еңбек қатынастарының субъектілері арасындағы тікелей келіспеушілікке әкелген заңды фактілер. Басқаша айтқанда – жұмыскердің (жұмыскерлер ұжымы) кез келген құқықтарын немесе оның кәсіпорын алдындағы міндеттерінің бұзылуы.

Еңбек дауларының шарттары нақты еңбек дауларының нақты себептері болып табылады. Көбінесе еңбек даулары бірнеше шарттардың үйлесуі нәтижесінде пайда болады.

Еңбек дауларының пайда болу шарттары – еңбек қатынастарына тікелей немесе жанама әсер ететін және еңбек қатынастарының субъектілері арасындағы реттелмеген келіспеушіліктерді тудыратын жағдайлар.

Мысалы, жалдалмалы еңбекті қолдану саласында жұмыс беруші мен жұмыскердің қарама-қайшы мүдделерінің болуы, жалпылама алғанда экономикалық қатынастардың өзгеруі, басқа жағдайлар еңбек дауын тудыратын объективтік шарттар болуы мүмкін. Мұндай қарама қайшылықтар әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары саласында әр түрлі келіспеушіліктер туындауына объективтік негіздерді қалыптастырады. Алайда, бұл жағдайлар еңбек дауын пайда болмауына да әкелуі мүмкін. Олар еңбек дауларының тікелей қайнар көзі болып табылмайды.

Еңбек дауының қайнар көзі (себебі) болып жалдалмалы еңбекті қолдану саласындағы жұмыс берушінің немесе жұмыскердің әрекеттері (әрекетсіздігі) болуы мүмкін, мысалы, ұйымның қаржы-экономикалық жағдайының өзгеруі

нәтижесіндегі жұмыскерлердің санын қысқарту бойынша жұмыскерлерді жұмыстан босату процедурасын жұмыс беруші бұзса. Жеке еңбек дауларының пайда болуының субъективтік шарттарының мысалы ретінде жұмыс берушілердің, кәсіпкерлердің, лауазымды тұлғалардың, жұмыскерлердің жеке құқықтық санасының ақауларын, өндірістік процесс қатысушыларының құқықтық мәдениетінің төмендігін келтіруге болады [57, 17 б.].

Н.С.Анфалова еңбек дауының кең таралған себебі ретінде жұмыс берушінің өз мүддесіне әрекет ету жағдайдын айтады, бұл көбінесе ұжымның ұтылуына әкеледі [58, 64 б.].

Тәжірибеде бұл жағдайлар жұмыскерлердің, сонымен қатар жұмыс берушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін бұзатын жаппай заңсыз құқық қолдануға әкеледі. Жоғарыда көрсетілген жағдайлар еңбек дауының пайда болуына өзіндік алғышарты болады деп көрсетеді. Сонымен бірге, көрсетілген жағдайлардан туындаған келіспеушіліктер еңбек дауына айналғанға дейін, яғни одан әрі тиісті юрисдикциялық органның қарауындағы мәселе болмайынша, олар еңбек дауының қайнар көздері болып табылмайды.

Қазақстанда еңбек дауларының пайда болуы, біріншіден, өнеркәсіптің қалыптасуымен, жалдалмалы еңбектің пайда болуымен, екіншіден, жұмыс берушілер мен жалдалмалы жұмыскерлердің өз мүдделерінің қарама қайшылығын түсінуімен және үшіншіден, олардың қолданыстағы еңбек туралы заңнамасында делдалдығымен (өнеркәсіптік құқықта, кеңестік еңбек құқығында, ҚР еңбек құқығында) байланысты.

Еңбек дауларының пайда болуының тікелей себептеріне байланысты келіспеушіліктер пәні бойынша еңбек дауларын келесі үш топқа бөлуге болады:

- жұмыскерлер өздерінің еңбек күшін сату жағдайларын жақсартуға ұмтылған кезде – еңбек ақысын, қосымша ақысын, жеңілдіктерді, демалыс уақытын арттыру, өндірістегі тұрмыстық жағдайларын жақсарту және т.б., ал жұмыс берші мұнымен келіспейді;

- жұмыскерлер жұмыс беруші тарапынан оларға қол сұғушылық болған кезде қолданыстағы еңбек жағдайларын сақтағысы келегенде;

- заңды актілермен белгіленген құқықтарды бұзған кезде туындайтын заңды сипаттағы даулар, оларға жұмыс берушінің әкімшілігі өкілдерінің және жұмыскерлердің өздерінің еңбек заңнамасын дұрыс білмеуінен немесе әдейі құқықты мойындамауынан болатын жағдайлар себеп болады.

Әдетте, еңбек дауларының туындайтын жағдайлары болып:

- дұрыс ұйымдастырылмаған өндірістік процесс;

- еңбек ақысын төлеудің нәтижесіз жүйесі;

- жұмыс орындаумен қызмет көрсету технологиясының талаптарына және стандарттарға сәйкес еместігі, сапасыз жабдық, материалдар және құралдар және т.б. табылады.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі экономикалық жағдайда жұмыскерлер көбінесе өз құқықтарының ашық түрде қорғауды, жұмыс берушімен қақтығысқа түсуге тәуекел етпейді. «Қожайына» шағым беру жұмыскер үшін жұмыстан айырылу қауіпі бар. Сондықтан, көбінесе жәбірленушіге жұмыс берушімен дауласқаннан гөрі заңмен белгіленген

құқықтарды жүзеге асырудан бас тарту тиімдірек болады. Жұмыскердің кез келген сотқа жүгінуі (мысалы, жұмысқа қайта орналасуы, мәжбүрлі түрде жұмысқа шықпау үшін ақы төлеу) жұмыс берушімен қалаусыз және әдеттен тыс құбылыс болып қарастырылады және көбінесе мұндай «шатасу» онымен қудаланады. Заң шығарушының еңбек шарты тараптарының теңдігі туралы тезисі бүгінде әділ сынға ұшырады. Жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы қарым-қатынас іс жүзінде соңғысына бағыну негізінде құрылады [50, 109 б.].

Заңсыз жұмыстан босатылған кезде жәбірленушілер жұмысқа қайта орналыстыру туралы талаппен сотқа әр дайым жүгінбейтініне назар аудару қажет. Олар қайтадан жұмыстан босатылудың шынайылығын біледі, бірақ, басқа белгілі бір «заңды» негіз бойынша жұмыстан босатылуы мүмкін. Сондықтан жұмыстан босатылған жұмыскерге жұмысқа қайта оралудың орнына оны жоғалтқаны үшін ақшалай өтемақы төленетін тәртіпті орнатқан жөн болар еді. Бұл жағдайда заңсыз жұмыстан шығарылғандар сотқа жиі жүгінер еді, бұл өз кезегінде жұмыс берушінің олардың құқықтарын сақтауға мәжбүр етер еді.

Айта кету керек, қазіргі таңда отандық экономикада еңбек қатынастарының реттелуінің екі құқықтық режимі қалыптасқан - бюджеттік ұйымдар мен бұрынғы мемлекеттік кәсіпорындар үшін жазылған еңбек құқығы және экономиканың коммерциялық секторының жұмыскерлеріне арналған «әдеттегі» құқық. Егер бюджеттік ұйымдарда Еңбек кодексінің нормалары әлі де сақталса, онда экономиканың коммерциялық секторында ол жұмыс істемеуі мүмкін. Шағын және орта бизнес кәсіпорындарында азаматтық-құқықтық қатынастар кең таралған, ол әрине, жұмыс берушіге ыңғайлы (еңбек заңнамасында белгіленген кепілдіктердің минимумын сақтаудың керектігі жоқ).

Шағын және орта кәсіпорындар санының өсуі жалдамалы жұмыскерлердің заңды құқықтарын қорғау мәселесін шиеліністіреді. Бұл кәсіпорындарда әдетте кәсіподақ ұйымдары құрылмайды, еңбек даулары бойынша комиссия сайланбайды, яғни, жұмыскерлердің мүдделеріне өкілдік ететін және қорғайтын органдар жоқ. Заң жағынан қорғалмау, жоғары жұмыссыздық және құқықтық жағынан бейхабарсыздық адамдарды «қожайынның» кез келген шарттарын қабылдауға мәжбүр етеді. Жарамсыз шарттардың саны өсуде, демек, әлеуметтік жағынан қорғалмаған жұмыскерлердің саны өсуде. Сондықтан арнайы еңбек заңнамасының болуы объективтік қажеттілік болып табылады және одан да өзекті бола түседі.

Кеңес кезеңінде де еңбек заңнамасының бұзылуы болған және сол кезеңнің ғылыми еңбектерінде оның басты себептері де қаралғандығы байқалады. Еңбек дауларының пайда болу себептерінің бірі ретінде кей кезде жекелеген жұмыскерлер мен қызметкерлердің негізсіз талап ету нәтижесінде туындайды. Мұндай жағдайларда кездесуі мүмкін, мысалы, жұмыскер жұмысқа бір жұмыс күні ішінде үш немесе одан да көп сағат жұмыста болмайды, ол жұмыс үнемі әртүрлі себептерді айтып кешігіп жүреді, тіпті отбасылық мәселеліріні айтып жұмысқа келмейде қалады және сол үшін оны жұмыс беруші өз бастамасы бойынша жұмыстан шығарады, ал жұмыскер болса өзінің іс

әрекеттерін дұрыс деп есептеп, оны жұмысқа қайта орналастыруды талап етеді [59, 282 б.].

Жеке еңбек дауларының пайда болу себептеріне жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы келіссөздердің теріс нәтижесін жатқызуға болады, сондай-ақ, тиісті мемлекеттік органдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілер бірлестіктері және т.б. өкілеттілігін тиісінше жүзеге асыра алмағанын жатқызуға болады. Осылайша, егер мемлекеттік еңбек инспекциясы жұмыскерлердің бұзылған еңбек құқықтарын қайта қалпына келтірмесе, онда жұмыскер реттелмеген еңбек келіспеушіліктерін шешу үшін сотқа жүгінуге құқығы бар. Бұл демек, мемлекеттік еңбек инспекциясы еңбек дауының туындауын болдырмауды жүзеге асырмаған, яғни, өзінің негізгі функциясын – жұмыс берушілердің еңбек құқығы нормаларын қамтитын еңбек заңнамасын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді сақтау бойынша мемлекеттік қадағалауды жүргізуді тиісінше жүзеге асырмаған.

Еңбек дауларының пайда болу себептеріне мемлекеттегі және нақты ұйымдағы экономикалық жағдайды жатқызуға болады. Сонымен, еңбек дауларының пайда болуының бір себебі ретінде еңбек даулары санының көбеюіне тікелей ықпал еткен қазіргі таңдағы карантин мен пандемияны жатқызуға болады, сондықтан оларды сотта қарау қиындықтар тудырады.

Еңбек ақысының мөлшері жұмыс уақытының ұзақтығы сияқты, еңбек шартының елеулі шарттары болып табылады және жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы келісім негізінде ғана өзгертілуі мүмкін. Оның үстіне, сот тәжірибесі көрсеткендей, жұмыскердің келісімі бола тұра еңбек ақысын азайтуға жұмыс уақытының ұзақтығы және (немесе) еңбек міндеттерінің көлемі бір мезгілде қысқартылса ғана жол беріледі.

Егер жұмыскер еңбек ақысын азайтуына және жұмыстың қысқартылған режиміне өтуіне келіскен жағдайда, мұндай өзгерістер еңбек шартына қосымша келісіммен рәсімделеді. Бұл нұсқа тапсырыс көлемдері едәуір қысқартылған немесе басқа да себептерге байланысты жұмыскерлерді жеткілікті жұмыс көлемімен қамтамасыз ете алмаған компанияларға оңтайлы болуы мүмкін.

Айта кету керек, жұмыскерлердің келісімінсіз жұмыс беруші мұндай өзгерістерді бір жақты тәртіпте енгізе алады, егер ол ағымдағы жұмыс жағдайлары ҚР Еңбек кодексінің 46-бабының тәртібінде ұйымдастырушылық немесе технологиялық еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты себептер бойынша сақталмауы мүмкін деп негіздей алса [4].

Бұл бап, мысалы, егер пандемия және өзін-өзі оқшаулау режимі жағдайында жұмысқа бейімделу аясында компания жаңа технологияларды енгізсе және бұрын қолмен жасалған операцияларды автоматтандырса, бұл өндірістік процестерге адам ресурстарын аз тартуды болжайды. Алайда, бұл нұсқа ұзақ процедураны сақтауды талап етеді. Жұмыс беруші алда болатын өзгерістер және оның себептері туралы жұмыскерлерді 15 күн бұрын ескертуге тиіс, тек сол мерзім өткеннен кейін ғана жұмыскерлерді еңбек ақысын азайтуымен толық емес жұмыс күніне ауыстыруға мүмкіндігі бар. Бұл опция әр жұмыс берушіге сәйкес келмеуі мүмкін деп ойлаймыз, өйткені ол нақты негіздемені қажет етеді, ал пандемияның өзі «ұйымдастырушылық немесе

технологиялық еңбек жағдайларының өзгеруі» ретінде қарастырылуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмыскерлерге хабарлау үшін белгіленген екі айдан кейін пандемия жағдайында өзекті болған өзгерістер енді қажет болмауы мүмкін.

Әртүрлі билік органдарымен, оның ішінде ҚР ЕХӘҚМ және аймақтардың басшыларымен, жұмыскерлерді үйден қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыру бойынша көптеген ұсыныстар берілді. Алайда, қазіргі уақытта барлық жұмыс берушілерді өз жұмыскерлерін қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыру туралы немесе міндетті түрде жұмыскерлерге жұмыстың бос тұрып қалуын хабардар етуге міндеттейтін құқықтық актілер қабылданған жоқ.

Атап айтылғандай, жұмыскер мен жұмыс беруші жұмыскерді қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыруға байланысты еңбек шартына қосымша келісім жасай алады. Жұмыскерді қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыруға байланысты еңбек шартына жасаған қосымша келісімде жұмыскер өз лауазымы бойынша жұмыс беруші және стационарлық жұмыс орны орналасқан жерден тыс жерде жұмысты орындауға міндеттенетіні, ал жұмыс берушімен әрі қарай өзара іс-қимыл Интернет желі арқылы жүзеге асырылатыны көрсетілуге тиіс.

ҚР ЕК-нің 138-бабында бекітілгендей, жалпы ереже бойынша, қашықтықтан жұмыс істейтін жұмыскердің жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі жұмыскердің өз қалауынша белгіленеді, бірақ қосымша келісімде тараптар жұмыскердің нақты жұмыс режимін, сонымен қатар, жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы өзара әрекет ету регламенттін де келісуге құқылы (мысалға, жұмыс күнінің басталуы мен аяқталуын анықтау, атқарылған жұмыс бойынша есептерді жіберу тәртібімен мерзімдерін белгілеу және т.б.). Қосымша келісімде еңбек шартының басқа талаптары өзгертілуі мүмкін: еңбек ақысын төлеу туралы, еңбек шартының тоқтату негіздері туралы, еңбек қорғау саласындағы жұмыс берушінің міндеттерін нақтылау туралы.

Алайда, көбінесе жұмыскерлер мен жұмыс берушілер жұмыскердің қашықтықтан жұмыс істеуге ауысуын рәсімдемейді, тек ол туралы ауызша келіседі, мысалға, жұмыс беруші жұмыс уақытының есепке алу табелінде жұмыскердің жұмыста болуын тіркеуді жалғастыра береді, ал жұмыскер негізінен жұмысты үйден істейді.

Мұндай ауызша келісімде негізделген өзара әрекет ету схемасы, белгілі бір тәуекелдерді көтереді. Жұмыс беруші белгілі бір уақытта жұмыскермен қашықтықтан жұмыс істеуге келіскені туралы «ұмытып» кетуі мүмкін және туындайтын барлық зардаптармен бірге жұмыскер себепсіз жұмыста болмаған деп айтуы мүмкін (жұмыскерді тәртіптік жауапкершілікке тарту мүмкіндігі, үйде нақты жұмыс істеген уақытына еңбек ақы төлемеуі мүмкін).

Сондай-ақ, ұйым басшысына жұмысқа бармаған тұлғаларға еңбек ақы төлеу бойынша наразылық берілуі мүмкін, бұл әсіресе бюджеттік саласы үшін аса өзекті болуы мүмкін. Сондықтан жұмыскерлер мен жұмыс берушілер барлық жағдайларда қашықтықтан істейтін жұмыстар бойынша қол жеткізген келісімдердің тиісінше рәсімделуін әкімшілік жауаптылық қатерімен міндеттеу қажет.

Бүгінгі таңда, жаңа нарықтық жағдайларында еңбек дауларының пайда болуының жаңа себептері анықталуда – объективті және субъективті.

Субъективті себептер еңбек қатынастары субъектілерінің қызметіндегі кемшіліктер мен қателіктер мәселелерін сипаттайды. Объективті себептер олардың табиғатын көрсетеді.

Объективті себептер, ең алдымен елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдаймен, экономикадағы туындаған өзгерістермен, кәсіпорындардың тоқтап қалуымен және т.б. байланысты болуы мүмкін. Қазақстандық ғалым Г.Галиакбарова еңбек дауларының қайнар көздері субъективті сипаттағы факторлар болуы мүмкін деп көрсетеді. Осындай келіспеушіліктер өндірісті ұйымдастыруды, жұмыскерлер мүдделерін ескерместен еңбек процессінде бірлескен қызметін қамтамасыз ететін әкімшілік-басқару аппараты тұлғаларының қабілетсіздігінің қателіктерімен байланысты дей отырып, В.А.Зеленый және Ф.М.Абишеваның пікірін келтірген [60, 145 б.].

Егер нақты ұжымдық еңбек дауы туралы сөз етсек, онда олар келісімді, ұжымдық шартты жасасқан, өзгерткен және орындаған кезінде еңбек талаптарын белгілеу немесе оларды өзгерту бойынша туындайды.

Еңбек құқығы бойынша еңбектерде жеке және ұжымдық еңбек дауларының пайда болу динамикасындағы айырмашылықтар көрсетілген.

Ұжымдық еңбек дауы жұмыскерлердің жұмыс берушіге қойылатын талаптарын рәсімдеуден басталады, бұл тараптардың келіспеушіліктерін білдіреді.

Г.Галиакбарова өз еңбегінде еңбек дауларының себептеріне даулы тараптардың және олардың өкілдерінің келесі екі субъективті жағымсыз факторлар жатады деп қарастырып, нәтижесінде келіспеушіліктердің туындау себептерін былайшы анықтайды:

1. Жеке сананың қоғамдық санадан артта қалуы, жалпыға бірдей белгіленген мораль нормаларынан ауытқуы, бұл кейбір жұмыс берушілерде бюрократизмде, сын-ескертпелерді өз атына тыңдағысы келмейтіндігінде, жұмыскерлердің заңды мүдделері мен құқықтарын бұрмалауында көрінеді. Жекелеген жұмыскерлер тарапынан бұл себеп бос жүруге мәжбүр болғанда, мас күйінде жұмысқа келуде, және т.б., жұмыс беруші әкімшілігі тарапынан жасалған негізделген ескертулерге көнбеуінде белгіленеді. Ұжымдық еңбек дауларында жекелеген еңбек ұжымдары тарапынан бұл себеп топтық эгоизмде, өндірістік көрсеткіштермен негізделмеген жалақысын жоғарлату талаптарында белгіленеді.

2. Жекелеген басшылардың да, көптеген жұмыскерлердің де, олардың өкілдерін де еңбек заңнамасын нашар білуі немесе мүлдем білмеуі, немесе еңбек заңнамасын саналық елемеу, яғни тараптардың құқықтық мәдениетінің төмендігі. Егер басшы еңбек заңнамасын жақсы білмесе, онда ол еңбек құқық бұзушылықтарға жол береді, мысалы, жұмыскерлерді басқа жұмысқа дұрыс ауыстырмайды немесе жұмыстан шығарады және т.б. көбінесе, өкінішке орай, ұйым басшысы еңбек заңнамасын білетін, бірақ, оны саналы түрде бұзатын жағдайлар болады, өйткені, өзінің қауіпсіздігіне сенеді [61, 47-50 б.].

Сондай-ақ, мысалы, осындай себептердің арасында жұмыс берушімен жұмыскердің еңбек ақысын уақытылы төлемеу, ол жұмыс берушінің қиын экономикалық жағдайда болуынан туындайды, яғни есеп айырысу шотында

ақшалай қаржының болмау себебі. Субъективті себептер тобына көбінесе жекелеген субъектілерінің кемшіліктері мен қателіктері айқындалатын объективті заңдылықтар тұрғысынан сипатталмаған қайшылықтар жатады. Субъективті себептерге құқықтық норманы дұрыс түсіндірмеу жатады (ұжымдық, еңбек шарттарының шарттары,); жұмыскер мен лауазымды тұлға арасындағы ішкі тұлғалық қақтығысқа байланысты жұмыскердің еңбек құқығын бұзу.

Еңбек дауларының пайда болуының себептеріне бұрын соңды болмаған жаңа жағдайлар, жалпы мемлекеттегі жағдай жатады. Инфляцияның жоғары деңгейі, нарық жағдайдағы экономикалық қатынастарының шаруашылық заңдарына қарсы реттелуі жұмыскерлердің үнемі кедейленуіне, олардың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне апарады, бұл өз кезегінде жалдаушы көбінесе жүзеге асыра алмайтын жұмыскердің еңбек ақысын көтеру қажеттілігін тудыруға әкеледі. Бұл, өз кезегінде, заманауи қоғамдағы жалдаушы мен жұмыскер арасындағы еңбек дауларының пайда болуының негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Жұмыссыздықтың өршіп тұрған кезінде, қызмет пен тауарлардың бағасының үнемі өсу жағдайында өмір сүре алатындай, қалыпты және жақсы еңбек ақы үшін көптеген адамдар әртүрлі қолайсыздықтарға төзімдік білдіреді. Жеке еңбек дауының шарттары мен себептері – бір бірімен тығыз байланысты және бір бірінен ажыратылмайтын, тек жиынтық құрамында ғана еңбек дауын тудыратын және еңбек құқығының жалпы және арнайы қағидалар негізінде қарастырылатын ұғымдар.

Біздің ойымызша, еңбек дауларының пайда болуының себебі тараптардың мүдделерінің бастан келісім таппауында. Жұмыскердің мақсаты – жоғарғы жалақы алу, жұмыс берушінің – көп пайда табу мақсатында еңбек үшін мүмкіндігінше аз жалақы төлеу. Осы жағдайда елімізде енді ғана қалыптасып келе жатқан әлеуметтік әріптестіктің сенімді және әрекетті тетігі қажет. Жұмыскерлер де жұмыс берушілер сияқты құқықты келіспеушіліктерді шешу мен келісімге қол жеткізудің күшті құралы ретінде қабылдауға үйренбеген [29, 108 б.]. Жұмыс беруші жауапкершілігінің әрекетті тетігі жасалмаған, еңбек құқық бұзушылықтарын анықтау бойынша құқықтық ықпал ету жоқ, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық әрекет ету жұмыс істемейді.

Еңбек заңнамасының бұзылуы өтпелі кезеңде, меншіктің өзгеруі, шағын және орта кәсіпорындардың өсуі оларда кәсіби ұйымдардың, жұмыскерлердің мүдделерін қорғауға қабілетті еңбек ұжымдарының өкілдерінің болмауына байланысты жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау проблемасын ушықтырған кезде өсті.

Жұмыс беруші - меншік иесінің жеке басқаруымен жеке меншік нысаны еңбек шартының тараптарының теңдігін ешқалай да қамтамасыз ете алмайды, әсіресе оны жүзеге асыруда, өйткені жұмыскер онымен өзімен өзі қалғанда, сөзсіз тәуелді жағдайда болады. Бұл тиісті еңбек шартын дұрыс емес нысанда жасасу, еңбек кітапшасын рәсімдемеу, еңбек шартын азаматтық – құқықтық шарт ретінде немесе белгісіз мерзімге бекітетін шарттың барлық негіздері бола тұра тек мерзімді шарт ретінде рәсімдеу. Нәтижесінде – кез келген кезде еңбек

ақыны төлемеу немесе төлеуді тоқтату, еңбек заңнамасымен байланысты кепілдіктер мен жеңілдіктерден айыру, жұмыскерге оның жағдайын нашарлататын жағдайлар жасау және т.б.

Тағы бір басқа мәселе – еңбек қауіпсіздігін сақтамау салдарынан жарақаттану, еңбек жарақаттары көбейді. Сондай-ақ, тиісті ақы төлемей үстеме жұмыстарға тарту арқылы еңбекті шамадан тыс пайдалану. Белгіленген нормадан асатын жұмыс уақытын белгілеу фактілері де кездеседі. Егер заңнамада еңбек қатынастарына қатысушылар арасындағы әлеуметтік шиеленісті «жеңілдету» тетіктері жоқ екенін ескеретін болсақ, онда қазіргі уақытта қызметкер қандай жағдайға тап болғанын елестету керек.

Жеке еңбек дауларының пайда болуының себептерінің бірі өз кезегінде жұмыс берушілер, жұмыскерлердің өкілді ұйымдары және атқарушы билік органдары жүзеге асыратын әлеуметтік серіктестіктің маңызды нысаны ретінде әлеуметтік топтардың, азаматтық қоғам шеңберіндегі институционалдық құрылымдардың әлсіз ынтымақтастығы болып табылатынын атап өткен жөн.

Азаматтық қоғамның бір уақытта өзгеруі, оның жаңа институттарының құрылуы, демек, қазіргі уақытта әлеуметтік жүйенің басқа элементтерімен өзара байланыста дербес жүйе ретінде ұжымдық-шарттық процеске арналған зерттеулер қажет [62, 9 б.].

Жалдамалы жұмыскерлер мен олардың ұжымдарының кәсіпорындарды басқаруға қатысу принципі кәсіпорындарда өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру мен басқарудың жаңа жағдайларын ескере отырып, қазіргі жағдайды едәуір түзетуді қажет етеді. Егер іс жүзінде еңбек ұжымы өндірісті басқару бойынша ешқандай нақты құқықтарға ие болмаса, бұл жағдайға қажеттілік ұлғаяды, Олар туралы еңбек заңнамасында ештеңе айтылмаған.

Алайда, еңбек дауларының пайда болу себептері қандай болса да, ол жеке болсын, ұжымдық сипатта болсын, олардың бастауы тараптардың келісімге келуге ықпалының болмауында. Егер қолданыстағы заңнамасы еңбек дауларының пайда болуын жоюға бағытталған болса, онда еңбек дауына «айналмай-ақ», барлық еңбек келіспеушіліктер тараптар арасындағы келіссөз арқылы шешілетін еді.

Сонымен, мемлекеттің экономиканы тікелей реттеуден кетуімен және әлеуметтік салада мемлекеттік кепілдіктердің көлемінің күрт қысқаруымен сипатталатын нарықтық қатынастар жағдайында жұмыс берушілердің жауапкершілігі артып қана қоймай, сонымен бірге, жұмыскерлердің еңбек заңнамасын біліп қолдана алу, өзінің еңбек құқықтары мен міндеттерін білу, өз әрекеттерінің заңды жауапкершілігін сезіну, ал еңбек даулары туындаған кезде – өзінің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғай алу мақсатында оқыту мәселесі өзекті болып табылады. Жұмыскерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру, түсіндіру жұмыстары, заңдылықты сақтау еңбек дауларының негізгі себептерін жоюға көмектеседі.

Сонымен, жоғарыдағы айтылғанның негізінде келесі қорытынды жасауға болады, еңбек дауының шарттары мен себептерінің жиынтығы еңбек дауын туындатады. Еңбек дауының пайда болу шарттары нақты еңбек дауларында нақты себептерге айналады. Еңбек даулары көбінесе бірнеше шарттар мен

себептердің үйлесімі нәтижесінде пайда болады. Дауды қарау жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарау жөніндегі органдар қызметінің негізгі бастаулары мен бағыттарын айқындайтын жалпы қағидалар мен идеялар негізінде жүргізіледі.

1.3 Еңбек дауларын сотта қараудың заңнамалық дамуы

Қазақстан Республикасында жеке және ұжымдық еңбек дауларының пайда болуы, біріншіден, өнеркәсіптің қалыптасуымен, жалдамалы еңбектің пайда болуымен, екіншіден, жұмыс берушілер мен жалдамалы жұмыскерлердің өз мүдделерінің қарама-қайшылығын түсінумен және үшіншіден, олардың қолданыстағы еңбек туралы заңнамасында белгілеуімен байланысты болды.

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы еңбек құқығының қайнар көздерінің арасында жоғары заңдық күші бар негізгі заң болып табылады [3], сонымен қатар, еңбек құқығы жүйенің негізгі ережелерін белгілейтін және құқықтың барлық салаларына, оның ішінде еңбек құқығына тән бастапқы бастауларды бекітетін тікелей іс-қимыл құжаты болып табылады.

Қазақстанда еңбек қатынастары ҚР Еңбек кодексінің ережелерімен ғана емес, сонымен қатар арнайы заңнамалық актілермен (мемлекеттік қызмет туралы, құқық қорғау қызметі туралы және т.б.) реттеледі. Еңбек дауларын сотта қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінде және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде айқындалады. Сонымен қатар, Жоғарғы соттың 2017 жылғы 19 қазандағы № 9 нормативтік қаулысы қолданылады.

Еңбек дауларын қарау барысында, соттар еңбек қатынастары мен азаматтық-құқықтық қатынастарды айыра білу керек. Еңбек қатынастарының сипаты дегеніміз - жұмыскер белгілі бір кәсіп, біліктілік, белгілі бір лауазымда ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес белгілі бір жұмысты орындайтын жағдай, ал жұмыс беруші жұмыскерге жалақы төлейді және еңбек заңнамасында белгіленген еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді.

Соттар бұзылған еңбек құқықтарын қалыпына келтіріп қана қоймай, сондай-ақ осындай бұзушылыққа әкеп соққан себептер мен жағдайларды анықтайды және болашақта бұзушылықты жою және алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізеді. Сот мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен лауазымды адамдардың атына заңнаманы бұзуын жою керектігі туралы, еңбек заңнамасының бұзылуына әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою туралы арнайы қауылы шығаруы мүмкін [63].

Қазақстан Республикасының тәуелсіз және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасу барысында еңбек заңнамасының хронологиялық даму кезеңдеріне талдау жасай отырып, оның жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап, құқық қолдану практикасының жай-күйіні сәйкес қабылданған заңдардың қабылдану деңгейі мен өңделуіне қатысты талдау жасау болып табылады [64, 95-96 б.].

Осылайша, біз Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының (бұдан әрі-ҚазКСР), сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан кезеңінде еңбек дауларын реттейтін

мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің хронологиясын ұсындық және оларды 1-кестеде орналастырдық.

Кесте 1. Еңбек даулары туралы нормативтік-құқықтық актілердің тарихи дамуы

| Қабылданған уақыты | Нормативтік-құқықтық актінің атауы | Қысқаша сипаттама |
|---|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғанға дейін | | |
| 1918 жыл 10 желтоқсан | КСРО-ның Еңбек туралы заңдар кодексі | Еңбек дауларын шешудің екі әдісі қолданылды: тепе тең татуластыру арқылы шешу және дауларды әкімшілік сот арқылы шешу. Аталған кодексте еңбек дауларын шешу тәртібі туралы арнайы тарау болған жоқ. Кодексте еңбек дауларын шешу үшін арнайы органдарға, мысалы, жергілікті және облыстық еңбек бөлімдеріне, кәсіподақ органдарына жүгіну мүмкіндігін көздейтін нормалар ғана қамтылған болатын. |
| 1922 жыл 11 қараша | РКФСР-дың Еңбек туралы заңдар кодексі | Бұл еңбек қақтығыстарын шешуге және еңбек заңдарын бұзу туралы істерді қарауға байланысты барлық іс жүргізу қатынастары еңбек туралы заңнаманың пәні болып болып табылды. Бұл кодексте еңбек дауларын шешудің екі тәсілі қолданылды: татуластыру-аралық сотта іс қарау тәртібімен; мәжбүрлі сот талқылауы тәртібімен қарау. |
| 1928 жыл 29 тамыз | Еңбек қақтығыстарын қолдану - татуластыру - аралық және сотта қарау туралы Ережелері | Осы жылдан бастап жеке еңбек дауларын сотқа дейін шешу жүйесінің қалыптасқанын мойындау керек. Еңбек дауларын қараудың әкімшілік тәртібі де қарастырылған, оған сәйкес еңбек дауларын жоғары лауазымды тұлғаның бағыныштылығына қарай шешу тәртібі белгіленген болатын. Бұл тәртіп жұмысшылардың белгілі бір санаттары үшін белгіленді, олардың тізімін еңбек Халық Комиссариаты Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Кеңесімен келісе отырып бекітті. Тізбеге енген лауазымды адамдардың белгіленген еңбек жағдайларын қолдануға байланысты жеке еңбек дауын шешу үшін татуластыру комиссиясына немесе сотқа жүгінуге құқығы жоқ. Мұндай даулар арнайы, ведомстволық әкімшілік тәртіппен қаралды. Еңбек дауларын қарауының үш түрі белгіленген: сот, татуластыру-аралық және әкімшілік (бағынушылық тәртібімен). |
| 1957 жыл 31 қаңтар | «Еңбек дауларын қарастыру тәртібі туралы Ереже» КСРО ЖК Президиумының Жарлығы | Еңбек дауларын қарайтын арнайы органдар құрылды, жеке еңбек дауларын шешудің белгілі бір тәртібі белгіленді. Жеке еңбек дауларын қарау және шешуге арнайы өкілеттіліктері бар органдар құрылды. Атап айтатында, еңбек даулары жөніндегі комиссия; фабрика, зауыт, жергілікті комитет; халық соты. |
| 1971 жыл 9 желтоқсан | РКФСР-дың Еңбек туралы заңдар кодексі | Аталған заң еңбек заңнамасының негізгі ережелерін қайталады. Оған бірнеше мәрте өзгерістер мен толықтырулар жасалды. Уақыт өте келе заң өз күшін жойды. |

Кестенің жалғасы

| | | |
|---|--|--|
| 1974 жыл 20 мамыр № 6006-VIII | «Еңбек дауларын қарау тәртібі туралы Ереже» КСРО-ның ЖК Төралқасының Қаулысы | 1971 жылы 9 желтоқсанда қабылданған Еңбек туралы заңдар кодексіне қосымша ретінде қабылданған |
| 1989 жыл 9 қазан № 580-I | «Ұжымдық еңбек дауларын (қақтығыстарын) шешу тәртібі туралы» КСРО Заңы | Заң бір жағынан кәсіпорында, мекемеде, ұйымда еңбек пен тұрмыстың жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларын белгілеу немесе қолданыстағыларын өзгерту, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар әкімшілігі мен екінші жағынан еңбек ұжымы (бөлімше ұжымы) немесе кәсіподақ арасында ұжымдық шарттар мен өзге де келісімдер жасасу және орындау мәселелері бойынша ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) шешу тәртібін реттеді. |
| 1991 жыл 11 наурыз № 2016-1 | «Жеке еңбек дауларын шешу тәртібі туралы» КСРО Заңы | Жеке еңбек дауларын қарау тәртібі белгіленді. Ұйымдарда еңбек даулары жөніндегі комиссияларды құру тәртібі, олардың мүшелеріне қойылатын талаптар мен сайлау тәртібі және еңбек даулары бойынша шығаратын шешімдеріне байланысты болды. КСРО мемлекеттік билігі мен басқарудың жоғарғы органдары лауазымына сайланатын, бекітілетін немесе тағайындалатын басқарушы қызметкерлердің даулары мемлекеттік билік пен басқарудың жоғары тұрған органдарымен қаралатын, яғни еңбек дауларын қарайтын жұмыскерлер категориясының тізбесі жойылған. |
| Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап | | |
| 1992 жыл 4 маусым № 252 | «Ұжымдық шарттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | Заң ұжымдық шарттарды әзірлеудің, жасасудың және орындаудың жалпы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындады, онда осы Заңның 11-бабында ұжымдық шарттарды жасасу және орындау кезінде туындаған дауларды шешу сипатталған болатын. Ұжымдық шарттарды жасасу және орындау кезінде туындаған даулар заңнамаға сәйкес шешілді. |
| 1996 жыл 8 шілде № 20 | «Ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | Заң ұжымдық еңбек дауларын шешу тәртібі мен әдістерін, сондай-ақ ереуіл жасау құқығын жүзеге асыру тәртібін реттейтін құқықтық негіздерді белгіледі. |
| 1999 жыл 10 желтоқсан № 493 | Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы Заң | Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы еңбек қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық акт болып табылады. Бұл аталған нормативтік құқықтық акт еңбек туралы заңдарды қолдану мәселелері бойынша жұмыс беруші мен қызметкердің арасындағы келіспеушіліктерді реттейді. Осылайша еңбек дауы туралы ұғым алғаш рет бекітілді. |
| 2000 жылы 6 ақпан № 37-п | ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Келістіру комиссияларының еңбек дауларын қарау тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы | Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы заңының 97-бабы Еңбек дауларын қарау тәртібі, 98-бап Еңбек дауларын қарайтын органдар және оларды қарау тәртібі, 100-бап Еңбек дауларын қарау тәртібі, шешімінің қабылдануы мен орындалуы 101-Қызметкерлерді еңбек істері бойынша сот шығындарын төлеуден босату мәселелеріне қатысты аталған баптарды дәл қолдану және еңбек дауларын қарау тәртібін реттеу мақсатында қабылданды |

Кестенің жалғасы

| | | |
|---------------------------------------|--|--|
| 2007 жыл 15 мамыр № 251 | Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі | Тәуелсіз Қазақстанның тарихында алғаш рет еңбек кодексі қабылданып, жеке және ұжымдық еңбек дауларының қаралу тәртібі, жеке еңбек дауларын сотқа дейін келісу комиссиясына ал, ұжымдық еңбек даулары татуластыру комиссиясына жүгіну міндетті саты ретінде қарастырылды. |
| 2011 жыл 6 қаңтар № 380-IV | ҚР Құқық қорғау қызметі туралы Заңы | Аталған заң құқық қорғау қызметкерлеріне қатысты еңбек дауларын сотта қарау барысында негізге алынады. |
| 2011 жыл 28 қаңтар № 401-IV | Қазақстан Республикасының Медиация туралы Заңы | Жеке және ұжымдық еңбек дауларын сотқа дейін жұмыс беруші мен жұмыскердің ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында дауды реттеу рәсімі. |
| 2015 жылы 31 қазан № 411 | Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі | Аталған кодекс жеке және ұжымдық еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық тәртібіне негізделеді. 1999 жылы алған рет қабылданған кодекс өз күшін жойып, 2015 жылғы 31 қазанда № 411 жаңа мәтіндегі кодекс енгізілді. |
| 2015 жыл 18 қараша № 410-V ҚРЗ. | ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы Заңы | Еңбек дауларын сотта қарау процесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтарды даулау барысында негізге алынады. |
| 2015 жылы 23 қараша № 416-V ҚРЗ | Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңы | Мемлекеттік қызметшілерге қатысты еңбек дауларын сотта қарау процесінде негізге алынады. Аталған заң екі мәрте қабылданып, 1999 жылы 23 шілдедегі № 453 заңының күші жойылып, 2015 жылы 23 қарашада № 416-V ҚРЗ жаңадан қабылданды. |
| 2015 жыл 30 қараша № 906 | ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Ұжымдық еңбек дауларын есепке алу нысанын бекіту туралы» бұйрығы | 2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР Еңбек кодексінің 16 бабының 39 тармақшасына сәйкес, ұжымдық еңбек дауларының есеп нысанын бекітеді және дайындайды. |
| 2015 жыл 25 желтоқсан № 1018 | ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Еңбек төрелігі туралы үлгілік ережені бекіту туралы» бұйрығы | Еңбек кодексінің нормаларын белгілейді және толықтырады, 2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР Еңбек кодексінің 16 бабының 21 тармақшасына және 16 тарауға сәйкес ұжымдық еңбек дауларын қарау барысында негізге алынады. |
| 2017 жылы 6 қазанда № 9 | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысы | Бұл нормативтік қаулы екі рет қабылданды: 1) 2003 жылы 19 желтоқсанда қабылданған қаулы 2017 жылы өз күшін жойған. 2) жаңадан қабылданған нормативтік қаулыда Ол бұрын болған ұйымдастыру жүйесіне және жеке еңбек дауларын қарау тәртібіне белгілі бір өзгерістер енгізді. Соттардың еңбек заңнамасының нормаларын қолдану практикасының біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ еңбек даулары бойынша істердің санаттарын қарау кезінде соттарда туындайтын мәселелерді ескере отырып құрамдас акті ретінде қолданылады. |

Осылайша, жоғарыда келтірілген нормативтік құқықтық актілердің қысқаша сипаттамасы еңбекті құқықтық реттеу мүмкіндіктерін бағалауға, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Енді еңбек

дауларын реттейтін Қазақстан Республикасының негізгі заңдарына толығырақ тоқталайық.

«Әлеуметтік әріптес ретіндегі мемлекеттің ролі» деген еңбегінде М.А.Рахимова XX ғасырды әлеуметтік тұрғыда әділетсіз, еңбек қатынастарында теңсіздікке жол беретін дәуір болғандығын, сонысымен тұрмай өзара бейбіт келісімдерге келуді тудырған уақыт екенін суреттейді. Сол кезеңнен қалған дәстүрлі құндылықтар еліміздегі әлеуметтік әріптестік пен еңбек қатынастарын нарық задылығына сәйкес құруға мүмкіндік берді және қазіргі уақытта уақыттың сын-тегеуріндеріне жауап бере алды, еңбек қатынастарының өркениетті түрде дамуына ықпал етті деп көрсеткен [65, 99 б.].

Осыған қарамастан кеңестік кезеңдегі жүргізілген ішінара реформалардың сол кезеңдегі әміршіл-әкімшіл жүйені өзгертуі мүмкін емес еді. Еліміздің тәуелсіздік алуымен байланысты жүргізілген экономикалық реформалардың нәтижесінде экономиканы жекешелендіру, оның жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшуіне жол ашу мүмкіндіктерін берді. Бұл жағдай да қиындықсыз болмағанына куәміз, нәтижесінде жаппай тапшылық, экономикалық итермелеу жоқтың қасы, әлі күнге дейін күшінде отырған экономикалық масылдық белең алды. Мұндай жағдайда 1972 жылы қабылданған ҚазКСР еңбек кодексі өз күшін сарқығанын байқалды және ол тәуелсіз елдің жаңаша еңбек заңнамасының қалыптасуының алды болды.

2000 жылдың 1 қаңтарнан бастап «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Заңның күшіне енуіне байланысты осы заңда алғаш рет еңбек дауы ұғымын бекітті. Заңның 1-бабына сәйкес, еңбек дауы – еңбек туралы заңнаманы қолданылу мәселелері бойынша бұрын қызметкер (қызметкердің өкілі) мен жұмыс беруші (жұмыс берушінің өкілі) реттелмеген жеке еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарын орындау туралы қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы келіспеушілік [66]. Заңның 11-тарауы еңбек даулары деп аталды. Ол 97-101-баптар аралығын қамтыды.

Заңның 97-бабы еңбек дауларын қарау тәртібін қарастырды, оған сәйкес еңбек даулары тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралды [66]. Еңбек дауларын сотта қарау тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді делінген. Заңның 98-бабына сәйкес, тараптардың келісімімен еңбек дауларын келісім комиссиясы қарауы мүмкін. Заңның 99-бабына сәйкес, Келісім комиссиясы тараптардың бірлескен шешімі бойынша жұмыс берушілер мен қызметкерлердің саны тең өкілдерінен тепе-тең негізде құрылды. Қызметкерлердің өкілдері келісім комиссиясына ұйымның жалпы жиналысында (конференциясында) сайланды, ал жұмыс берушінің өкілдері ұйым басшысымен тағайындалатын. Келісім комиссиясы өз құрамынан комиссияның төрағасы мен хатшыны сайлайды [66].

Бұл ретте, егер келісім комиссиясында жеке еңбек дауларын қарау тәртібі тек еңбек заңнамасымен реттелетін болса, онда оларды сотта қарау тәртібі азаматтық іс жүргізу кодексімен реттелетін болды [67, 202 б.].

Заңның 100-бабына сәйкес, келісім комиссиясы арыз берушінің өтінішін ол берілген күннен бастап үш күн мерзім ішінде қарастыратын. Оны қарау нәтижелері бойынша келісім комиссиясының шешімі қабылданып, ол арыз

берушіге берілетін. Келісім комиссиясының арыз берушінің талабын қанағаттандырған шешімін қарсы тарап үш күн мерзімде орындалатын.

Қызметкерлер Заңның 101-бабына әйкес еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша сотқа жүгінген жағдайда мемлекет кірісіне сот шығындарын (мемлекеттік баж бен істің қаралуына байланысты шығыстарды) төлеуден босатылуы қажет [66].

1992 жылдан 2007 жылдар аралығында Қазақстанда 1992 жылғы 4 шілдедегі «Ұжымдық шарттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1996 жылдан 2007 жылдар аралықтарында 1996 жылғы 8 шілдедегі №20-1 «Ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қолданылғанын атап өту керек. Алайда аталған заңдар 2007 жылғы 15 мамырдағы №252 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің қабылдануына байланысты күштері жойылды.

2003 жылы еңбек дауларын соттармен қарау мен шешу кезінде заңнаманың кейбір нормаларын сот практикасында біркелкі қолдану мақсатында 2003 жылы 19 желтоқсандағы №9 «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының Нормативтік қауылысы қабылданды, бұл құжат қазіргі таңда қолданыстағы 2017 жылы 6 қазанда №9 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының жаңа Нормативті қауылысын қабылдауымен өз күшін жойды [68]. Біз бұған диссертациялық жұмыстың екінші бөлімдегі «Еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктерінде» толығырақ тоқталатын боламыз.

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының қауылысы еңбек қатынастары саласында қазіргі таңда болып жатқан өзгерістерге жауап бермейді және уақыт өте келе мүлдем маңыздылығын жоғалтуы мүмкін. Арнайы нормативті құқықтық актілермен реттелмеген құқықтық қатынастардан туындайтын еңбек дауларын қарау кезінде соттар Еңбек кодексінің нормаларын басшылыққа алуы қажет.

2000 жылдан бастап 2008 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанда 2000 жылы 15 ақпанда қабылданған №37-п Келістіру комиссияларының еңбек дауларын қарау тәртібі туралы Нұсқаулық қолданыста болды, аталған нұсқаулық Қазақстан Республикасының еңбек және әлеуметтік қорғау Министрінің 2008 жылы 17 қантарда шығарылған №16-о бұйрығымен күші жойылған [69].

Нұсқаулыққа сәйкес «жеке еңбек дауы дегеніміз - қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек туралы заңдарды қолдану мәселелері жөніндегі, жұмыс беруші (жұмыс беруші өкілі) мен қызметкер (қызметкер өкілі) арасында бұрын реттелмеген жеке еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарын орындау туралы келіспеушіліктер. «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабына сәйкес еңбек даулары тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралады» делінген.

Қазақстан Республикасының еңбек және әлеуметтік қорғау Министрінің бұйрығында берілген ұғым жеке немесе ұжымдық болсын еңбек дауларының мазмұнын ашпайды. Оның үстіне күрделі ұғымның мазмұнын заңға тәуелді актілердің деңгейінде ашуға тырысу тек қана Еңбек туралы заңның

жетілмегендігі ғана емес, сонымен қатар еңбек саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілердің жетілмегендігін білдіреді.

Қазақстан Республикасының саяси тарихында алғаш рет қабылданған Еңбек туралы заңы еңбек қатынастарын толыққанды реттей алмады десек болады. Сондықтан да, тәуелсіз Қазақстан Республикасына еңбек қатынастарын жүйеленген түрде реттейтін жаңа заңның қажеттілігі туындады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында еңбек дауларын құқықтық реттеу еңбек қатынастары саласында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сонымен, біздің еліміздегі заңмен белгіленген еңбек дауларын шешу тәртібі жұмыскерлердің еңбек құқығының қорғаудың басты құралдарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабының 2-тармағына сәйкес әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарауды реттейтін аса маңызды нормативті құқықтық актілерінің қатарына Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі кіреді.

Қазақстан Республикасында еңбек кодексі екі мәрте қабылданған болатын. Оның алғашқысы 2007 жылы 15 мамырында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің қабылдануымен белгіленеді, аталған кодекс өз күшін жойып, оның орнына екінші мәрте 2015 жылғы 23 қарашасында жаңа ҚР ЕК қабылданған еді [4].

2007 жылдың 15 мамырында қабылданған ҚР Еңбек кодексінің күшіне енуімен Қазақстан Халықаралық Еңбек Ұйымының талаптарын ескере отырып, қабылданған заманауи нормативті құқықтық актіге ие болды. Бірақ, мойындауымыз керек, 2007 жылғы жаңа ҚР ЕК қабылдануы еңбек қатынастарын реттеуде өз бетінше барлық мәселелерді шешті деп айтуға болмайды. Сол кездегі салыстырмалы түрде алғаш қабылданған кодекске үнемі өзгерістер мен толықтырулар енгізу процестері (және олар алпыстан астам болған) мұны растағаны анық.

Е.Н.Нургалиеваның пікірінше, қолданыстағы қазақстандық еңбек заңнамасы (әңгіме 2007 жылғы ҚР ЕК туралы-автордың ескертпесі), өкінішке орай, еңбек қатынастарын икемді реттеу қажеттілігі, жұмыс берушілерді ынталандыру, кәсіпкерлікті (ірі, орташа және шағын ретінде) дамытумен бар жұмыс орындарын барынша сақтауға ұмтылу арасындағы терендеген қарама-қайшылықты жеңе алмады [70, 31 б.].

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Еңбек кодексінде алғаш рет жеке және ұжымдық еңбек дауларын қараудың жекелеген тәртібі белгіленді. Жеке еңбек дауларын тараптардың өтініші бойынша келісім комиссияларында немесе тікелей сотқа жүгіне алатын болды. Заңда ұжымдық еңбек дауларын қараудың сотқа дейінгі тәртібі, оның ішінде медиациялық рәсімдер белгіленді. Аталған заң еңбек қатынастарын толыққанды жауап бере алмады. Заңға жыл сайынғы еңгізілген көптеген өзгерістер мен толықтырулар жаңа заңның қабылдануының қажеттілігінің дәлелі бола білді. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Парламентінің жаңа еңбек заңнамасын дайындау, құқықтың басқа салаларының (бюджеттік, салық және т.б.) әдістерін қолдануымен кешенді көзқарас негізінде құқықтық реттеуді онтайландыру міндеті тұрды.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды күшіне енген ҚР жаңа Еңбек кодексінің ерекшелігі жеке еңбек дауларын қарау және шешу барысына біршама өзгерістер енгізді. Жеке еңбек дауларын міндетті түрде келісу комиссияларында қаралатындығы және ол сотқа дейінгі міндетті саты болып табылды [4]. Заңның тағы бір ерекшелігі келісу комиссиясын құру жұмыс берушінің негізгі міндеттеріне кіргізді. Және де жеке еңбек даулары бойынша келісу комиссияларына жүгінбейтін субъектілердің де тізімін енгізді.

Біздің пікірімізше, үнемі заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе заңды жаңадан қайта қабылдау бұл барлық еңбек дауы саласындағы проблеманы шешпейді. Мемлекет қазіргі кезде мәселелерді шешуде дифференциалдық және сонымен бірге сараланған көзқарастың қажеттілігі туралы ойланбайды және осылайша өздігінен от шығатындай жағдай тудырып отыр деген А.М.Куреннойдың пікірін дұрыс деп санаймыз. Мемлекет еңбек қатынастарын реттеуге шамадан тыс араласудан аулақ бола отырып, көбінесе жұмысшыларды жұмыс берушімен бір-бірімен өздерін жалғыз қалдырады [71, 103 б.]. Мүмкін, қалыптасқан жағдайды түсіндіру ретінде келесі пікірді келтіруге болады, ол Қазақстан үшін де өзекті болып табылатын, «..... біздің мемлекет өзінің толыққанды билікке ие болуын құрбан етеді, өйткені, қоғамның жағдайы үшін жауапкершілікті саналы түрде өзіне алады және осы жауапкершіліктің ауыртпалығын жұмыс берушілерімен, кәсіподақтармен және қоғамдық ұйымдармен бөліскісі келеді. Жұмыс берушілер кәсіподақтардың талаптарын қысқартудың орнына толық және осыған жақын жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету қағидасын қолдауға келіседі» [72, 94 б.].

Қазақстанда заңды күшіне 2016 жылдың 1 қаңтарында енген ҚР Еңбек кодексі [4], жеке еңбек дауларын қарау тәртібін өзгертті. Бұрын жеке еңбек даулары келісу комиссияларында немесе сотпен қаралатын. Келісу комиссиясы, егер тарап келісу комиссиясына жүгінуге ниет білдірсе, еңбек дауы тарапының өтініші бойынша дауды қарайды. Енді заңмен жеке еңбек даудың келісу комиссиясымен қарауы міндетті болып табылады. Яғни бұрын жұмыскер жеке еңбек дауы бойынша я келісу комиссиясына немесе сотқа жүгіну құқылы болса, қазіргі таңда ол міндетке айналды. Келісім комиссиясы ҚР заңнамасымен көзделген татуластыру комиссиясы сияқты ұйымдарда, оның филиалдарында және өкілдіктерінде жұмыс берушімен жұмыскерлердің өкілдерінің саны тепе тең негізде құрылатын тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Қазіргі уақытта келісу комиссиясы жеке еңбек даулардың барлық категориясын шешуге құқығы бар жеке еңбек дауларын реттеу үшін міндетті сотқа дейінгі орган болып табылады. Комиссиядағы даулардың қарау мерзімі – 15 жұмыс күні. Бұрынғы заңнама бойынша мерзім өтініш берілген күннен бастап 7 күнді құрады [73, 85-93 б.].

Осылайша, 2020 жылдың 7 шілдесінде ҚР Еңбек кодексіне өзгертулер мен толықтыру ретінде жеке еңбек дауларын қарау тәртібі енгізілді. Атап айтатын болсақ ҚР ЕК 159-бабының 1-тармағына жұмыс берушілер мен микрокәсіпкерлік субъектінің, жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын коммерциялық емес ұйымның жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органының басшысы, сондай-ақ

заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек даулары - келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды.

Еңбек кодексінде айқындалған тәртіппен жеке еңбек дауларын қарау үшін келісу комиссиясын құру туралы талап еңбегі Қазақстан Республикасының арнайы заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттелетін жұмыскерлердің жекелеген санаттарына, оның ішінде әскери қызметте тұратын жұмыскерлерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайды.

Соттар жеке еңбек дауын қарау процесінде жұмыскерлердің даулы мәселеге байланысты шағымданған да тиісті сатыда (келісу комиссиясы) қаралмағандығын негізге ала отырып, істерді кері қайтару туралы ұйғарым шығаратын. Ал, жұмыскерлер тарапынан мекемеде ондай келісу комиссиясының құрылмағандығын және ондай келісу комиссиясы туралы естімегендігін негіздейтін. Жұмыс берушілер тарапынан, біз келісу комиссиясын құруға міндетті емеспіз. Себебі Еңбек кодексінде жұмыс берушілердің негізгі міндеттерінің бірінде аталмағандығын негізге алып келді. Бұл аталған мәселе 2020 жылдың 7 шілдесінде ҚР ЕК енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес өз шешімін тапты деп есептейміз. ҚР ЕК 23-бабының 2 тармағының 26) тармақшасына сәйкес жұмыс берушінің негізгі міндеттерінің біріне келісу комиссиясын құру енгізілді.

ҚР Медиация туралы 2011 жыл 28 қаңтар № 401-IV Заңы қабылданды [74]. Жеке немесе ұжымдық еңбек дауларын шешудің балама рәсімі ретінде қолданылады. Бірақ еңбек дауларын медиациялық рәсіммен қарау сот тәжірибесінің статистикалық мәліметтерінде аз көрсетіледі. Себебі, егер еңбек дауы бойынша тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде медиация рәсімі мүлдем қолданылмайды.

Қаралып отырған еңбек дауы бойынша медиация туралы шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ келісу комиссиясы болмаған жағдайда, ол құрылғанға дейін мерзімнің өтуі тоқтатыла тұрады. Осылайша, барлық ұйымдарда еңбек дауларын сотқа дейін қарау үшін келісу комиссиялары құрылуы тиіс.

Келесі тоқталатын нормативтік құқықтық акті ол, Қазақстан Республикасының Құқық қорғау қызметі туралы 2011 жыл 6 қаңтар № 380-IV заңы [75] болып табылады. Аталған заң соттардың құқық қорғау органының қызметкерлеріне қатысты еңбек дауы туындаған жағдайда негізгі алып қарайды. Ал, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы 2015 жылғы 23 қарашада № 416-V ҚРЗ заңы [76] қабылданды. Заң сотта мемлекеттік қызметшілерге қатысты еңбек дауын қарау барысында негізге алынады.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ заңы [77] қабылданды. Аталған заңның 12-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді

жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдардың, сондай-ақ көрсетілген функцияларды орындауға уәкілеттік берілген кандидаттар болып табылатын адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасағаны үшін лауазымнан шығаруға (лауазымнан босатуға) әкеп соғады, оларды сақтамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайда, олардың мемлекеттік қызметті немесе өзге де тиісті қызметті тоқтатуы үшін негіз болып табылады делінген. Яғни сотта осыған қатысты еңбек даулары да қаралады.

Осыдан кейін, Қазақстан Республикасының денсаулық және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1018 «Еңбек төрелігі жөнінде Үлгілі ережені бекіту туралы» бұйрығы шығарылды [78].

Еңбек төрелігі – бұл нақты еңбек дауын шешу үшін құрылған уақытша орган [79, 91-110 б.]. ҚР Еңбек кодексінің 166-бабының 9-тармағы ұжымдық еңбек дауы тараптарының еңбек төрелігінің шешімі орындалмаған жағдайда сотқа жүгінуіне жол береді.

ҚР Еңбек кодексінің 167-бабы, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері және басшылары, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар және т.б. қатыса алатын делдалдың қатысуымен ұжымдық еңбек дауын қарау мүмкіндігін көздейді [80, 93 б.].

Бұдан әрі, 2015 жылы 30 қарашада №906 «Ұжымдық еңбек дауларды есепке алу нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының денсаулық және әлеуметтік даму Министрлігінің Бұйрығы шығады [81].

Пандемияға қатысты әлемде болып жатқан жағдайға байланысты Қазақстанда да төтенше жағдай жарияланып, карантин енгізілді. Осыған байланысты кейбір ұйымдардың жұмысы шектелді, ал кейбіреулеріне тіпті тыйым салынды. Бұл, сөзсіз, жұмыс істейтін азаматтардың жұмыс режимінің өзгеруіне әкеліп соқтырады және осыған әкелді де. Осылайша, ҚР ЕХӘҚМ-на жұмыскер үшін де, жұмыс беруші үшін де қатысы бар бір қатар түсіндірмелер ұсынды.

Жеке еңбек дауларын шешу үшін сот органдары тек материалдық қана емес, сонымен қатар, процессуалдық құқығының нормаларын, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексінің нормаларын (әрі қарай – ҚР АПК) қолданады. Еңбек дауларын сотта қарау кезінде маңызды мәнге ие қайнар көздердің қатарында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларын да атауға болады.

Еңбек істері жөніндегі кейбір шешімдер мен қаулыларды дереу орындау туралы мәселе де жауапты қарауды талап етеді, өйткені Қазақстан

Республикасы АПК-нің 237-бабы, ол жұмысқа қайта орналастыру туралы соттың дереу шешімінің қажеттілігі фактісін; жұмыскерге жалақыны, бірақ үш айдан аспайтын жалақыны алып беру; жарақат немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, сондай-ақ асыраушысынан айрылуынан келтірілген зиянды өтеу, бірақ үш айдан аспайтын мерзімде туралы тек айтады, бірақ жұмыскерлердің мүдделерін жеткілікті деңгейде қорғамайды. Бұл баптан, мысалы, жұмыскерді қалай бұрынғы жұмыс орнына қайта орналыстырғаны көрінбейді: бұрынғы немесе басқа жұмыста, бұрынғы немесе басқа жұмыс орнында, елеулі еңбек жағдайларын сақтай отырып немесе сақтамай. Ал, егер жұмыскердің бұрын жұмыс істеген ұйымы болмаса (жойылған немесе қайта құрылған), онда не істеу керек? Моральдық зиянды өтеуді айтпағанда, мәжбүрлі жұмыстан кету немесе төмен ақы төленетін жұмысты орындау үшін қандай мөлшерде және кім ақы төлейді? Осы және заңсыз ауыстырулар мен жұмыстан босатулар бойынша қолайсыз салдарларға байланысты осы басқа да мәселелер Қазақстан Республикасының жаңа Еңбек кодексінде көрініс табуға тиіс

Заманауи қазақстандық еңбек заңнамасы әлемдік тәжірибені Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын ХЕҰ Конвенциялары мен ұсынымдарын барынша ескеруге тырысады. Оның үстіне, Қазақстан Республикасының Конституциясының 4-бабына сәйкес республиканың халықаралық шарттары мен басқа да міндеттемелері құқықтық жүйенің бір бөлігі болып табылады.

Қазіргі уақытта республика Парламенті ХЕҰ-ның Әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы оннан астам конвенциясын ратификациялады. Олардың арасында мұндай маңызды ретінде:

- Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілік туралы Конвенция;
- Мәжбүрлі еңбекті жою туралы Конвенция;
- Құндылығы бірдей еңбегі үшін ерлер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру туралы Конвенция;
- Жұмыспен қамту саласындағы саясат туралы Конвенция;
- Үш жақты консультациялар туралы Конвенция;
- Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы Конвенция және т.б.

Осыған байланысты халықаралық нормаларды ратификацияланғаннан кейін оларды тікелей қолдануға мүмкін болды, бұл өз кезегінде соттарға еңбек дауларын шешу кезінде оларды есепке алуды міндеттейді [82, 52 б.].

Ғылымда азаматтық-құқықтық даулардың ерекше категориясы ретінде еңбек дауларын бөліп шығару бір жағынан, даудың негізінде жатқан нақты қатынастардың өзгешелігінде болды және екінші жағынан - еңбек құқығы саласының ерекшелігінде. Еңбек қатынастары дербес пәні, өзінің өзіндік әдісі және құқықтың оқшауланған қайнар көзінің жүйесі бар ерекше құқық саласымен реттеледі. Дәл осы жағдайлар, ең алдымен, ғалымдардың еңбек дауларын азаматтық құқықтық даулардың дербес категориясы бөлуін түсіндіреді. Еңбек дауларын қарау кезінде юрисдикциялық органдар еңбек

және онымен сабақтас қатынастардың ерекшеліктерін ескереді және дауларды еңбек құқығы қайнар көздеріне сәйкес шешеді.

Қорыта келе, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан бастап қабылданған заңдардың тарихына тоқтала келе, бірнеше кемшіліктерді атап өтуді жөн көрдік. Біріншіден, заңдар мен нұсқамалардың орыс тілінде согласительная комиссия деп бір сөзбен аталса, қазақ мәтінінде бұл сөз әртүрлі аударылған мысалы, Қазақстан Республикасындағы 1999 жылы 10 желтоқсанда қабылданған Еңбек туралы Заңында «келісім комиссиялары», ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылы 6 ақпан қабылданған «Келістіру комиссияларының еңбек дауларын қарау тәртібі туралы» Нұсқаулықта «келістіру комиссиясы», Қазақстан Республикасының 2007 жылы 15 мамырда қабылданған Еңбек Кодексінің 170-бабының 1-2 тармақтарында жеке еңбек дауы «келісім комиссияларында» қаралады деп жазса, 171-бабы «келісу комиссияларын құру» туралы айтылады, ал 2015 жылы 23 қарашада қабылданған Еңбек Кодексінде «келісу комиссиясы» деп аударылған. Екіншіден, екінші мәрте қабылданған 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінде алғаш рет «қызметкер» ұғымы «жұмыскер» ұғымына ауысқан болатын, бірақ та арада бір ай өткеннен кейін осы кодекске қосыша ретінде, Қазақстан Республикасының денсаулық және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсанында қабылдаған «Еңбек төрелігі жөнінде Үлгілі ереже туралы» бұйрығында әлі күнге дейін «қызметкер» ұғымы қолданылуда. Яғни, орталық атқарушы органдар заңға тәуелді актілерді қабылдау барысында салғырттық танытады деген ойды тұжырымдатады.

Сонымен, еңбек дауларының теоретико-құқықтық аспектілерін зерттеу нәтижесінде келесі қорытындыларды жасауға болады:

- еңбек даулары түсінігі бойынша әртүрлі ғалымдардың пікірлерін зерттей отырып, олардың мәнін өзгертпейтін әртүрлі түсініктемесіне назар аудармау мүмкін емес;

- еңбек даулары дегеніміз жұмыскер мен жұмыс берушінің (бұрын еңбек қатынастарында болған жұмыскер мен жұмыс берушінің) арасындағы белгілі бір қатынастарды реттейтін еңбек және өзге де заңнамасының қолданыстағы нормаларын белгілеу мен қолдану туралы келіспеушіліктер, сондай-ақ, жұмыс берушімен тікелей келіссөздер кезінде толық реттелмеген (немесе ішінара реттелмеген) және арнайы уәкілетті органдардың қарауының пәні болған ұжымдық шарттың қолданыстағы нормаларын белгілеу мен қолдану туралы келіспеушіліктер;

- жеке және ұжымдық еңбек даулары өзіндік өзгешеліктерге ие болғандықтан қазақстандық заң шығарушы «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарын нақтылап, оларды еңбек заңнамасына енгізуі, олардың қарауының процессуалдық тәртібін белгілеуі керек, ол өз кезегінде құқық қолдануда әртүрлі талқылау мен түсіндіруді болдырмайды;

- еңбек дауларын қарастыру мәселелері бойынша ҚР жаңа ЕК соңғы өзгерістерді ескере отырып, еңбек дауларының жіктелуі берілді. Осыған байланысты біз еңбек дауларын қараудың келесі түрін – шешу тәсілі бойынша дегенді ұсынамыз.

2 ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН СОТТА ҚАРАУ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

2.1 Еңбек дауларын сотта қараудың жалпы процессуалдық тәртібі

Қазақстан Республикасы Конституциясы кез-келген адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғалу қағидасын бекітті. Конституцияның 13-бабының 2-тармағына сәйкес «...әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғауына құқығы бар...» [3]. Сонымен қатар, ҚР Конституциясының 76-бабының 1-тармағында «...сот билігі Қазақстан Республикасы атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ететуді мақсат етіп қояды» [3]. Бұл жағдайда да еңбек құқықтарын соттық қорғау еңбек құқықтарын қорғаудың негізгі тәсілдердің бірі болмақ.

Егер құқықтары мен заңды мүдделері турасында жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келіспеушіліктер тараптардың келісім қағидаты негізінде шешім таппаса, ол келесі - юрисдикциялық кезеңге өтеді, ол кезде дау татуласу-делдалдық, соттық, әкімшілік органдарда қаралады.

Еңбек құқықтарын қорғау кезінде туындаған еңбек даулары азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралып, жалпы юрисдикциялық соттардың соттылығына жатады.

Талап арызды қарау барысында судья дау еңбек қатынастарынан, яғни жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек функциясын ақылы түрде жеке орындау туралы келісімге негізделген қатынастардан туындай ма (штаттық кестеге сәйкес лауазымы, мамандығы, біліктілігі көрсетілген кәсіптер бойынша, жұмыскерге тапсырылған жұмыстың нақты түрі бойынша жұмыстар), жұмыс берушінің еңбек заңнамалары және өзге нормативтік құқықтық актілермен, ұжымдық шартпен, келісімдермен, жергілікті нормативтік актілермен, еңбек шарттарымен көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз ету барысында жұмыскердің ішкі еңбек тәртібі ережесіне бағынуын, бұл іс осы соттың соттылығына жатқызылуын анықтайды.

Егер дау азаматтық-құқықтық сипаттағы еңбек шартының талаптарын орындамау немесе тиісінше орындамаудан туындаса, бұл талаптар еңбек шартының мазмұнына кіргізілгенімен, ол өз сипатына қарай жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық міндеттемелеріне жатады, сондықтан мұндай даудың соттылығы соттылықтың жалпы тәртібі бойынша анықталады.

Тәжірибеде еңбек даулары бойынша өтінішті қабылдау кезінде соттылықты міндетті түрде тексеруі, әр еңбек дауын дұрыс және тез қарау үшін маңызды. Дауды қарауға құқылы емес органның шешімі заңды күші болмайды және мәжбүрлі тәртіппен орындалуға жатпайды.

Біздің ойымызша, еңбек дауларының соттылығын азаматтардың басшыға қатысты шағымдарын жоғары тұрған органға жолдауынан ажырату қажет. Дауларды қараудың бекітілген тәртібі, ведомстволық бағыныстылығымен қоса, жұмыскердің нақты басшының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған органға шағымдануға құқығынан айырмайды.

Еңбек дауларының сотқа ведомстволығы ҚР Еңбек кодексінің (ҚР ЕК) 159 және 164-баптары айқындалған. Алайда ҚР ЕК 159-бабының 1-тармағы жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайтындығын ескеру қажет [4]. Яғни, заң дауларды міндетті түрде келісу комиссияларында қарауды көздейді. Ал егер дау келісу комиссиясында реттелмесе немесе комиссияның шешімі орындалмаса, сол жағдайда ғана келісу комиссиясына жүгінгендігі туралы дәлелдемелерді қоса тіркеп, сотқа жүгінуге болады.

Келісу комиссиясына жүгінгендігі туралы дәлелдемелер болмаған жағдайда сот талап арызды қайтару туралы ұйғарым шығарып, жұмыс орны бойынша келісу комиссиясына өтінішпен жүгіну қажеттілігін түсіндіреді.

Заң шығарушы соттармен қаралатын жеке еңбек дауларының екі тобын қарастырады:

- сотқа дейінгі кезеңнен өткен жеке еңбек даулары;
- тікелей соттың ведомстволығына жататын жеке еңбек даулары (яғни, еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясының (ЕДКК) қарауынсыз).

ЕДКК-мен де, сотпен де қаралатын жеке еңбек дауларына:

- ЕДКК шешімі жұмыскерді немесе жұмыс берушіні қанағаттандырмаған және олар бұл шешімді сотқа шағымданған даулар;
- заңдарға немесе өзге нормативтік құқықтық актілерге қайшы шығарылған шешімдер бойынша және осы негізде прокурор өтінішпен сотқа жүгінген даулар бойынша;
- ҚР ЕК 160-бабында көзделген мерзімде ЕДКК шешім шығармай, жұмыскер сотқа жүгінген даулар жатады [4].

Осылайша, қазіргі қолданыстағы Қазақстандық заңнама тікелей соттарда қаралатын жеке еңбек дауларының нақты түрлерін көздемесе де, ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысына сәйкес келісу комиссиясымен реттелмеген немесе келісу комиссиясының шешімін орындалмаған, сонымен қатар, ҚР ЕК 159-бабының 1-тармағында көрсетілген келісу комиссиясымен қаралмаған істер сотта қаралатындығын көрсетеді [4].

ҚР Азаматтық процесстік кодекске сәйкес әр жеке еңбек дауларының ведомстволық бағыныстылығын анықтау барысында әуелі даудың түрін, содан соң оның сипатын анықтап, әрі қарай еңбек құқығы саласының қай құқық қатынасынан туындайтынын белгілеу қажет. ҚР Азаматтық процесстік кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес (әрі қарай ҚР АПК) еңбек құқық қатынастарынан туындайтын істер жалпы юрисдикциялық соттардың ведомстволығына жатады [83]. Талап арызды қабылдау кезінде сот бұл дау жұмыс берушінің жұмыскермен еңбек функцияларын (белгілі бір мамандық, біліктілігі, лауазым бойынша жұмыстар) ақыға жеке орындауға негізделген еңбек құқық қатынастарынан туындады ма, жұмыс берушімен еңбек жағдайларын жасаған кезде жұмыскермен ішкі еңбек тәртібі ережесіне бағынуынан туындаған еңбек дауынан ба, жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім заңнамаға, ұжымдық шартқа, жеке шартқа

негізделген бе, сонымен қатар соттың соттылығына жататындығын анықтау қажет [84, 186-187 б.].

Жеке еңбек дауларының ведомстволық бағыныстылығымен қатар, олардың соттылық мәселесі де шешілу керек. Соттылық ережесімен азаматтық істерді бірінші сатымен қарайтын жалпы юрисдикциядағы нақты соттардың құзыретін анықтайды, оның ішінде жеке еңбек даулары [85, 29-30 б.]. Өз құқықтарын сотта қорғауға ниеттенген тұлға тиісті юрисдикциядағы соттарға жүгінеді, ал сот болса дәл осы сотқа жүгінуінің қаншалықты заңды екенін шешу қажет. Жеке еңбек дауларының ведомстволық бағыныстылығы мәселесі оның соттылығына қарағанда басымырақ болады. Соттың ведомстволық бағыныстылығына жататын даулар сот органдар жүйесіндегі соттардың мамандануы мен иерархиясына қарамастан, басқа соттардың соттылығына жатқызылмайды [86, 85-96 б.].

Істердің соттылығы туралы сот тәжірибесіне шолу.

1. Мысал ретінде Г-ның ЖШС-ке жалақыны өндіру туралы ісін алуға болады.

Облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының ұйғарымымен күшінде қалдырылған Павлодар қалалық сотының ұйғарымымен Г-ң талап арызы талапкермен мұндай істердің сотқа дейінгі реттеу тәртібі сақтамаған деп және бұл тәртіпті қолдану мүмкіндігі жойылмаған деп қараусыз қалдырылған.

Сонымен қатар, соттардың ҚР ЕК 22-бабының 1-тармағының 16-тармақшасының талаптары сақталмай келісу комиссиясымен қаралмаған істерді қабылдап, шешімдер шығарған [87].

2. Б. ЖШС-ке бұйрықты заңсыз деп тану, жұмысына қайта алу, бос жүруге мәжбүр болған бүкіл уақыты үшін жалақысын өндіру, моральдық зиянды, өкілдік шығыстарды өтеу туралы талап арызбен сотқа жүгінген. Талап қоюшы келісу комиссиясына жүгінген, алайда мекемеде келісу комиссиясы болмағандықтан жауап келмеген.

Істі сот келісу комиссиясының шешімінсіз заңға қайшы қараған. ҚР АПК 152-бабының 1-тармағының 1-тармақшасы және 2-тармағына сәйкес сот талап арызды қайтару себебін көрсете отырып, талап қоюшыға азаматтық істі қозғау үшін кедергі болатын мән-жайларды түсіндіру керек еді (Маңғыстау облысы).

Жоғарыда келтірілген сот тәжірибесінде орын алған мысалдардан жеке еңбек дауларының соттылығы әлі де дұрыс анықталмайтындығы туралы қорытынды жасауға болады [88, 63 б.].

Атап өту қажет, жұмыскер еңбек дауы бойынша сотқа жүгінгенде ҚР АПК 106-бабының 1-тармағына және ҚР Жоғарғы сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №9 «ҚР соттарымен азаматтық істер бойынша сот шығыстары туралы заңнаманы қолдануы туралы» Нормативтік қаулысына сәйкес мемлекеттік баж төлеуден босатылады [89].

АПК 106-бабының 1-тармағына сәйкес талап қоюшы ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінде көзделген негіздер бойынша сотқа талап арыз бергені үшін мемлекеттік баждан босатылады [90].

ҚР АПК 3-бабының 1-тармағына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай ақ істі қарауына кететін сот шығындарын төлеуден босатылмаған жауапкерден мемлекет пайдасына толық немесе талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне бара бар көлемде өндіріледі [83].

Салық кодексінің 610-бабына сәйкес сотқа берілген мүлдітік сипаттағы талап қою арыздарынан: жеке тұлғалар үшін – талап қою сомасының 1 пайызы; заңды тұлғалар үшін – талап қою сомасының 3 пайызы; мүлдітік емес сипаттағы талап қою арызы берілген кезде алынатын мемлекеттік баж мөлшерінің 50 пайызы мөлшерде өндіріледі [90].

Салық кодексінің осы ережесіне сәйкес, еңбек құқық қатынастарынан туындайтын талаптар жұмыскермен немесе жұмыс берушімен берілгеніне қарамастан, соттармен мемлекеттік баждың төлемінсіз қабылданады.

Мемлекеттік бажды төлеуден босатылған талап қоюшы-жұмыскердің талабы қанағаттандырылған жағдайда, бұл сома соттың шешімімен жауапкер-заңды тұлғадан талап сомасының 1% көлемінде өндіріледі. Мемлекеттік баждың мөлшерін анықтағанда соттар талап қоюшы заңды тұлға екенін басшылыққа алады және егер талап берер кезде мемлекеттік баж төленетін болса, ол мүлдітік сипаттағы талаптың 1% көлемінде төленеді. Жоғарыда аталған нормаларды соттардың орындау тәжірибесінде қиындық туғызбайды.

Мысалы, А-ның РМК ға жұмысына қайта алу және бос жүруге мәжбүр болған бүкіл уақыты үшін жалақысын өндіру туралы берілген талабы бойынша сот 2016 жылғы 20 қаңтардағы шешімімен талап арызды ішінара қанағаттандырды. Сот Әуе қозғалысын ұйымдастырудың Оңтүстік-Шығыс өңірлік орталығы» РМК филиалының А-мен еңбек шартын бұзу туралы бұйрықты заңсыз деп мойындап, оны бұзу; оны «Әуе қозғалысын ұйымдастырудың Оңтүстік-Шығыс өңірлік орталығы» филиалының диспетчер қызметіне қайта алу; РМК-дан А-ның пайдасына бос жүруге мәжбүр болғанбүкіл уақыты үшін жалақысын салықтар мен міндетті алымдарсыз 1 763 720 тенге көлемінде өндіру; РМК-дан мемлекет пайдасына 17 637 тенге мемлекеттік баж өндіру. Талаптың басқа бөліктерін қанағаттандырмады. Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот коллегиясының қаулысымен шешім күшінде қалды [91].

Әрі қарай, талап қою арызы жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында бірінші сатыдағы сотқа беріледі.

Еңбек дауларын шешу туралы сотқа арызбен жүгіну мерзімі туралы мәселе үлкен маңызға ие.

ҚР АПК 294-бабының 1-тармағына сай азамат және заңды тұлға құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа арызбен жүгінуге құқылы [83].

ҚР ЕК 160-бабына сәйкес сотқа жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну үшін мынадай мерзімдер белгіленеді:

1) жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша – еңбек шартын тоқтату туралы жұмыс беруші актісінің көшірмесі келісу комиссиясына табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта

арқылы жіберілген күннен бастап бір ай, ал сотқа жүгіну үшін – реттелмеген даулар бойынша жүгінген кезде не еңбек шарты тарапы келісу комиссиясының шешімін орындамаған кезде келісу комиссиясы шешімінің көшірмесі табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап екі ай;

2) басқа еңбек даулары бойынша – жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап бір жыл [4].

Бұл мерзімдер дәлелді себептермен өткізіліп алынса олар сотпен қалпына келтіріледі. Жеке еңбек даулары бойынша жұмыскерге сотқа жүгінудің мерзімін өткізіп алудың дәлелді себептеріне келесі мән-жайларды жатқызуға болады: талап қоюшының ауруы, іс-сапарда болуы, еңсерілмейтін күштің салдарынан сотқа жүгіне алмауы, ауыр науқастағы отбасы мүшесіне қарау. Заңнамада өткізіп алған мерзімді қалпына келтірудің негіздері көрсетілмеген, сондықтан ол мерзімдердің дәлелді екенін сот нақты мән-жайға қарай өзі анықтайды.

Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау, егер АПК және басқа да заңдарда өзгеше белгіленбесе, талап қою арызы соттың іс жүргізуіне қабылданған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс (ҚР АПК 164-бап) [83]. Азаматтық іс жүргізу заңнамасы соттармен денсаулықтың зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы, сондай-ақ асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты істерден басқа, аса күрделі істер бойынша айрықша жағдайларда және еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша істі сот талқылауына дайындау үшін берілген мерзім өткеннен кейін бұл мерзім судьяның ұйғарымы бойынша қосымша бір айға ұзарту мүмкіндігін белгілейді [83].

Азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы тәртібі бойынша еңбек даулары сот істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде қарап, шешеді. Тек жұмысқа қайтадан алу істерін сот істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде қарайды және шешеді (ҚР АПК 183-бабының 2-тармағы) [83].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 5-тармағына сәйкес егер сот Еңбек кодексінің 160-бабында көзделген мерзімдер дәлелді себеп бойынша өткізіп алынғанын анықтаса, шешімнің қарар бөлігінде бұл туралы көрсетуге және дауды мәні бойынша шешуге тиіс [70].

Егер сот талап қоюшының еңбек құқықтары бұзылған, бірақ ол Еңбек кодексінде көзделген сотқа жеке еңбек дауын қарау бойынша жүгіну мерзімін дәлелді себептерсіз өткізіп алған деп анықтаса, онда сот шешімнің уәждеуші бөлігінде осы құқықтардың бұзылғанын көрсетеді және жүгіну мерзімінің өткізіп алынғанына байланысты талап қоюды қанағаттандырудан бас тартады.

Сонымен, талап қоюшының сотқа жүгіну мерзімін өткізіп алуы талапты қабылдаудан бас тартуға құқығы жоқ. Талап ету мерзімінің себептерін заңды деп тапса, сот мерзімді қалпына келтіреді. Бұл жағдайда сот еңбек дауын істің

мәні бойынша қарайды. Егер сот іс материалдарын жан-жақты зерделеп, сотқа жүгіну мерзімі дәлелді себепсіз өткізіп алғанын анықтаса, ол талап арыздан бас тартады [60, 148 б.].

Бұрын қолданыста болған 2007 жылғы 15 мамырдағы ҚР ЕК-де сотқа жүгіну үшін қандай мерзім болу керектігі нақты көрсетілмеген еді. Тәжірибеде еңбек шартының тараптары, көбінесе жұмыскер, сотқа жүгінудің нақты мерзімі көрсетілмегендіктен, еңбек құқықтарын бұзғандығын растайтын құжаттарды қысқа мерзімде алуға асықпайтын, соның салдарынан құжаттардың жоғалуы, қуәлардың, процеске қатысушылардың болмауы және т.б. орын алатын. Жұмыс беруші де асықпай, жұмыстан шығару туралы бұйрықты, еңбек кітапшасын уақытылы бермей, ондағы жазбаларды уақылы түсірмей, сондай ақ жұмыскерге қажет құжаттарды уақытылы дайындамай келетін. Сотқа жүгіну мерзімінің көрсетілмеуінен дәлелдемелердің жоғалуы соңында сотқа объективті түрде істің мән-жайын анықтап, соттың дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік бермейтін. Демек, сотқа жүгіну мерзімін нақтылай отырып, қазақстандық заң шығарушы ЕАЭО кейбір елдерінің тәжірибесінде көрсетілген мерзімдерді ескерген деп ойлаймын, мысалы, РФ ЕК 392-бабы [92, 54 б.], БР ЕК 242 -бабы [93], ҚР ЕК 362-бабы [94].

Судья талап арызды қабылдағаннан кейін еңбек дауларынан туындайтын талап арыздың сотқа келіп түскен күннен бастап бес күн ішінде оны өндіріске қабылдауы туралы мәселені шешу қажет. Талап арызды қабылдауы туралы судья ұйғарым шығарады, оның негізінде соттың бірінші инстанциясында азаматтық іс қозғалады.

Азаматтық іс қозғалғаннан кейін судья істі қарауға дайындайды. Бұл сатыда істі дұрыс шешу үшін мән-жайларды анықтау үшін алдын-ала мәжіліс өткізіледі. Істі дайын деп тапқан соң, судья істі тағайындау үшін ұйғарым шығарып, тараптар және өзге де іске қатысушыларға сот мәжілісінің уақыты мен орны туралы хабарлайды.

Судья барлық мән-жайды ескеріп, талапты қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы қорытындыдан тұратын дәлелді шешім қабылдайды. Ақша талаптары бойынша жұмыскердің пайдасына өндірілетін төлемнің немесе жұмыскерден жұмыс берушінің пайдасына келтірілген материалдық зиянның нақты сомасы көрсетіледі. Еңбек дауын қарап жатқан орган жұмыскердің ақшалай талабын негізді деп тапса, ол толық көлемде қанағаттандырылады (ҚР ЕК 122-бабы) [4].

Азаматтық істі сот талқылауына дайындау сотта өтетін кез келген іс үшін міндетті сатыға жатады. Істі сотқа қарауға дайындауды тараптардың, олардың өкілдері мен өзге де процеске қатысушылардың қатысуымен сот жүргізеді. Істі сот талқылауына дайындау ҚР АПК 16-тараумен қарастырылған және істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды нақтылау; тараптардың құқықтық қатынастарын және сот басшылыққа алуға тиіс заңды айқындау; іске қатысатын адамдардың құрамы туралы мәселені шешу; тиіс дәлелдемелерді ұсыну және тараптарды татуластыруға жәрдемдесу үшін жүргізіледі (ҚР АПК 163-бабы) [83].

Істі сот талқылауына дайындау кезіне тараптар еңбек дауын одан әрі қарау және шешу үшін қажетті бір қатар іс-әрекеттер жасайды. Атап айтқанда, талап қоюшы немесе оның өкілі ҚР АПК-нің 169-бабына сәйкес талап қоюдың негізін немесе нысанын өзгертуге, қосымша процесстік әрекеттерді жүргізу қажеттілігі болмаған кезде соттың шешім шығару үшін шығып кеткенге дейін жазбаша өтініш беру арқылы талап қою талаптарының мөлшерін ұлғайтуға немесе азайтуға құқылы [83].

Жауапкер немесе оның өкілі ҚР АПК 166-бабының 2-тармағына сәйкес талап қоюға қатысты дәлелдерді теріске шығаратын құжаттарды, сондай-ақ пікірдің және оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін қоса тіркеп, талап қою арызына пікірді сотқа ұсынады [83].

ҚР АПК 171-бабына сәйкес жауапкер сот шешім шығару үшін шығып кеткенге дейін бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарға жазбаша арыз беру арқылы талап қоюды толық немесе оның бір бөлігін мойындауға құқылы.

Жауапкердің талап қоюды мойындауы сотты дәлелдемелерді зерттеу міндетінен босатады. Талап қоюдың бөлігі мойындалған жағдайда дәлелдемелерді зерттеу жауапкердің талап қоюды мойындамаған бөлігінде ғана жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы №21 «Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау туралы» нормативтік қаулысына сәйкес талап қоюшының немесе жауапкердің өтініш хаты бойынша дәлелдемелерді талап етіп алдыруға жәрдем көрсете отырып, судья істі сот талқылауына дайындау кезінде бір дәлелдеменің басқаларынан артықшылығы туралы пайымдаулар айтуға құқылы емес [95].

Істі сот талқылауына дайындау сатысында алдын ала сот отырысы өткізіледі, оның орны мен уақыты туралы тараптарға тиісті түрде хабарланады.

ҚР АПК 163-бабының 1-тармағына сәйкес алдын ала сот отырысы істі сот талқылауына дайындау кезінде жасалған тараптардың өкімдік іс-әрекеттерін процессуалдық бекітуді, істі дұрыс қарау және шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтауды, іс бойынша дәлелдемелердің жеткіліктілігін анықтауды, сотқа жүгіну мерзімдерін және талап қою мерзімдерін өткізіп алу фактілерін зерттеуді мақсат етеді.

Алдын ала сот отырысында тараптар дәлелдемелерді ұсынады, өтінішхаттарын мәлімдейді. ҚР АПК 272-273-баптарында, 277-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында, 279-баптың 1), 2), 3), 4), 5), 8) және 9) тармақшақарында көзделгендей іс жүргізу тоқтатыла тұруы немесе тоқталуы, арыз қараусыз қалдырылуы мүмкін, ол туралы судья ұйғарым шығарады [83].

Талап қоюшының талап қою мерзімін өткізіп алуына жауапкер мұндай мерзім өтіп кетті деп санаса, қарсылық білдіре алады.

ҚР АПК-нің 172-бабының 6-тармағына сәйкес талап қоюдың ескіру мерзімін немесе сотқа жүгіну мерзімін дәлелсіз себептермен өткізіп алу фактісі анықталса, судья іс бойынша өзге де нақты мән-жайларды зерттемей, талап қоюдан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Сот шешіміне апелляциялық немесе кассациялық тәртіппен шағым келтірілуі мүмкін.

Істі дайын деп тани отырып, судья істі сот отырысына талқылауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады, тараптарға, басқа да іске қатысушыларды істің қаралатын уақыты мен орнын хабарлайды, басқа процеске қатысушыларды шақырады.

Мәселен, егер еңбек дауын сотта қарауды айтатын болсақ, ҚР АПК-н 183-бабына сәйкес қайта жұмысқа алу туралы азаматтық істер сот істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде қарайды және шешеді.

Сот азаматтық істі талқылауды іске қатысатын адамдарды міндетті түрде хабарландыра отырып, сот отырысында жүргізеді. Іске қатысушы тұлғаларға сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарламау олардың құқықтарының елеулі бұзушылықтарына әкеледі, бұл тараптардың өзі немесе оның өкілі арқылы сотта тыңдалмауына әкеп соғады, соның салдарынан ҚР АПК 13,15-баптарында көзделген азаматтық сот ісін жүргізудің заң мен сот алдында теңдігі, тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы сияқты қағидалары бұзылады [83].

Сот П. 2016 жылғы 1 наурыздағы еңбек шарты негізінде қордың қаржы-экономикалық департаменті директорының орынбасары болып жұмыс істегенін анықтады.

2017 жылғы 6 маусымда жұмыс беруші П.-ға хабарлама жіберіп, оған 2017 жылғы 22 маусымнан бастап еңбек жағдайларының өзгеруі туралы хабарлады, оған бас менеджер лауазымы ұсынылды. 2017 жылғы 21 маусымда П. ұсынылған лауазымнан бас тартты.

Қордың Басқарма Төрағасы орынбасарының міндетін атқарушының 2017 жылғы 22 маусымдағы бұйрығына сәйкес П. Еңбек кодексінің 58-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы негізінде жұмыстан босатылды.

II. еңбек шартын бұзу және жұмысқа қайта алу туралы бұйрықтың күшін жою туралы талабын еңбек жағдайларын өзгерту туралы хабарламаға және бұйрыққа уәкілетті емес адамның қол қойғаны фактісімен, хабарламада ҚР Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағының 17) тармақшасында көрсетілген еңбек жағдайлары қандай болатындығы көрсетілмегендігімен негіздеді.

II.-ның талаптарын қанағаттандырудан бас тартып отырып, бірінші сатыдағы сот оны жұмыстан шығарған кезде еңбек заңнамасының нормаларын бұзуға жол берілмегенін негізге алды. Тиімді экономикалық қызмет мақсатында жұмыс беруші қажетті кадрлық шешімдерді дербес қабылдауға құқылы. Жұмыс берушіде тараптар айқындалған еңбек шартының талаптарын өзгертуге заңды негіздер болды, бұрынғы талаптарды сақтау мүмкін болмады. Талапкермен еңбек шартын бұзу туралы шешімді оған құқығы бар лауазымды тұлға қабылдады. Ұсынылған лауазымнан бас тарту, соттың пікірінше, II. -ның қатесі.

Апелляциялық алқа соттың тұжырымдарын қолдай отырып, Еңбек кодексінің 58-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жұмыс берушіде тиісті жұмыс болмаған не жұмыскер ұсынылған жұмыстан бас тартқан кезде еңбек шарты тоқтатылуға жатады деп көрсетті.

Сонымен бірге соттың мұндай тұжырымдарымен келісуге болмайды. Жергілікті соттар материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданбаған [108].

ҚР Еңбек кодексінің 46-бабына сәйкес қайта ұйымдастыруға немесе экономикалық, технологиялық жағдайлардың, еңбекті ұйымдастыру жағдайларының өзгеруіне және (немесе) жұмыс берушінің жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты өндірісті ұйымдастырудағы өзгерістерге орай, жұмыскер өз мамандығына немесе кәсібіне, тиісті біліктілігіне сәйкес жұмысын жалғастырған кезде, еңбек жағдайларын өзгертуге жол беріледі. Еңбек жағдайлары өзгерген кезде еңбек шартына тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі [4].

Жұмыскер еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты жұмысты жалғастырудан жазбаша бас тартқан жағдайда, жұмыскермен еңбек шарты ҚР ЕК 58-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша тоқталады.

ҚР Еңбек Кодексінің 1-бабы 1-тармағының 17)-тармақшасына сәйкес еңбек жағдайлары – еңбекке ақы төлеу, еңбекті нормалау, еңбек міндеттерін орындау, жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі жағдайлары, кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқару, қызмет көрсету аймақтарын кеңейту, жұмыста уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін атқару, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тәртібі, техникалық, өндірістік-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ тараптардың келісуі бойынша өзге де еңбек жағдайлары [4].

Осы баптарды жүйелі түсіндіруден еңбек жағдайларын өзгерту еңбек шартында келісілген бұрынғы лауазымы бойынша жұмысты жалғастырған кезде ғана мүмкін болады. Әйтпесе, бұл Еңбек кодексінің 38-бабына сәйкес жұмыскердің келісімімен ғана мүмкін болатын басқа жұмысқа ауысуды білдіреді.

Қордың қаржы-экономикалық департамент директорының орынбасары қызмет атқарған П.-ға жолдаған 2017 жылғы 6 маусымдағы хабарламадан оған қаржы-экономикалық департаментінің басты менеджері лауазымына жұмыс ұсынылған жөн.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты өтінішхатта, бұл жағдайда жұмыс беруші оған хабарламада басқа лауазымды ұсынғаны, бұл Еңбек кодексінің 1-бабының 2-тармағының 17) тармақшасына орай еңбек жағдайларының өзгеруін білдірмейді, келтірілген дәлелдері негізді болып табылады.

Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскермен еңбек шарты жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайларда бұзылуы мүмкін. Штаттарды қысқарту деп жұмыс берушінің алдын ала хабарлауын көздейтін, қызметкерді атқаратын лауазымнан босатуға әкеп соғатын (оны басқа тең лауазымға келісіммен жұмысқа орналастыру мүмкін болмаған жағдайда) нақты лауазымдарды штат кестесінен алып тастау түсініледі.

Сот алқасы тиімді экономикалық қызмет мақсатында жұмыс берушінің қажетті кадрлық шешімдерді өз бетінше қабылдауға құқығы бар екендігі туралы сот тұжырымдарымен келіседі. Алайда, жұмысшылардың еңбек құқықтары сақталу керек.

Жауапкердің талап арызға қарсы берген пікірінен Қордың Қамқоршылық кеңесі ұйымды қайта құру және түбегейлі өзгерту туралы және оны үйлестіру жөніндегі тиісті комитет құру шешім қабылдағаны көрінеді. Комитет жұмысының нәтижесінде Қордың Басқармасы 2017 жылдың 17 мамырында ұйымдық құрылымды өзгерту және Қор қызметкерлерінің санын қысқарту туралы шешім қабылдаған.

Құрылым мен штат санының өзгеруіне байланысты алдағы уақытта жұмыскерлердің жұмыстан босатылуы туралы Қор уәкілетті мемлекеттік органды хабардар етті.

2017 жылғы 22 мамырдағы жағдай бойынша Қор бекіткен штат кестесінде қаржы-экономикалық бөлім директорының орынбасары лауазымы жоқ. Қордың 2017 жылғы 14 маусымдағы II-ге берген жауабынан Қор басқармасының 2017 жылғы 23 маусымнан бастап таратылатыны белгілі болды. Бұл П. атқарған лауазымның қысқарғанын білдіреді. Сондықтан еңбек шартында бұрынғы қарастырылған лауазым аясында еңбек жағдайларын өзгерту мүмкін болмады.

Бұл ретте жұмыс беруші жұмыскердің өзгертілген еңбек жағдайларында еңбек қатынастарын жалғастырудан бас тартуына сілтеме жасай отырып, талап қоюшының оның мамандығына немесе кәсібіне, тиісті біліктілігіне сәйкес жұмысты жалғастыру құқығын бұзды, лауазымы іс жүзінде қысқартылған кезде жұмыскердің Еңбек кодексінің 131-бабында көзделген кепілдіктері сақталмады.

Мұндай жағдайларда жұмыс берушінің еңбек шартын бұзу және Еңбек кодексінің 58-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес еңбек қатынастарын тоқтату туралы бұйрығы заңсыз болып табылады.

Іс бойынша дәлелдемелер жинау және қосымша тексеру талап етілмейтінін ескере отырып, іс бойынша мән-жайлар зерттеліп, толық

анықталған, алайда төменгі инстанциядағы соттар алынған деректерге дұрыс құқықтық баға бермеген және құқық нормаларын қолдануда қателіктер жіберген деп сот алқасы өтініште даулы деп есептейтін сот актілерін өзгертіп, жұмысқа қайта алу және бос жүруге мәжбүр болған бүкіл уақыты үшін жалақысын өндіріп алу туралы талапты қанағаттандырудан бас тарту бөлігінде өзгерту қажет деп санайды.

Жоғарғы соттың 2017 жылдың 6 қазанындағы №9 «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 32-тармағына сәйкес заңсыз негізбен жұмыстан шығарылған жұмыскер дауды қарау кезінде бұрынғы лауазымның іс жүзінде болмағанына (қасқартылғанына) қарамастан, бұрынғы жұмысына қайта алынуға жатады [68]. Жұмыскерді одан әрі жұмыстан шығару заңды белгіленген шарттар мен негіздер сақтала отырып қана жүргізілуі мүмкін.

Жұмыскерді штатты қысқарту себебі бойынша жұмыстан босатудың дұрыстығына келісе отырып, сот шешімге айқын дәлелдер келтіруге міндетті (ҚР АПК 226-бабы).

Жұмысты жалғастыруына кедергі келтіретін және оны жалғастыру мүмкіндігін болғызбайтын денсаулық жағдайының салдарынан жұмыскер атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеу себебімен жұмыстан шығарылған адамды жұмысқа қайта алу туралы істер бойынша (ҚР ЕК 52-бабының 6-тармағы), еңбек өтілінің қысқа болуына байланысты біліктіліктің жеткіліксіздігінен қажетті өндірістік тәжірибенің болмауымен байланысты емес пе, жүргізілген аттестаттау нәтижелерімен жұмыскердің біліктілігінің жеткіліксіздігі расталған ба, жұмыскердің еңбекке қабілеттілігінің төмендеу тұрақты болып табыла ма, медициналық қорытындыға сәйкес еңбек шартында көзделген қызметтік міндеттерді тиісінше орындауға кедергі келтірді ме анықталу қажет.

Жұмыскердің еңбек міндеттерін дәлелсіз себептермен бірнеше рет орындамауына сілтеме жасай отырып, еңбек шарты бұзылған адамды жұмысқа қайта алу туралы талапты шешкен кезде, егер оған тәртіптік немесе қоғамдық жаза шаралары қолданылған болса мыналарды анықтау қажет: қызметтен шығаруға себеп болған құқық бұзушылық нақты неден көрініс тапқаны; әкімшілік тәртіптік жаза қолданудың мерзімдерді сақталды ма; тәртіптік жаза жасалған теріс қылықтың ауырлығына сәйкес келе ме; ол жасалған мән-жайлар қандай; бұрын қолданылған жазалау шаралары бір жылдық мерзім өткенге дейін алып тасталынбады ма деген мән-жайлар [109, 305-309 б.].

Соттар Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыстан шығарылған адамдардың талап қоюлары бойынша еңбек дауларын қарай келе, мыналарды назарға алуы керек:

- еңбек шартын осы негіздер бойынша бұзу Еңбек кодексінің 65, 66-баптарында көзделген тәртіптік жаза қолдану тәртібі сақтала отырып жүргізілуі мүмкін тәртіптік жауаптылық түрлерінің бірі болып табылады;

- жұмыскер қызметі (жұмысы) бойынша бағынышты адамға, оған тәртіптік жаза қолдану құқығының берілуіне-берлімеуіне қарамастан, тәртіптік

теріс қылықтың жасалғаны белгілі болған күн бір айлық мерзімнің өтуі басталатын теріс қылықтың анықталу күні болып есептеледі;

- жұмыскердің өзі жасаған теріс қылықтың мән-жайлары туралы жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы, егер тәртіптік теріс қылық жасаудағы кінәлілігі дәлелдемелер жиынтығымен расталса, оны бұрынғы жұмысына қайта алу үшін негіз болып табылмайды. Жұмыскердің тәртіптік теріс қылық жасау фактісі туралы акт немесе жұмыскердің жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы туралы акт жұмыс берушінің актісі болып табылмайды және тәртіптік теріс қылыққа жол берген жұмыскерді таныстыруды талап етпейді.

Бұл ретте жұмыскердің жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы туралы акт жазбаша түсініктеме беру туралы талап қойылғаннан кейін екі жұмыс күні өткен соң жасалады. Жасалған теріс қылық фактісі жөнінде түсініктеме беру туралы талап, егер сот тәртіптік жаза заңды бұза отырып қолданылғанын анықтаса, жазбаша түрде ресімделеді, бұл қорытынды заңнаманың бұзылған нақты нормаларына сілтеме жасай отырып, шешімде уәжделуге тиіс.

Егер істі қарау кезінде сот бұрын жасалған теріс қылық үшін адамды тәртіптік жауаптылыққа тарту заңнаманы бұза отырып жүргізілгенін анықтаса, онда қайталану белгісі алынып тасталады, ал талап қоюшы бұрынғы жұмысына қайта алынуға жатады.

Сот жұмыскердің бұрын тәртіптік жауапкершілікке тартылған теріс қылық жасағаны туралы дәлелдемелерді зерттеуге міндетті. Тәртіптік жаза түрі ретінде еңбек шартын бұзудың дербес негізі ретінде тәртіптік жазасы бар жұмыскердің еңбек міндеттерін дәлелді себептерсіз қайталап орындамауы немесе қайталап тиісінше орындамауы болып табылады (ҚР ЕК 52-бабы 1-тармағының 16-тармақшасы).

Назар аудару қажет, тәртіптік жазаның бір түрінің (ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс) болуы және олар бойынша тәртіптік жазаның мерзімі өтіп кетпеуі қайталану белгісі бар деп саналады.

ҚР ЕК 66-бабының 4-тармағына сәйкес еңбек шартын бұзуды қоспағанда, тәртіптік жаза қолдану мерзімі ол қолданылған күннен бастап алты айдан аспауға тиіс, яғни алты айды есептеу мерзімі жұмыскерге тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы бұйрықпен танысқан күннен бастап жүргізіледі [4].

Қайталануды айқындау кезінде жұмыскердің бұрын қандай теріс қылық: алғашқыдай ма әлде өзге де тәртіптік теріс қылық па, қайталап жасалғанына қарамастан, тәртіптік жаза түрінің болуын басшылыққа алу қажет. Себебі еңбек шартын бұзу негізіне жұмыскердің «еңбек міндеттерін дәлелді себептерсіз қайталап орындамағаны немесе қайталап тиісінше орындамағаны үшін» тәртіптік құқықбұзушылық жасауы жатады.

Жұмыс беруші тарапынан еңбек заңнамасы нормаларының негізгі бұзушылықтарына еңбек шартын бұзу рәсімінің сақталмауы, мысалы, Еңбек кодексінде белгіленген мерзімде жұмыскерлерден жазбаша түсініктеме талап ету туралы құжаттамалық растаудың болмауы, тәртіптік жаза қолдану мерзімі мен тәртібінің бұзылуы жатады, бұл талап қоюшының талап арыз талаптарын қанағаттандыру үшін негіз болып табылады.

Мысалы, К. жұмыс орнында бірнеше рет болмағаны үшін ішкі істер органдарынан шығарылды.

Сот отырысында Жезқазған қаласы ІІБ ювеналды полиция қызметкері болып табылатын К.№9 Мектепке және мектеп-интернатқа бекітіліп, онда аталған оқу орындарында кезекші инспектордың қызметтік міндеттерін тікелей орындағаны анықталады.

Жезқазған қаласының ІІБ бойынша бұйрықпен ол №7 мектепке қайта бекітіліп, онда кезекшілік атқару керек еді, алайда көрсетілген бұйрықпен жазбаша таныспаған. Бұйрықпен танысудан бас тарту туралы Акт берілмеген.

К. бұрынғы мектебінде жұмысын жалғастыра отырып, жалақы алды. 2016 жылғы 15, 22, 25 ақпанда №7 ЖОББМ К. жоқ екендігі туралы актілер жасалды, олармен К. да таныстырылмады, одан жазбаша түсініктеме талап етілмеді.

2016 жылға 15,22,25 ақпанда К. көрсетілген күндері толық жұмыс күнін өтеп, №9 ЖОББМ кезекшілікті жүзеге асырғаны анықталды.

К. тағылған тәртіптік теріс қылық 2016 жылғы 15, 22, 25 ақпанда анықталғанына қарамастан, онымен еңбек шартын бұзу туралы бұйрық 2016 жылғы 12 мамырда шығарылды.

Сот жұмыс беруші еңбек шартын бұзған кезде ҚР ЕК 66-бабының 1-тармағында көзделген бір айлық тәртіптік жаза қолдану мерзімі бұзылғанын анықтады.

Бірлесіп, бұл жағдайлар қызметкерге тәртіптік жаза қолдану рәсімін бұзу ретінде қарастырылады, талапкерді жұмыстан шығару туралы бұйрық заңсыз деп танылды, К. бұрынғы лауазымына қайта тағайындалуымен жойылды.

Жұмыстан босатылған адамдарды жұмысқа қайта алу туралы дауларды қараған кезде, ҚР ЕК 52-бабының 1-тармағының 8-тармақшасына сәйкес, яғни жұмыста болмағаны үшін (жұмыскердің бір жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішінде дәлелді себепсіз үш және одан да көп сағат бойы жұмыс болмауы), онымен еңбек шартын бұзу келесі негіздер бойынша мүмкін:

- жұмыскердің жұмыс орнын дәлелді себептерсіз, сондай-ақ еңбек шартын бұзу туралы хабардар егудің бір айлық мерзімі өткенге дейін қалдырып кеткені;

- жұмыскердің еңбек шартының мерзімі өткенге дейін жұмыс орнын дәлелді себептерсіз қалдырып кеткені;

- жұмыскердің жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішінде қатарынан үш және одан астам сағат, оның еңбек міндеттеріне сәйкес өзіне тапсырылған жұмысты орындауға тиіс жұмыс орнынан тыс жерде жұмыста болмағаны;

- демалысқа, оның ішінде жалақысы сақталмайтын демалысқа (жұмыс беруші жұмыскерге, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалысты қоспағанда оның арызы бойынша ҚР Еңбек кодексінің 100 бабының тәртібімен беруге міндетті) өз бетінше кеткені немесе мереке және демалыс күндерінде жұмыс істегені үшін демалыс күндерін өз бетінше пайдаланғаны үшін [110, 310-317 б.].

Жұмыстан шығарылған адамның жұмыстан шығарылуына оның жұмысты тастап кетуі себеп болса, ол себептерге мыналар жатады: әкімшіліктің рұқсатынсыз жұмыскердің кезекті демалысқа өз бетінше кетуі; демалыс

күндерін өз бетінше пайдалануы; еңбек шартының қолданылуы аяқталғанға дейін жұмысты тастап кетуі; жаңа кәсіпті оқытудан өткен және белгіленген мерзімде өндірісте жұмыс істеуге міндетті болуы.

Жұмысқа қайта алу туралы істер бойынша, еңбек шартын бұзу бұрын осы жұмысты атқарған жұмыскердің немесе қызметшінің осы лауазымға қайта қабылдану себебі бойынша жүргізілген кезде (ҚР ЕК 57-бабының 5-тармағы), сот отырысында бұрын жұмыстан босатылған адамның осы лауазымға қайта қабылдану іс жүзінде орын алғаны және талапкерге оның келісімімен ауысу тәртібімен басқа жұмыс ұсынылғаны тексеріледі (ҚР ЕК 58-бабының 2-тармағы).

Жұмыскер жұмыста алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық масандық (сол тектестер) жағдайында болған, сонымен қатар алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масандық (сол тектестер) жағдайын туғызатын заттарды жұмыс күні ішінде пайдаланған кезде еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасы бойынша (ҚР Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 9) және 10) тармақшалары) бұзылуы мүмкін. Еңбек шартын осы негіздер бойынша бұзу үшін жұмыскердің осындай жағдайға байланысты жұмыстан шеттетілген-шеттетілмегенінің маңызы болмайды.

Жұмыскер жұмыс уақытында өзінің жұмыс орнында емес, өзі жұмыс берушінің тапсырмасы бойынша еңбек функциясын орындауға тиіс болатын ұйымның немесе объектінің аумағында осындай жағдайда болған немесе көрсетілген заттарды пайдаланған кезде де еңбек шартын осы негіздер бойынша бұзу орын алуы мүмкін.

Жұмыскердің мас күйі не есірткілік масаюы немесе өзге типтегі уыттануы медициналық қорытындымен расталуға тиіс.

Жұмыскерді медициналық куәландыруға жіберу туралы шешімді жұмыс беруші уәкілеттік берген адам қабылдайды. Жұмыскер медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан жағдайда, тиісті акт жасалады, ол еңбек шартын Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес бұзуға негіз болып табылады [4].

Жұмыскерді жұмыс орнында жымқыру (оның ішінде ұсақ жымқыру), ұрлау, оны қасақана жою немесе бүлдіргені үшін, егер оның кінәлілігі соттың жұмыскерді жымқыру үшін жауаптылыққа тарту туралы заңды күшіне енген үкімімен дәлелденген болса, жұмыстан шығару туралы істерді қарау кезінде сот талапкердің аталған мүлікті ұрлау фактісінің растығын тексеру кезінде ҚР АПК 65-бабының дәлелдемелерге жол беру туралы ережесін негізге алады.

Осы фактіні растау үшін жауапкер талап қоюшының кінәлілігі соттың жұмыскерді жымқыру үшін жауаптылыққа тарту туралы тиісті түрде куәландырылған сот үкімінің көшірмесін ұсынуы керек. Жымқырумен байланысты мән-жайларды зерттеу кезінде сот ешқандай басқа дәлелдемелерді (куәлардың айғақтарын, жазбаша, заттай дәлелдемелерді) қабылдамайды. Бұл ретте «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2017 жылғы 6 қазандағы ҚР Жоғарғы Сотының Пленумының №9 қаулысында түсіндірілгендей жұмыстан шығару сияқты осындай соңғы жазалау шарасын қолдану үшін заңда белгіленген бір айлық

мерзім соттың үкімі не әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті органның қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі [68].

Жұмысқа қайта алу туралы істерді қарау кезінде міндетті түрде жұмысқа орналастырумен босатуға жол берілетін кәсіпорынды, мекемені, ұйымды толық тарату жағдайларын қоспағанда, жүкті әйелдерді және үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерді (жалғызбасты аналарды – оларда он төрт жасқа дейінгі баласы немесе он алты жасқа дейінгі мүгедек баласы болған кезде) әкімшіліктің бастамасы бойынша жұмыстан шығаруға жол берілмейтінін де ескерген жөн. Аталған әйелдерді міндетті жұмысқа орналастыруды әкімшілік мерзімді еңбек шарты аяқталғаннан кейін олар жұмыстан босатылған жағдайда да жүзеге асырады.

Басқа негіздер бойынша жұмыстан шығарылған адамдарды жұмысқа қайта алу туралы істер, мысалы, заңмен қорғалатын құпияны ашқан жағдайда, жұмыс орнында ұрлық, жымқыру, мүлікті жою, ақшалай және тауарлық құндылықтарға тікелей қызмет көрсететін қызметкер кінәлі әрекеттер жасаған жағдайда, аудандық соттарда сирек қаралады.

Еңбек шартын жасасу кезінде міндетті ережелерді бұза отырып жұмысқа қабылдағанына сілтеме жасай отырып, жұмыстан шығарылған талап қоюшыны жұмысқа қайта алу туралы істі қарау кезінде сот отырысында: нақты адамды белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімінің бар-жоғы; еңбек шарты бойынша жасалған жұмыс медициналық қорытындыға сәйкес осы адамның денсаулық жағдайы бойынша жұмыс істеуге болатындығы, егер жұмысты орындау нормативтік құқықтық актілерге сәйкес арнайы білімді қажет етсе, білім туралы құжаттың болуы анықталу қажет.

ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазанындағы Нормативтік Қаулысының сәйкес сынақтың қанағаттанарлықсыз нәтижесіне байланысты жұмыскермен еңбек шарты бұзылған кезде жұмысқа қайта алу туралы істер аудандық соттың қарауына жатады (ҚР ЕК 52-бабының 1-тармағының 7 тармаушасы).

Қызметкердің тапсырылатын жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатында еңбек шартын жасасу кезінде онда сынақ мерзімі туралы талап белгіленуі мүмкін. Демек, жұмыскер тапсырылған жұмыс бойынша біліктілікке сәйкес келмеген жағдайда теріс нәтижесі туралы жазбаша түрде хабарлауға және еңбек шартын бұзуға құқылы.

Сынақтың қанағаттанғысыз нәтижесі тек тапсырылатын жұмысқа қызметкердің біліктілігіне байланысты объективті деректермен расталуға тиіс. Демек, ешқандай басқа мән-жайлар осы негіз бойынша еңбек шартын бұзуға негіз бола алмайды. Еңбек қатынастарын тоқтатуға негіз болған себептер көрсетіле отырып, сынақтан өтпегені туралы хабарлама тапсырылған (берілген) күн жұмыс берушінің еңбек шартын бұзу туралы актісі шыққан күні болып табылады.

ҚР Еңбек кодексінің 56-бабында көзделген тәртіппен жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде жұмыскер бұл туралы жұмыс берушіні кемінде бір ай бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті. Еңбек

шартында жұмыскердің жұмыс берушіні еңбек шартын бұзу туралы хабардар етуінің неғұрлым ұзақ мерзім белгілеуге жол беріледі. Еңбек шартында хабардар етудің неғұрлым ұзақ мерзімі болған кезде, егер тараптар хабардар ету мерзімін қысқарту туралы келісімге келмесе, жұмыскер жұмыс берушіні еңбек шартының тараптары келіскен мерзімде хабардар етуге міндетті. Еңбек шартын бұзу туралы хабарлама қызметкердің жұмыс істеген және жұмыс істемеген уақытын (мысалы, демалыста, уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңінде және т.б.) қамтиды.

Хабарлама мерзімі өткеннен кейін Еңбек кодексі жұмыс берушіге еңбек шартын бұзуды рәсімдеу, яғни бұйрықты уақтылы шығару және жұмыскерді бұйрықпен таныстыру және оның көшірмесін тапсыру не бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарламасы бар хатпен жіберу бойынша міндет жүктейді.

Еңбек шартын бұзуға негіз болған себептер көрсетілген хабарлама тапсырылған күн бұйрық шығарылған және еңбек шартын бұзған күн болып табылады.

Мысалы, талап қоюшы Б. жауапкер – Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне талап қоюшыны Мемлекеттік кірістер департаментінің бас маман қызметінен - экономикалық тергеу Қызметінің тергеушісі, сынақ мерзімімен жұмысқа алынғандығын себеп етіп жұмыстан шығару туралы тәртіптік комиссиясы мәжілісінің хаттамасын заңсыз деп тану туралы сотқа талаппен жүгінді.

Мемлекеттік кірістер департаментінің бұйрығымен ол қызметінен босату түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Аталған бұйрықты шығаруға МКД тәртіптік комиссиясының ұсынымы негіз болды. Жұмыстан босатылған кезде оның сынақ мерзімінде болғаны, яғни лауазым еңбек заңнамасына сәйкес бекітілмегені және ол атқаратын қызметінен босатылуға жатпағаны көрсетіледі.

Алматы қаласы Алмалы ауданы №2 аудандық сотының шешімімен Б. – ның талапарызын толық көлемде қанағаттандырудан бас тартылды. Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының қаулысымен Алматы қаласы Алмалы ауданы №2 аудандық сотының шешімі бұзылып, іс бойынша талап арызды қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылданды.

Шағым талаптарын қанағаттандырып, апелляциялық сатыдағы сот келесі қорытындыға келді.

МКД бұйрығымен талапкер жоғарыда аталған лауазымға 3 ай сынақ мерзімімен тағайындалды.

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 12-бабының 1, 2, 3, 4-тармақтарына сәйкес құқық қорғау қызметіне алғаш кіретін адамдар үшін тиісті лауазымға тағайындала отырып, үш айға дейін сынақ мерзімі белгіленеді. Межелік бақылау нәтижелері бойынша сынақ мерзімі үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.

Б. үшін МКД бұйрығымен сынақ мерзімі қызметтік тексеру аяқталғанға дейін ұзартылды.

Б. өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін МКД бұйрығымен қызметінен босату түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Қызметкерлерді жұмыстан шығару үшін негіздемелер тізбесі Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 80-бабында белгіленген, ол толық болып табылады және кеңейтілген түсіндіруге жатпайды. Бұл ретте осы тізбеде өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамау сияқты негіздер жоқ.

Сотқа жүгінген кезде талап қоюшы сынақ мерзімінде болды, осыған байланысты ол «сынақ мерзімі ішінде қызметке жарамсыздығы анықталған» негізінде ғана жұмыстан шығарылуы мүмкін еді.

ҚР ЕК 37-бабында жұмыскердің сынақ мерзімі кезеңіндегі жұмысының теріс нәтижесі кезінде жұмыс берушінің еңбек шартын бұзу құқығы көзделеді, бұл ретте жұмыс беруші жұмыскерге еңбек шартын бұзу үшін негіз болған себептерді көрсете отырып, жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Сынақтың қанағаттанғысыз нәтижесі тек тапсырылатын жұмысқа қызметкердің біліктілігіне байланысты объективті деректермен расталуға тиіс. Демек, ешқандай басқа мән-жайлар осы негіз бойынша еңбек шартын бұзуға негіз бола алмайды. Алайда, ҚР ЕК-де де, Жоғарғы Сот Пленумының аталған қаулысы да соттың «қанағаттанарлықсыз нәтижені» бағалау критерийлерін анықтамайды. Қызметкердің оның тапсырылған жұмысқа сәйкестігін дәлелдеудің процестік мүмкіндіктері көрсетілмеген.

Егер ҚР ЕК 52-бабының 1-тармағының 4-тармақшасы бойынша, яғни жұмыскердің біліктілігі жеткіліксіз болған жағдайда, белгілі бір ережелер бойынша жоғары білікті тар мамандар жүргізетін аттестаттау нәтижелерімен осындай жеткіліксіздікті растау талап етілетіндіктен жұмыстан босатылса, ҚР ЕК 37-бабы бойынша жұмыстан босатылған кезде жұмыс берушіге жұмыскерді осы қызметкерді сынақтан өтпеді деп тануға негіз болған себептерді көрсете отырып, 3 күннен кешіктірмей жазбаша нысанда ескерту жеткілікті.

Сот тәжірбиесінен мысал, Атырау облыстық соты сот алқасының қаулысымен Қ.Қ. ЖШС-нің бұйрықты заңсыз деп тану, жұмысқа қайта алу және уақытша жұмыстан босатылғаны үшін жалақы өндіріп алу туралы талап-арызын қанағаттандырудан бас тартылды.

Келісу комиссиясының шешімімен К. - мен еңбек шартын бұзу заңды деп танылды. Келісу комиссиясының шешімімен келіспеген К. сотқа жүгінді.

ҚР ЕК 37-бабының 1-тармағына сәйкес жұмыс беруші сынақ мерзімі кезеңінде жұмысшының жұмысы теріс нәтиже берген кезде еңбек шартын бұзуға негіз болған себептерді көрсете отырып, оны жазбаша түрде хабардар ете отырып, онымен еңбек шартын бұзуға құқылы.

Талапкерге еңбек шартының бұзылу себептері туралы жазбаша түрде хабарланды, бұл 2016 жылғы 25 мамырдағы хабарламамен расталды.

ҚР ЕК 36 бабының 1 тармағына сәйкес еңбек шартын жасасу кезінде онда жұмыскердің тапсырылатын жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатында сынақ мерзімі туралы талап белгіленуі мүмкін.

Еңбек келісім шартының 2.7.- тармағының негізінде жауапкер мен талапкер К. арасында жасалған 2016 жылғы 25 ақпандағы еңбек шарты 3 айға 2016 жылдың 25 мамырына дейін созылды.

Еңбек шартын бұзу алдында талап қоюшының тікелей басшысы болған үйлестіруші жүргізген сынақ мерзімінің нәтижелері бойынша жұмыс нәтижелерін бағалау жүргізілді.

Жұмыскерлерді негізсіз және заңсыз жұмыстан шығаруды қысқарту мақсатында заң шығарушы жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзуға байланысты мәселелерді қарау кезінде сайланған кәсіподақ органының міндетті түрде қатысуын енгізді. ҚР ЕК 146-бабына сәйкес кәсіптік одақтың кәсіподақ органдарының құрамына кіретін жұмыскерлердің еңбегі «Кәсіптік одақтар туралы» 2014 жылғы 27 маусымдағы №211-V Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі- Кәсіподақтар туралы Заң) көзделген ерекшеліктермен бірге Еңбек кодексімен реттеледі [96].

Кәсіподақтар туралы Заңның 26-бабының 1, 2, 3-тармақтарына сәйкес негізгі жұмысынан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органдарының уәжді пікірінсіз тәртіптік жазаға тартылмайды. Заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайлардан басқа, негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерімен еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға осы адамдар мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының уәжді пікір ескеріле отырып, еңбек шартын бұзудың жалпы тәртібі сақталған кезде жол беріледі.

Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзудың заңдылығы немесе тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы дауды шешкен кезде соттар «кәсіподақ мүшесі» және «сайланбалы кәсіподақ органының мүшесі» ұғымдарының ара-жігін ажыратқаны жөн. Заңнама кәсіптік одақтың кәсіподақ органының негізгі жұмысынан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелеріне қатысты дәлелді пікірін алуды талап етеді. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу және тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы бұйрық шығарған кезде жұмыс беруші кәсіптік одақтың кәсіподақ органының уәжді пікірін алуға міндетті.

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзған немесе негізгі жұмысынан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органының мүшесін тәртіптік жауаптылыққа тартқан кезде кәсіптік одақ органының уәжді пікірінің болмауы жұмысқа қайта алу туралы талапты қанағаттандыру үшін сөзсіз негіз болып табылады, өйткені уәжді пікір бұйрық шыққанға дейін алынуға тиіс.

Жұмыскердің заңсыз негізде немесе заңда көзделген тәртіпті бұза отырып жұмыстан босатылғанын анықтай отырып, сот өз шешімімен оны бұрынғы жұмысында қалпына келтіреді және жауапкерден мәжбүрлі бос жүрген уақыты үшін жалақысын немесе төмен ақы төленетін жұмысты орындаған барлық уақыты үшін жалақысының айырмасын талапкердің пайдасына өндіріп алады (ҚР ЕК 161-бабы).

Талапкердің өтініші бойынша жұмысқа қайта алу туралы дауды шешкен кезде сот оны жұмысқа қайта алмауы мүмкін, бірақ жұмыстан шығаруды

заңсыз деп тани отырып, жұмыстан шығару себебінің тұжырымдамасын «өз еркімен» деп өзгерте алады.

Егер жұмысқа қайта алу туралы дауды шешу кезінде сот жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтатуға немесе бұзуға негізі бар екенін мойындаса, бірақ бұйрықта Еңбек Кодексінің немесе өзге де заңның қате негізіне сілтеме жасалған болса, сот талап қоюды қанағаттандырудан бас тартады. Сонымен бір мезгілде сот шешімнің дәлелдеу бөлігінде Еңбек кодексінің немесе еңбек шарты тоқтатылуға немесе бұзылуға жататын өзге де заңның нақты негізін көрсетуге тиіс. Жұмыстан босату себебін дұрыс емес тұжырымдау жұмыскерді басқа мекемеге, ұйымға, кәсіпорынға жұмысқа орналасу мүмкіндігінен айырды деп дәлелденсе, сот оның пайдасына мәжбүрлі жұмыстан шығу кезіндегі орташа жалақыны өндіріп алады.

Егер жұмыскердің жұмыстан босатылғаны немесе заңды анық бұза отырып басқа жұмысқа ауыстырылғаны анықталса, сот өз шешімімен іске үшінші тұлға ретінде қатысуға тартылған лауазымды адамға, бұған кінәлі, талапкерге мәжбүрлі түрде жұмыстан босатылған уақыты үшін жалақы төлеуіне байланысты кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға залалды өтеу міндетін жүктейді. Бұл жағдайда сот осы лауазымды тұлғаның болашақта осындай бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шараларды қабылдау міндетін орындайды. Лауазымды адамға залалды өтеу жөніндегі міндеттерді жүктеуге негіздер болмаған кезде шешімде тиісті себептер жазылуға тиіс.

Заңсыз жұмыстан шағарылған жұмыскерді жұмысқа қайта алу туралы, сондай-ақ мәжбүрлі бос жүрген уақыты үшін үш айлық жалақыны өндіріп алу туралы сот шешімі дереу орындалуға жатады (ҚР АПК 243-бабының 3-тармағы). Істі қадағалау тәртібімен тексеру үшін талап еткен жағдайда оның орындалуын тоқтата тұруға болмайды. Шешім орныдалмаған кезде сот жұмыскерге шешім шығарылған күннен бастап оның орындалған күніне дейінгі барлық уақыт үшін орташа жалақысын немесе жалақысының айырмасын төлеу туралы ұйғарым шығарады. Сот шешімінің орындалмауы салдарынан жұмыскерге ақша сомасын төлеуден келтірілген залал талап қоюшы сондай-ақ соттың бастамасы бойынша немесе прокурордың өтініші бойынша кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның, немесе бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған органның жұмысқа қайта алу туралы сот шешімінің орындалмауына кінәлі лауазымды адамнан өндіріліп алынуы мүмкін.

Жұмыскерлерді жұмыстан заңсыз шығару, басқа жұмысқа ауыстыру және жұмысқа қайта алу туралы істер бойынша сот шешімдерін орындауда әуресарсаңға салу жағдайларының алдын алу мақсатында сот істі қарау кезінде заңдылықты бұзғандығын анықтап, жеке ұйғарым шығаруға және оны кемшіліктерді жою шараларын қолдану үшін тиісті кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға, лауазымды адамдарға жіберуге тиіс, бұл ретте соңғылары сотқа өздері қабылдаған шаралар туралы хабарлауға міндетті.

Осылайша, сот практикасын талдай отырып, еңбек дауларының көпшілігі жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылған жұмыскерді жұмысқа алу туралы даулар деп қорытынды жасауға болады. ҚР ЕК 53-бабына сәйкес жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу негіздерінің

тізбесін көздейді. Онда барлық жұмыскерлерге қолданылатын негіздер де, жұмысшылардың белгілі бір санатына ғана қолданылатын негіздер де бар. Бұл ретте заңнамада жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатуға тыйым салу жағдайлары белгіленгенін атап өту қажет, мұны соттар назарға алуға тиіс.

Жұмыстан босатумен байланысты туындайтын еңбек дауларын тез және дұрыс шешудің маңыздылығына, азаматтардың еңбекке конституциялық құқығын заңсыз бұзудың көптеген жағдайларына байланысты соттар жүйесінде жұмысқа қайта алу туралы істерді және басқа да еңбек дауларын қарау бойынша сот алқасын құру қажет.

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңының 80-бабының 12) тармақшасында сәйкес құқық қорғау қызметкерлері қызметтік тәртіпті «өрескел» бұзғаны үшін жұмыстан шығарудың бір негізі ретінде көрсетілген. Бірақ «Құқық қорғау қызметі туралы» заңында да, Еңбек кодексінде де «өрескел» бұзушылық анықтамасына түсінік берілмеген. Зерттеу барысында, аталған мәселе 2007 жылы күші жойылған Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 493 Заңында қарастырылғаны анықталды. Алайда осы күші жойылған заңда «бір рет өрескел бұзған жағдайда» деп көрсетілген. Аталған сөз тіркесі түсініксіз, себебі *өзі өрескел* бола тұра, қалай оны бір рет жасайды деген сұрақ туындайды. Сондықтан, осы ұғымды 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 52-бабына төмендегідей жана редакцияда қайта еңгізу керек.

«26) қызметкер еңбек міндеттерін өрескел бұзған жағдайда бұзылуы мүмкін».

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 1-бабында «өрескел бұзышылықтың» негізгі ұғымын «еңбек міндеттерін өрескел бұзу - бір жұмыс күні ішінде дәлелсіз себеппен қатарынан үш сағат және одан да көп уақыт бойы жұмыста болмауы; жұмысқа алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйде келуі; жұмыс күні ішінде масаң жағдайды туғызатын алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық (соларға ұқсас т.б. заттарды) заттарды пайдалануы; жұмыскердің еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі не көлікте жүру қауіпсіздігі ережелерін, жарақат алу мен аварияларды қоса алғанда, ауыр зардаптарға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін болатындай бұзуы; жұмыс орнында заңды күшіне енген сот үкімімен немесе қаулысымен анықталған мүлікті ұрлауы (соның ішінде ұсақ заттар да) жатады» деп қосу қажет.

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңының 80-бабында жұмыстан шығарудың негіздері қаралған. Аталған баптың 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес «құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін» деп аталған тармақшаға берілген түсінікті кеңейту қажет. Себебі сотқа шағымдану барысында аталған бапқа сілтеме берілгенде жұмыс берушінің әрекеттері заңсыз деп танылған жағдайлардың статистикасы өте көп. Сондықтан жоғарыдағы заң тармағына Жоғарғы сот тарапынан түсініктеме беріліп Нормативтік қаулы қабылдануы тиіс деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ Заңының 50-бабына сәйкес мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар қарастырылған. Оған сәйкес мемлекеттік қызметшілердің мынадай іс-әрекеттері мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар болып танылады:

1) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне **құқыққа сыйымсыз** араласуы;

4) шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға **құқыққа сыйымсыз** қолдау көрсетуі;

Сот тәжірибесінен байқағанымыздай «құқыққа сыйымсыз» деген әрекеттер процесс барысында әртүрлі түсініледі. Ал бұл әділ соттың жүзеге асырылуына мүмкіндік бермейтін бірден-бір жағдай. Осы себепті, ҚР еңбек кодексінің 52-бабында жұмыскермен еңбек шартын бұзудың негізі ретінде қаралып, кодексте және ҚР мемлекеттік қызметі туралы Заңында «құқыққа сыйымсыз әрекеттер» ұғымына түсінік беру қажет.

2.2.2 Жұмыскерлердің еңбек ақысын төлеуге байланысты еңбек дауларын сот тәртібінде қарау

Еңбекке ақы төлеу құқығы азаматтардың маңызды әлеуметтік құқықтарының бірі болып табылады. Сонымен бірге, қаржылық дағдарыстар жағдайында азаматтардың еңбек құқықтары өте осал, өйткені кәсіпкерлер жалпы қаржылық-экономикалық жағдайға да, өздерінің басқару қателіктеріне де байланысты шығындарды азайтуға тырысады. Еңбек саласындағы заңсыз әрекеттердің бір көрінісі - жұмыскерлерге жалақы төлемеу немесе оны толық төлемеу.

Еңбекке қабілетті халықтың көпшілігі үшін жалақы өмір сүрудің жалғыз көзі болып табылады, сондықтан оны кешіктіру немесе тіпті адал емес жұмыс берушілер төлемеу жағдайлары адамды қиын жағдайға душар етеді, ол көптеген айлар бойы өзіне тиесілі ақшалай төлемді күтуге мәжбүр болады, сонымен бірге тұрақты табыс көзі жоқ болса да отбасын асырау үшін күнделікті шығындарды қажет етеді.

Жалақы төлемеу фактілері туралы ақпарат әртүрлі көздерден алынуы мүмкін. Көбінесе бұл жұмыскерлердің прокуратураға немесе еңбек саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі органға шағымдары. Осы заңсыз іс-әрекеттер туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарынан сирек түсендіріледі және прокуратура мен мемлекеттік еңбек инспекциясының жоспарлы бақылау-қадағалау қызметі барысында анықталады.

Сонымен, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жалақы - бұл жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына байланысты еңбек үшін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер. Осылайша, бұл нақты жұмыс істеген уақыт төлем, үстемақылар, өтемақылар (еңбек демалысы үшін), сондай-ақ егер ол еңбек шартында көзделген болса, бонустық бөлік (мотивация, сыйақы), яғни, жұмыс беруші жұмыскерге заңдарға сәйкес төлеуге тиіс алдын ала белгіленген мөлшердегі ақша қаражаты (ҚР ЕК 103-бабы және 2016 жылғы 27 мамырдағы

Жеке меншік ұйымдардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар) [111].

Еңбекке ақы төлеу мәселелері бойынша еңбек дауларды әртүрлі нұсқалардың болуы мүмкін: бос тұрып қалған уақыт үшін, өнімнің жарамсыздығы үшін, өндіріс нормаларын орындамау, үстеме жұмыс немесе демалыс және мереке күндері жұмыс істеу, түнгі жұмыс үшін, кәсіптерді (мамандықтарды) біріктіру кезінде ақы төлеу, ауыстыру, жалақының (мөлшерінің) штат кестесіне немесе жұмыскердің тарифтік дәрежесіне сәйкес келмеуі, қосымша төлемдер, үстемақылар төлеу, іссапарлар кезінде өтемақы төлеу, басқа жерге ауыстыру, пайдаланылмаған демалыс үшін, ақша талаптары бойынша басқа да бірқатар жағдайларда жалақының дұрыс ұсталмауы туралы. Сондай-ақ, жалақы төлеу бойынша заңда белгіленген мерзімдерде жалақы төлемеу (яғни жұмыс істелгеннен кейінгі әр айдың 10-ы күніне дейін); еңбек шарты тоқтатылған кезде пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін жалақы және өтемақы төлемеу (еңбек шарты тоқтатылғаннан кейін 3 күннен кешіктірмей) сияқты бұзушылықтар болуы мүмкін; айыппұл, тексеру нәтижелері бойынша шегерімдер және тағы сол сияқтылар түріндегі жалақыдан заңсыз ұстап қалу (жұмыскердің жазбаша келісімінсіз бұған еңбек заңнамасында тыйым салынады).

Жұмыскерлердің барлық осы даулары жалпы тәртіппен қарастырылады. Әрбір нақты жағдайда еңбек құқығының тиісті нормалары қолданылады және тиісті дәлелдемелер де талап етіледі.


Есептелген жалақыны кешіктіруге қатысты даулар қазір өте өткір. Айта кету керек, жалақы және басқа да төлемдер туралы талапарыздардың 80% талап арызды қанағаттандырумен аяқталады (3-кесте).

Кесте 3. Қазақстан Республикасы сотында 2015-2019 жылдар аралығында жалақы төлеу туралы қаралған еңбек дауларының мәліметтері.

| Көрсеткіштер | жылдар | | | | | ауытқулар 2019/2015 | |
|--|--------|------|------|------|------|------------------------|------|
| | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | +; - | % |
| Барлығы келіп түскен | 3884 | 4227 | 4688 | 4186 | 3515 | - 369 | 90,5 |
| Шешім шығарумен | 1754 | 1885 | 1896 | 1565 | 1178 | - 576 | 67,1 |
| - қанағаттандырылды | 1377 | 1525 | 1543 | 1248 | 871 | - 506 | 63,2 |
| - бас тартылды | 377 | 360 | 353 | 317 | 307 | - 70 | 81,4 |
| қайтарылды | 570 | 515 | 271 | 400 | 860 | | |
| қараусыз қалдыруылды | 721 | 603 | 665 | 736 | 613 | - 108 | 85 |
| қысқартылды | 746 | 1148 | 1708 | 1360 | 772 | | |
| Соттылық бойынша | 93 | 76 | 148 | 125 | 92 | - 1 | 99 |
| Ескертпе: автормен дерек көздері негізінде құрастырылған [104] | | | | | | | |

3-кестеден көріп отырғанымыздай, 2015 жылы соттардың қарауына барлығы 3884 іс келіп түскен және жыл сайын 10%-ға өскен, тек 2019 жылы 2018 жылға қарағанда келіп түскен жалпы істердің 15% түсіп, оның 25%- ын ғана соттар қанағаттандырған.

2-суретте 2015-2019 жылдардағы ҚР-да жұмыскердің еңбекақысын төлеуге байланысты қаралған еңбек даулары графикалық түрде көрсетілген.




2-сурет. 2015-2019 жылдарда ҚР-да жұмыскердің еңбекақысын төлеуге байланысты еңбек дауларын қарау

4-кесте 2015-2019 жылдар аралығында Қазақстан Республикасындағы қызметкерге есептелген, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы, оның ішінде БЖЗҚ (Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры) міндетті зейнет ақы аударымдарын аудару туралы деректер көрсетілген.

| Көрсеткіштер | жылдар | | | | | ауытқулар 2019/2015 | |
|--|--------|------|------|------|------|---------------------|------|
| | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | +; - | % |
| Барлығы келіп түскен | 5249 | 5855 | 6225 | 6627 | 1329 | -3920 | 25,3 |
| Шешім шығарумен | | | | | | | |
| - қанағаттандырылды | 4844 | 5461 | 5886 | 6113 | 882 | -3962 | 18,2 |
| - бас тартылды | - | - | - | - | - | - | - |
| қайтарылды | 405 | 394 | 339 | 514 | 447 | - | - |
| Ескертпе: автормен дерек көздері негізінде құрастырылған [104] | | | | | | | |

4-кестеде көрсетілгендей, ҚР жұмыскерге есептелген, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу, оның ішінде БЖЗҚ міндетті зейнетақы аударымдарын аудару туралы істердің сотта қаралуы 2015 жылдан 2018 жылға дейін жылына 10% жоғарлап келген, ал 2019 жылы оның саны айтарлықтай 5 есеге төмендеген.

3-суретте 2015-2019 жылдар аралығында ҚР қызметкерге есептелген, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу, оның ішінде БЖЗҚ міндетті зейнетақы аударымдарын аудару кестесі көрсетілген.



3-сурет. 2015-2019 жылдар аралығында ҚР қызметкерге есептелген, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу, оның ішінде БЖЗҚ міндетті зейнетақы аударымдарын аудару

Жоғарыда келтірілген статистикалық мәліметтерге сәйкес, сотқа жалақыны өндіруге байланысты көбіне кездесетін істер, ол экологиялық қасірет аймақтарында орналасқан жұмыс берушілердің жалақыны төлеу барысында Қазақстан Республикасының 1992 жылы 30 маусымдағы «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңының талаптарын сақтамауда. Атап айтқанда, 12 бабының 2 тармақшасына сәйкес жұмыс берушілер Арал өңіріндегі экологиялық қасірет аумағында орналасқан жұмыскерлерге төмендегі белгіленген коэффициентті қолдана отырып, еңбекке ақы төлеуі қажет:

- экологиялық апат 1,5 есе, оған кіретіндер: Қызылорда облысының Арал және Қазалы аудандарының, Ақтөбе облысының Шалқар ауданының аумақтары;

- экологиялық дағдарыс 1,3 есе, оған кіретіндер: Қызылорда қаласы және әкімшілік-аумақтық бағынысына кіретін елді мекендерді қоса алғанда, Байқоңыр қаласы;

- экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақтар 1,2 есе, Сонымен, Еңбек шартына сәйкес жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, жұмыскерге жалақыны және басқа да төлемдерді уақытылы және толық мөлшерде төлеуге міндетті [112].

ҚР ЕК 10-бабының 3-тармағына сәйкес, жұмыс беруші еңбек шартында және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыскерден еңбек шартында көзделмеген жұмысты орындауды талап етуге құқылы емес және еңбек шартының талаптарын жұмыс беруші біржақты тәртіппен өзгерте алмайды.

Еңбек Кодексінің 121-бабына сәйкес жұмыскерді келісілген еңбек функциясы бойынша және жасалған еңбек шартының талаптары бойынша еңбек ету мүмкіндігінен заңсыз айыру жұмыс берушінің материалдық

жауапкершілігіне әкеліп соғады. Материалдық жауапкершілік жұмыскерге еңбек, ұжымдық шарттар, жұмыс берушінің актілері, ҚР еңбек заңнамасына сәйкес жұмыскерге төленетін жалақы мен басқа да төлемдерді өтеуден көрінеді.

ҚР ЕК 161-бабына сәйкес бұрынғы жұмысына қайта алынған жұмыскерге амалсыз бос жүрген барлық уақыты үшін жалақы немесе басқа жұмысқа заңсыз ауыстырылған кезде төмен ақы төленетін жұмысты орындау уақыты үшін, бірақ алты айдан аспайтын уақытқа жалақыдағы айырма төленеді.

Жеке еңбек дауын қарау жөніндегі келісу комиссиясының не соттың жұмыскерді бұрынғы жұмысына қайта алу туралы шешімі дереу орындалуға тиіс. Жұмыс беруші жұмысқа қайта алу туралы шешімнің орындалуын кідірткен кезде келісу комиссиясы не сот жұмыскерге шешімнің орындалуы кешіктірілген уақыт үшін жалақы немесе жалақыдағы айырма төлеу туралы шешім шығарады.

Қорыта келе, Қазақстан Республикасының 2015 жылы 23 қарашада №414-V қабылданған Еңбек Кодексіне 2020 жылдың 7 шілдесінде енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес ҚР ЕК 161-бабының 1, 2-тармақтарында көрсетілген орташа сөзі алынып тасталған. Бұрынғы жұмысына қайта алынған жұмыскерге бос жүруге мәжбүр болған бүкіл уақыты үшін жалақысы немесе басқа жұмысқа заңсыз ауыстырылған кезде төмен ақы төленетін жұмысты орындаған уақыт үшін жалақысындағы айырма, бірақ алты айдан аспайтын уақытқа төленеді делінген. Бұл мемлекеттік еңбек инспекторлары мен ішкі мемлекеттік аудиторлардың және аудандық немесе мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың іс қарау барысынша біршама қиындықтарға алып келетіні сөзсіз. Сондықтан да, біздің ұсынысымыз бойынша бұрынғы Еңбек Кодексінде берілген «орташа» жалақы ұғымы қалғаны дұрыс, себебі жалақыны өндіру барысында жұмыскерлердің 12 айда алған табысын қоса отырып, оның шекті мөлшерін анықтайтын [113, 454-456 б.].

Бұзылған еңбек құқытарын қалпына келтіру мақсатында жұмыскерлер келісу комиссиясына, мемлекеттік еңбек инспекторына, содан кейін сотқа жүгінетінін атап өткен жөн.

Сонымен, есептелген, бірақ төленбеген жалақыны өндіріп алу туралы даулармен мемлекеттік еңбек инспекторы да және мемлекеттік қызметшілер мен құқық қорғау органы қызметкерлерінің жалақысын өндіру барысында ішкі мемлекеттік аудиторлар айналысады. Жұмыс беруші жалақыны төлемеген немесе кешіктірген кезде жұмыскердің құқықтарын қорғаудың ең қол жетімді әдістерінің бірі - еңбек заңнамасы саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік органға көмек сұрау. Мұндай бақылауды мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асырады. Ол туралы Ереже «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министірлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы №81 қаулысымен бекітілген [114]. Осы қаулымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде еңбек қатынастары саласындағы өкілеттіктерді жүзеге асыратыны көзделген: оның

міндеттерінің бірі еңбек құқықтары мен жұмыскерлерді жұмыс берушілердің нұқсан келтіретін заңсыз әрекеттерінен қорғау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орган жұмыскерлер мен олардың бірлестіктерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтарының бұзылуы туралы өтініштер мен шағымдарын қабылдайды және қарайды және оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды. Олар жұмыс берушілерге, ұйым әкімшілігінің лауазымды адамдарына еңбек заңнамасының бұзылуын жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар көрсетуге және ұйым әкімшілігіне өздеріне өтініш, шағым жасаған жұмыскерлер туралы мәліметтерді хабарламауға құқылы.

Жұмыс берушінің жалақы төлеуі туралы нұсқамаға жоғары тұрған мемлекеттік еңбек инспекторына немесе сотқа нұсқама алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шағым жасалуы мүмкін.

Нұсқама мемлекеттік еңбек инспекторы белгілеген мерзімде орындалмаған және шағым жасау мерзімі өткеннен кейін, егер оған шағым жасалмаса, нұсқама көрсетілген мерзімдер өткеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңына сәйкес аумағы бойынша тиісті әділет органына не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына мәжбүрлеп орындатуға жіберіледі [115].

Жоғары тұрған мемлекеттік еңбек инспекторы нұсқамаға шағым түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде шағым бойынша тиісті шешім қабылдайды.

Ұйғарымға сот тәртібімен шағым жасалған жағдайда, ол сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумағы бойынша тиісті әділет органына не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына мәжбүрлеп орындатуға жіберіледі.

Мемлекеттік еңбек инспекторының нұсқаманы орындауға мәжбүрлеу туралы талабы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды.

Мәселен, Ақтөбе облысының мемлекеттік еңбек инспекторы М. «Ақтөбе облысы бойынша кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі- ҚМУ) ұйғарымды орындауға мәжбүрлеу туралы талап арызбен сотқа жүгінді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы облыстық соттың сот алқасының қаулысы мен қалалық соттың ұйғарымын күшінде қалдырды.

Іс бойынша шығарылған сот актілерін күшінде қалдыра отырып, кассациялық сатыдағы сот даулы құқықтық қатынастар туындаған кезде қолданыста болған ҚР ЕК 333-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының анықталған бұзушылықтарына қарай мемлекеттік еңбек

инспекторы, оның ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығарады (жасайды) деген қорытындыға келді.

Мемлекеттік еңбек инспекторының актілері жұмыс берушілер мен лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарын бұзуына ықал етудің құқықтық шаралары болып табылады. Актілер екі данада жасалады, оның біреуі жұмыс берушіге жазбаша тапсырылады.

Мемлекеттік еңбек инспекторының актілері лауазымды адамдар, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.

Салыстырмалы құқықтық зерттеулердің маңызды міндеттерінің бірі- ұлттық еңбек құқығының дамуын әлемдік тенденциялармен салыстыру және оның негізінде «еңбек құқығының ұлттық жүйесі осы тенденциялармен қандай дәрежеде үйлеседі, ол әлемдік дамудан озып кетті ме, әлде одан артта қалды ма, әлде басқа, қарама-қарсы бағытта қозғалады ма» анықтау [139, 24 б.].

Шет елдерде еңбек дауларын сотта қараудың үлкен тәжірибесі бар, осыған байланысты оң жинақталған тәжірибені алу мүмкін, ал кейде қажет.

Әр түрлі мемлекеттердің заңнамаларында еңбек дауларын сот арқылы шешудің екі түрін ажыратуға болады: қарапайым және мамандандырылған соттар, сонымен қатар кейбір елдерде құрылған арнайы квази-сот әкімшілік органдары мен агенттіктерін бөліп көрсету қажет. Айта кету керек, мұндай әкімшілік агенттіктер едәуір шектеулі юрисдикцияға ие, оларда тек заңмен қарастырылған еңбек дауларының жекелеген түрлері қарастырылуы мүмкін. Сонымен қатар, мұндай органдардың шекаралық сипатына байланысты олар тұрақты бақылау объектілері болып табылады және сотта шешілген дауларды қайта қарау жағдайлары жиі кездеседі.

Көптеген елдерде, Қазақстан Республикасында да, еңбек дауларын қарау бойынша мамандандырылған сот инстанциялары жоқ, өйткені даулар азаматтық-құқықтық сипаттағы даулар сияқты тәртіппен шешіледі. Егер жұмыскердің еңбек қызметінің негізінде жүзеге асырылған еңбек дауы туындағанда, сот қарауы жеке еңбек шарты негізінде де, ұжымдық еңбек шарты негізінде де, сондай-ақ азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде де туындауы мүмкін. Кейбір елдердің соттары, еңбек дауларын қарауда басым рөл атқарады, мысалы, Нидерланды, Италия, Австрия, сондай-ақ Ресей [140, 136-139 б.].

Айта кету керек, көп жағдайда шетелдің еңбек құқығы доктринасында мамандандырылған сот және квази-сот құрылымдарының тиімділігі мен қажеттілігі туралы айтылады, ал көптеген судьялар әрбір білікті судьяның осындай дауларды шешу үшін қажетті құзыреттілігі бар деп мәлімдейді. Сонымен қатар, шетелдік заңгерлердің арасында еңбек әділдігі қарапайым соттардың өкілеттіктері мен функцияларын «тартып алады» деген пікір бар. Бұл ұстаныммен келісу қиын, өйткені мамандандырылған соттар болған кезде олардың өкілеттіктері мен функциялары жалпы юрисдикция соттарының құзыретінен заң жүзінде шектелуі тиіс.

Бірнеше елдердің еңбек дауларын реттеудің ерекшеліктерін мысалдармен қарастырайық: Германия Федеративтік Республикасы, Француз Республикасы, Түркия Республикасы, Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы.

Еуропа елдеріндегі еңбек дауларын құқықтық реттеу ұқсас сипаттарға ие, өйткені екеуі де, әдетте, романдық-герман (континенттік) құқықтық отбасына жатады. Дегенмен, елдердің тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктеріне байланысты көптеген айырмашылықтар бар, оларды зерттеу тиісті саладағы ең сәтті құқықтық реттеу тәжірибесін анықтауға және оны өз еліндегі еңбек қатынастарын құқықтық реттеу моделін жетілдіруде қолдануға мүмкіндік береді [80, 93 б.].

Мамандандырылған еңбек соттары құрылған елдердің жеке топтарын (Германия, Франция, Түркия) құрайды.

Германия. Еңбек соттарының құзыреті өте кең және еңбек дауларының басым көпшілігі осындай соттарға бағынышты елдердің бірі Германия болып табылады, осыған байланысты кейбір авторлар аталған жүйені үлгілі деп санайды. Осы жүйенің соттарының ерекше юрисдикциясына кіретін даулар: еңбек қатынастарының тоқтатылуына байланысты міндеттемелерге қатысты еңбек шартының болуына немесе болмауына байланысты және одан басқа даулар, еңбек қатынастары саласындағы құқық бұзушылықтарға байланысты, бұл «еңбек даулары соттары жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы еңбек қатынастарынан туындайтын барлық құқықтық жанжалдарға қатысты ерекше юрисдикцияға ие» дегенді білдіреді. Мұндай соттардың айрықша құзыретіне Еңбек туралы конституциялық заңға сәйкес жұмыс беруші ұйымның басшы органдарында жұмыскерлердің мүдделерін білдіру кезінде туындайтын дауларды қарау да кіреді. Бүкіл жүйе үш деңгейлі соттардан тұрады: бірінші және апелляциялық сатыдағы жер соттары (Lander) және еңбек даулары бойынша федералды сот (Bundesarbeitsgericht). Дауларды үш судьядан тұратын алқалар шешеді, онда алқа мүшелерінің екеуі кәсіби емес судьялар, оларды жұмыс берушілер мен кәсіподақтар сайлайды, ал кәсіби судья алқа төрағасы болып табылады. Федералды сотта дауларды бес судья қарайды, олардың үшеуі-кәсіби судьялар, ал қалған екеуі-кәсіподақтар мен жұмыс берушілер бірлестіктері ұсынатын арнайы тізімдер бойынша сайланған судьялар. Алайда бұл жағдайдағы ерекшелік - халық алқабилері судьялардың қызметін сот мүшелері ретінде жүзеге асыру кезінде оларды сайлаған ұйымдарға есеп бермейді. Бірінші сатыдағы соттарға, сондай-ақ апелляциялық соттарға кәсіби судьяларды әлеуметтік әріптестік тараптарының өкілдерінен тұратын арнайы үшжақты консультативтік комитет тағайындайды. Федералдық деңгейде тараптардың өкілдері кәсіби судьяларды тағайындау кезінде рөл атқармайды. Бұл ретте де-юре барлық судьялардың оларды тағайындау тәртібіне қарамастан, өкілеттіктері бірдей және шешім көпшілік дауыспен қабылдануға тиіс. Алайда, тәжірибеде кәсіби судьялардың әдетте дауды қарау және ол бойынша шешім қабылдау процесіне көбірек ықпалы бар.

Германияның Еңбек процессуалдық кодексіне сәйкес сот тараптарды сынауға әрекет жасауға міндетті [141]. Әдетте, бұл функцияны Төраға алдын - ала тыңдауда орындайды және келісімге қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда ғана сот толық құрамда жиналады (әрқайсысы сәйкесінше жұмыс берушілер мен кәсіподақтардан тұратын екі кәсіби емес судья және бір кәсіби судья-төраға) және істі мәні бойынша қарайды [142].

Отставкадағы неміс судьясы Манфред Штендердің айтуынша: «Германиядағы Медиация - бұл жанжалдарды шешудің заманауи әдісі, онда тараптар өз еркімен және өз жауапкершілігімен жабық өндірістегі жанжалдарын бір-бірімен келісе отырып және бейтарап үшінші тұлғаның қолдауымен шеше алады» [143, 34 б.], осылайша медиация біздің еліміз үшін еңбек дауларын реттеу саласындағы сәтті модель бола алады.

Германияда Еңбек процессуалдық кодексінде еңбек құқығы саласындағы төрелік шешімді дәстүрлі түрде алып тастау қарастырылған. Осылайша, соттардан айырмашылығы, тәуелсіз және материалдық құқыққа аз байланысқан, заңдық даярлығы төмен төрелік соттарды құру алып тасталады. Германияда еңбек дауларына байланысты міндеттеуші шешімдер бойынша еңбек соттарының құзыреті эксклюзивті болып табылады. Дегенмен, немістің еңбек процессуалдық кодексінде, кейбір элементтер бар, мысалы бірінші сессияда дауды шешуге судьяларға мүмкіндік береді. Бұл сот ішілік медиация, ол іс жүзінде еңбек соттарының алдында сот төрелігіне ұмтылатын тараптар үшін салыстырмалы түрде жылдам рәсімдерге әкелді: барлық жағдайлардың шамамен 80 пайызы алты ай ішінде реттелді, тек 4 пайызы ғана бір жылдан астам уақытқа созылды [144, 126 б.]. Бұл Германиядағы сот медиациясы процесті жалпы жеделдетуге ықпал етуден басқа, соттарға түсетін жүктемені азайтуға ықпал етеді дегенді білдіреді.

Бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарда еңбек дауы тараптары сот процесіне өздері де, өз өкілдері, сондай-ақ кәсіподақтар өз мүшелері үшін тегін беретін адвокаттар арқылы да қатыса алады, ал Еңбек даулары жөніндегі федералдық сотта тараптардың мүдделерін адвокаттардың білдіруі талап етіледі. Тұтастай алғанда, Германияның еңбек соттарында дауды қарау рәсімі жалпы юрисдикция соттарындағы ұқсас рәсіммен салыстырғанда анағұрлым жеңілдетілген, судьялар бүкіл процесті бір сот отырысы аясында аяқтауға тырысады, бұл дауды қарау аяқталғаннан кейін тікелей дау тараптарына шешім жариялауға ықпал етеді және тек ерекше жағдайларда еңбек дауларын қарау кезінде іс бойынша шешім «дауды қарағаннан кейін өте қысқа мерзімде» шығарылуы мүмкін. Мұндай жүйе бірінші сатыдағы соттарда даулардың 60% - дан астамын үш ай ішінде шешуді қамтамасыз етеді.

Апелляциялық соттың ерекшелігі судьялар қабылданған шешімнің заңдылығын да, дауды мәні бойынша да қайта қарауды да қарастыра алады. Алайда, еңбек даулары жөніндегі федералдық сотқа кейінгі апелляция, егер апелляциялық соттың шешімі Федералдық соттың прецедентті шешімдеріне қайшы келсе, оған Федералдық соттың өзінің келісімі болған кезде ғана берілуі мүмкін. Бұл жағдайда федералды сот тек құқық мәселелерін қайта қарай алады, ал федералды сот бірінші сатыдағы соттың шешіміне сүйенеді. Дауды қараудың барлық кезеңдерінен өткен кезде барлық рәсім бір жылдан үш жылға дейін созылуы мүмкін, бұл сирек кездесетін нәрсе болып табылмайды. Біздің пікірімізше, еңбек дауын қараудың мұндай мерзімін негізді деп айтуға болмайды, себебі барлық даулар еңбек даулары бойынша Федералдық соттың қарауына түспейді.

Германияда, егер еңбек дауын өндірістік кеңес реттемесе, келесі кезең тікелей ұйымда құрылатын төрелікке жүгіну болып табылады (Einigungsstelle).

Германияда еңбек дауларын шешетін төрешілер, кәсіби судьялардан басқа тізімін Федералдық жердің еңбек министрлері төрт жылға тағайындайтын тараптардың өкілдері ұсынатын төрешілер де бар, бұл ретте олар кәсіби судьялар болып табылмайды және аралық талқылауға қатысқаны үшін ақы алмайды, оларға негізгі жұмыс орны бойынша табысынан айрылғаны үшін ғана өтеледі.

Енді Германия Федеративті Республикасының еңбек дауларын сотта карау тәртібіне тоқталатын болсақ. Еңбек шартын бұзудың заңсыз екендігі туралы, мысалы, 1 (2) KSchG [145] бөлімінің мағынасында әлеуметтік негізділіктің болмауынан немесе 626 BGB бөлімінің мағынасында маңызды себептердің болмауынан еңбек даулары бойынша сотқа талап қою арқылы еңбек шартын бұзу туралы хабарламаны алған сәттен бастап үш апта ішінде өтініш беру қажет. Негізінен, шағым еңбек даулары бойынша сотқа шартты бұзу туралы хабарлама алғаннан кейін үш апта ішінде түсуі тиіс. Шағымды мерзімінде беру жеткіліксіз

Ausschlussklauseln ескіру мерзімдері еңбек шартында көрсетілуі мүмкін немесе ұжымдық шарттан туындайды. Ескіру мерзімінің мәні еңбек қатынастарындағы барлық немесе кейбір талаптар (жалақы, үстеме жұмыс, жұмыстан босатылғаннан кейінгі анықтамалар және т.б.) белгілі бір мерзім ішінде (әдетте 2-ден 6 айға дейін) талап етілуі керек. Егер кезең ішінде жазбаша түрде ешқандай өтініш түспесе, шағымдар жойылады. Мысалы: жұмыскер 01.08- дан бастап 31.08.2020 дейін уақытша даяршы ретінде жұмыс істейді. Бұл үшін оның 400,00 еуро мөлшерінде таза сомаға құқығы бар. Жалақы келесі айдың 5-інде төленуі керек. Тиісті еңбек шартында еңбек қатынастарындағы шағымдар белгіленген күннен бастап үш ай ішінде жазбаша түрде мәлімделуі керек деген ереже бар. Егер жұмыс беруші 250,00 еуро мөлшеріндегі соманы ғана төлесе, жұмыскер 150,00 еуро мөлшеріндегі тапшылық туралы 05.12.2020 кешіктірмей жазбаша мәлімдеуі тиіс. Егер ол оны жасамаса, ол енді жетіспейтін жалақыға талап ете алмайды.

Соңында, барлық шағымдар ескіру мерзіміне қолданылады. Мерзімі өткен сот ісі әлі де бар, бірақ оны орындау мүмкін емес. 195 BGB сәйкес әдеттегі ескіру мерзімі-үш жыл.

Егер жұмыскер еңбек даулары бойынша сотқа босатудан қорғау туралы талап арыз берсе - еңбек құқығы жөніндегі маман негізінен адвокат арқылы - еңбек даулары бойынша сот 3-5 аптадан кейін Gütertermin (тараптар арасындағы келіссөздер) деп аталатын сотты тағайындайды. Әдетте жұмыс беруші жұмыстан босату туралы талаппен бірге келіссөздерге шақыру қағазын алады. Сұрақтарды тез арада нақтылауды және мәселелерді бейбіт жолмен шешуді жеңілдетуге арналған қысқа мерзімді тағайындау заңмен реттеледі. Сапалық жоспарда шешім жоқ; ең жақсы жағдайда әдепкі шешім немесе тану туралы шешім шығарылуы мүмкін, бірақ даулы шешім емес. Бұл сот отырысы фактілерді анықтауға және қажет болған жағдайда даулы мәселелерді келісуге қызмет етеді, бірақ мәселені бейбіт жолмен шешуге әкелуі мүмкін.

Франция. XIX ғасырдың басында құрылған Францияның үш жүзден астам еңбек соттары (conseil des prud'hommes) бүкіл территориясында жұмыс істейді. Көптеген басқа елдерден бұл соттардың айырмашылығы, олардағы дауды екі судья, әр бес жыл сайын жұмысшылар мен жұмыс берушілер елдің әр аймағындағы кәсіподақтар мен жұмыс берушілердің өкілдері жасаған арнайы тізімдерден сайлайтындығымен ерекшеленеді. Судьялар заңгерлер де, заңгер еместер де болуы мүмкін, алайда кез келген алқаға әрқашан арнайы заң білімін алған және тек кеңес беру функциялары бар кеңесші қатысуға тиіс. Қаралатын соттар жеке еңбек дауларын, оның ішінде қандай да бір негіздер бойынша еңбек қатынастарын тоқтатуға байланысты туындайтын дауларды қарау бойынша ерекше юрисдикцияға ие болады. Бұл жағдайдың ерекшелігі кассациялық сот (Cour de cassation) ұжымдық еңбек шарттарын қолдануға байланысты туындайтын жеке талаптардың жиынтығын жеке еңбек дауы ретінде қарау керектігін анықтады, бұл осындай еңбек дауларын Францияның еңбек сотының юрисдикциясына ауыстырады.

Еңбек соттарының юрисдикциясының ерекшелігі мұндай дауларды басқа сот органдарында қараудың мүмкін еместігін ғана емес, сонымен бірге егер жұмыскер еңбек сотына жүгінсе, еңбек дауын кез-келген басқа инстанцияларға, оның ішінде тараптармен келісілген органдарда қарау мүмкін еместігін де білдіреді. Мұндай жағдай Францияда еңбек саласында қандай да бір төрелік келісімдердің болмауын түсіндіреді, өйткені төрелік шешім ешқашан түпкілікті бола алмайды, бұл оның мәнін белгілі бір дәрежеде төмендетеді. Бұдан басқа, Францияның еңбек соттары құзыретінің тағы бір ерекшелігін атап өту қажет - заңды бұзу салдарынан туындаған еңбек даулары осы органда қаралуға жатпайды, жалпы юрисдикциядағы соттарда қаралады.

Еңбек соттарын құрудың бипартиялық жүйесімен таңдалған судьялардың дауды шешпеуіне әкелуі мүмкін, осыған байланысты келесі кезеңде дауды бұрын таңдалған екі отырыстан және жалпы юрисдикциядағы соттан бір судьядан тұратын комиссия қарайды. Алайда, мемлекет белгілеген сомдан асатын даулар ғана шағымдануға жатады (мысалы, 2014 жылы – 3980 еуро). Франциядағы еңбек дауын шешудің апелляциялық кезеңінің ерекшелігі - бұл кезеңде сот заң мәселелерін де, нақты жағдайлардың мәселелерін де қарастыра алады, нәтижесінде бүкіл істі қайта қарауға және жалпы юрисдикция сотының жаңа шешім қабылдауына әкеледі, осыған байланысты мұндай жүйенің тиімділігі туралы айту қиын. Алайда Кассациялық сот болып табылатын жоғары инстанция құқық мәселелерін ғана қарай алады. Соңғы кезеңде жалпы юрисдикция сотынан алынған дауды апелляциялық және кассациялық соттардың судьяларынан тұратын «әлеуметтік палата» шешеді, бұл мұндай «әлеуметтік палатаның» судьялары еңбек және еңбек қатынастары саласында тәжірибе мен білімге ие болады дегенді білдірмейді [35, 67 б.].

Әртүрлі қызмет салаларындағы жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің дауларын реттеу үшін құрылған еңбек даулары бойынша әрбір сот 5 секцияға бөлінген:

- индустриялық секция;
- коммерциялық секция;

- ауылшаруашылық секция;
- үй қызметкерлерінің, консьерждердің және т.б. еңбек қызметіне байланысты даулар қаралатын қызметтің әртүрлі түрлеріндегі дауларды қарауға арналған секция;

- Францияның Еңбек кодексінің L1441-6-бабында аталған тұлғаларға арналған негіздемелік секция (pour l'encadrement).

Еңбек даулары бойынша сот секциясы істерді өз құзыреті шегінде қарайды, мысалы, индустриялық секция металлургия және металл өңдеу саласында жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек дауларымен айналысады. Үлкен қалаларда сот секциялары алқаларға бөлінеді.

Алқа жұмыскерлерден кем дегенде төрт өкілді және жұмыс берушілерден де сонша өкілді қамтиды (Франция Еңбек кодексінің R1423-8-бабы). Бірнеше алқаның негізінде олардың біреуі жұмыскерлерді экономикалық себептер бойынша, әдетте штатты қысқарту бойынша жұмыстан босатуға байланысты даулармен міндетті түрде айналысады.

Қысқарту бойынша жұмыстан босатуды даулау мерзімі – 1 жыл, жеке себептер бойынша – 2 жыл, жалақы төлеу туралы шағымдармен – 3 жыл, Францияның Еңбек кодексінде «harcèlement moral» деп аталатын моббинг бойынша -5 жыл. Сотқа жүгіну жұмыскер үшін ақысыз, бірақ дау-дамайды жоғалтқан жұмыскер кейбір жағдайларда жұмыс берушінің істі сотта қарауға байланысты шеккен шығындарын өтеуі керек.

Францияның Еңбек кодексінің R1461-1-бабына сәйкес, апелляция беру мерзімі - 1 ай. Еңбек даулары бойынша егер талаптың бағасы 4000 еуродан аспаса, сот шешіміне апелляция беру мүмкін емес [146].

Қолданыстағы француз заңы бойынша еңбек даулары бойынша сотқа жүгіну тараптарды татуластырудың алдын ала рәсімін жүргізуді көздейді, тек оң нәтиже болмаған жағдайда істі сот қарайды. Францияның Еңбек кодексінің L1454-1-1-бабына сәйкес, тараптарды татуластыруға сәтсіз әрекет жасаған жағдайда, егер ол жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскерді жұмыстан босатуға немесе жұмыс берушінің заңсыз әрекеттері салдарынан еңбек шартын сот арқылы тоқтату туралы қызметкердің өтінішіне қатысты болса, сот дауды 3 айға дейінгі мерзімде қарайды.

Франциядағы еңбек даулары бойынша соттар еңбек саласындағы қақтығыстарды реттейтін жалғыз орган емес. Жұмыстағы жазатайым оқиғаларға қатысты дауларды, егер олар оқиғаны жұмыстағы жазатайым оқиға деп тануға байланысты болса, арнайы әлеуметтік қамсыздандыру соттары (tribunal des affaires de la sécurité sociale) қарайды. Егер дау қауіпсіздік ережелерін бұзумен, жұмыскердің жарақаттануымен немесе қайтыс болуымен байланысты жазатайым оқиғаға қатысты болса, ол түзету сотында (tribunal correctionnel) қаралуға жатады. Әкімшілік соттар (tribunal administratif) даулардың жекелеген санаттарын мысалы, жұмыстан босату мемлекеттік еңбек инспекторының рұқсатымен жүзеге асырылған кезде, жұмыскерлердің өкілімен еңбек шартын тоқтату туралы дауларды қарастырады.

Түркия. Түркияның еңбек даулары жөніндегі органдарына жүгінер алдында жұмыскер мен жұмыс беруші жанжалды бейбіт жолмен шешуге

тырысады. Егер келісімге қол жеткізілмесе, онда іс сотқа дейінгі медиатор органына, ал жекелеген жағдайларда сотқа беріледі.

2017 жылы № 7036 Еңбек Соттары туралы Заң қабылданды, оған сәйкес Түркияда медиация рәсімі еңбек дауларының кейбір түрлерінде міндетті болып табылады. Еңбек дауларын шешудің бұл жаңа тәсілі қанағаттанарлық нәтижеге ие болды, сәттілік деңгейі 70%, бұл соттарға белгілі бір дәрежеде көмектесті және осындай дауларды тез шешуге ықпал етті [147].

№ 7155 Заңға сәйкес Туркия Ресубликасының Еңбек кодексіне енгізілген жаңа ережелерге сәйкес, медиация коммерциялық істер тұрғысынан да міндетті процесс болып табылады және егер талап өзінің сипаты бойынша ақшалай болса, сот ісі қозғалғанға дейін қолданылуы керек. Түзетуге сәйкес медиатор тиісті тараптың өтініші бойынша алты (6) апта ішінде медиациялық іс-шараларды аяқтауға міндетті, ол ерекше мән-жайлар кезінде сегіз (8) аптаға дейін ұзартылуы мүмкін [148].

Медиацияға арналған шығыстар мынадай түрде бөлінеді:

- Егер талқылау басталғанға дейін өзгеше нұсқа келісілмесе, дауды сотқа дейін реттеу жағдайында талапкер мен жауапкер арасындағы тең үлесте. Егер тараптар талқылау соңында татуласу келісіміне қол жеткізбесе, ұзақтығы 2 сағаттан асатын делдалдың қызметтері үшін сома да тең үлестермен бөлінеді.

- Егер тараптардың бірі бірінші отырысқа дәлелсіз себеппен келмесе, онда ол істі өз пайдасына ұтып алған жағдайда да медиацияны талқылау құнын толық төлейді.

- Егер екі тарап медиацияға келмесе, даудың егжей-тегжейін талқылау процесінде ұзақтығы 2 сағаттан кем уағдаласпаса, онда медиация бойынша барлық жұмыстарды ең төменгі тарифке сәйкес мемлекеттік қазынашылық төлейді.

Егер медиатор еңбек мәселелері бойынша дауды шешсе, онда істі сотқа беруге болмайды. Теріс нәтиже болған жағдайда, тараптар келесі апелляциямен бірінші сатыдағы сотқа талап арыз беруге құқылы.

2020 жылы «Азаматтық процесс туралы» № 6100 Заңмен реттелетін жаңа заңнамалық құжат күшіне енгеннен кейін еңбек даулары бойынша апелляциялық шағым беру мерзімдері мен шарттары өзгертілді.

Еңбек Соттары туралы № 7036 Заңның 20 бабы - (бірінші Абзац: 10.12.2017-7036/11 бет) еңбек шарты бұзылған жұмыскер еңбек соттары туралы Заңның ережелеріне сәйкес делдалға тоқтату туралы хабарлама түскен күннен бастап бір ай ішінде жұмысқа қайта орналасу туралы өтінішпен жүгінуі керек, себебі бұзу туралы хабарламада көрсетілмеген немесе аталған себеп дәлелді себеп емес деп мәлімдейді. Егер делдалдық қызмет аяқталғаннан кейін келісімге қол жеткізілмесе, түпкілікті есеп берілген күннен бастап екі апта ішінде еңбек даулары бойынша сотқа талап арыз берілуі мүмкін. Тараптардың келісімі бойынша дау еңбек сотына емес, арнайы төрешінің қарауына берілуі мүмкін. Егер іс тікелей, делдалға жүгінбестен талап қоюға байланысты процессуалдық тәртіппен бас тартылса, бас тарту туралы шешім ex officio тараптарының назарына жеткізіледі. Делдал ex officio бас тарту туралы

түпкілікті шешім туралы хабарлаған сәттен бастап екі апта ішінде берілуі мүмкін.

Жұмыстан шығарудың негізделгенін дәлелдеудің ауыртпалығы жұмыс берушіге жүктеледі. Егер жұмыскер жұмыстан босату басқа себепке негізделген деп мәлімдесе, онда ол бұл шағымды дәлелдеуге міндетті.

Еңбек Соттары туралы № 7036 Заңның 21 бабына сәйкес, егер жұмыс берушіге сот немесе арнайы төреші анықтаған дәлелді себеп немесе себеп жарамсыз болса, ал жұмыстан шығару жарамсыз болып табылса, жұмыс беруші жұмыскерді бір ай ішінде жұмыстан босатуға тиіс. Егер жұмыс беруші жұмыскерді өтініші бойынша бір ай ішінде жұмыстан шығармаса, ол жұмыскерге ең төменгі төрт айлық және ең жоғарғы сегіз айлық жалақы мөлшерінде өтемақы төлеуге міндетті.

Сот немесе арнайы төреші жұмыстан босату жарамсыз деп шешкен кезде, егер жұмыскер жұмыстан шығарылмаса, төленетін өтемақы мөлшерін де анықтайды.

Түпкілікті шешім қабылданғанға дейін жұмыскерге жұмыс істемеген кезең үшін төрт айдан аспайтын мөлшерде жалақы және басқа да құқықтар төленеді.

Аудандық және Жоғарғы Сотқа Түркияда еңбек даулары бойынша апелляция беру мерзімі (дәйекті) бірінші сатыдағы соттың немесе аудандық соттың шешімі туралы хабарлама алған күннен бастап 2 аптаны құрайды.

Сондай-ақ, Түркияның Жоғарғы апелляциялық сотына барлық сот шешімдеріне шағымдануға болмайтынын түсіну керек, мұның еңбек талабын қарау тақырыбы мен өтемақы сомасы бойынша бірқатар шектеулері бар.

Жоғарғы Сотта сот шешіміне шағымдану үшін ақша шегі 7000 USD құрайды. Егер өтініш берушінің талабы бойынша өтемақы сомасы аз болса, онда мұндай іс тек өңірлік апелляциялық сотқа дейін алға жылжуы мүмкін.

«Еңбек туралы» № 4857 заңда Түркиядағы еңбек даулары бойынша талап қою мерзімдері туралы 15-бапта нақты бекітілген, барлық жұмыскерлер мен жұмыс берушілер бұны біле бермейді. Еңбек дауы бойынша ескіру мерзімі, егер ол ақшалай төлемдерге байланысты еңбек мәселелерін қозғаса, 5 жылды құрайды:

- жыл сайынғы демалыс және демалыс жәрдемақысы;
- хабарламаның немесе жосықсыз әрекеттердің шарттары мен мерзімдерін бұзу себебінен өтемақы;
- еңбек шартын бұзу нәтижесінде төленетін ақшалай төлемдер, оған тең құқылық қағидатын бұзу себеп болды.

Түркиядағы кез-келген компанияның жұмыскері жоғарыда аталған себептер бойынша өтемақы талап етуге 5 жыл уақыт алады.

Осылайша, көптеген елдердегі жалпы юрисдикция соттары еңбек дауларының кем дегенде белгілі бір түрлерін шешуде белгілі бір дәрежеде маңызды рөл атқарады және мамандандырылған соттары болса да, өздерінің маңыздылығын жоғалтпайды деп қорытынды жасауға болады.

Бұдан әрі Қазақстан Республикасының еңбек дауларын шешу жүйесін одан әрі дамыту жолын айқындау үшін сот жүйелерінің, мамандандырылған

соттар мен квазисот сатыларының жұмыс істеуін ұйымдастырудың әртүрлі нұсқаларына назар аудару қажет.

Ресей. Қазіргі уақытта Ресей Федерациясында еңбек даулары бойынша бірінші сатыдағы соттар аудандық және бейбітшілік (мировые) соттар болып табылады. Ресей Федерациясының Азаматтық процесілік кодексіне сәйкес, бейбітшілік соттарына тек есептелген, бірақ төленбеген жалақыны, сондай-ақ басқа да төленбеген сомаларды, соның ішінде еңбек демалысын, жұмыстан босатылған кездегі төлемдерді төлеу талаптарына байланысты жүгіну мүмкін болады. Сондай-ақ, мәлімделген талаптардың сомасы 500 мың рубльден аспауы керек. Осылайша, бейбітшілік (мировые) соттарда еңбек даулары шешілмейді. Бұдан басқа, сот қарауына жататын еңбек дауы белгілері анықталған жағдайда, бейбітшілік судьясы сот бұйрығын шығару туралы арызды қабылдаудан бас тартуға тиіс [149].

Аудандық соттар еңбек дауларын мәні бойынша шешетін соттар болып табылады, онда дауды судья жеке-дара қарайды. Өкінішке орай, қазіргі уақытта жалпы юрисдикция соттарында еңбек дауларын қарау тәртібі азаматтық-құқықтық сипаттағы басқа дауларды қарау тәртібінен еш айырмашылығы жоқ. Бірінші сатыдағы соттардың шешімдеріне апелляциялық іс жүргізу тәртібімен шағымдануға болады: РФ АПК-не сәйкес бейбітшілік (мировые) судьялардың шешімдеріне - аудандық соттар, ал аудандық соттардың қаулыларына - республикалардың жоғарғы соттары, өлкелік, облыстық соттары, федералдық маңызы бар қалалардың соттары, автономды облыстардың соттары, автономды округтердің соттары (бұдан әрі мәтін бойынша - РФ субъектілерінің соттары) шағымдануға жатады. Бейбітшілік (мировые) соттардың сот қаулыларына шағымдарды аудандық соттардың судьялары жеке-дара қарайды, ал аудандық соттардың қаулыларына апелляциялық шағымдарды төрағалық етуші судьядан және кемінде екі судьядан тұратын судьялар алқасы қарауға тиіс.

Біздің пікірімізше, қаралып отырған даудың сипатына қарай судьялардың мамандануы ерекшелігінің болмауы осы жағдайда да, дауларды алқалы және жеке-дара қараудың өзге де жағдайларында да қазіргі сот жүйесінің айтарлықтай кемшілігі болып табылады, өйткені бұл жүйе іс жүзінде осындай құрамдарды бөлуге мүмкіндік береді. Апелляциялық сатыдағы сотта іс жүргізу жалпы юрисдикция соттарының заңды күшіне енбеген сот қаулыларының заңдылығы мен негізділігіне шағымдануды және тексеруді қамтиды, яғни дау мәні бойынша іс жүзінде «төменгі сотта жіберген сот қателіктерін түзету» мақсатында қайта қаралады.

Бірінші сатыдағы соттардың заңды күшіне енбеген қаулылары қайта қарауға жататын апелляциялық шағымданудан айырмашылығы бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың заңды күшіне енген қаулыларына ғана кассациялық тәртіппен шағымдануға болады. Сонымен қатар, РФ АПК 41 бабының 2 тармағына сәйкес кассациялық сатыдағы сотқа жүгінгенге дейін сот қаулысына шағымданудың барлық өзге тәсілдері ол заңды күшіне енген күнге дейін аяқталуы керек дейді. Осылайша, апелляциялық сатыдағы сотқа алдын ала жүгінбей, бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген қаулысымен кассациялық сатыдағы сотқа жүгіну мүмкін емес. Осы нормаға сәйкес еңбек

дауларына кассациялық шағымдану РФ субъектілері соттарының РФ субъектісі Жоғарғы Сотының Төралқасының апелляциялық ұйғарымдарына ғана беріледі. Бұл кезеңде тиісті соттың төрағасы немесе төраға орынбасары немесе судья заңды күшіне енген қаулыларға кассациялық шағым беру мүмкіндігін жеке-дара анықтайды. Материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын қолдану мен түсіндірудің дұрыстығын тікелей тексеруді Ресей Федерациясы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі Сот алқасы (бұдан әрі – РФ ЖС Сот алқасы) жүзеге асырады. Ресей Федерациясы ЖС Сот алқасында, басқалармен қатар, Ресей Федерациясы субъектілерінің соттары Төралқасының кассациялық қаулылары, яғни дауды кассациялық қараудың бірінші кезеңінің шешімдері де қайта қаралады [150, 87 б.].

Қадағалау сатысы РФ Жоғарғы Соты Төралқасының (бұдан әрі мәтін бойынша – РФ ЖС Төралқасы) қадағалау шағымдары мен ұсыныстарында көрсетілген шағымдану негіздерінің шегінен шығу мүмкіндігін болжайды, бірақ сонымен қатар, осы кезеңде дауды қарау кезінде сот шағымдану нысанасының шегінен шығуға құқылы емес.

РФ Еңбек кодексінің 381-бабына сәйкес жеке еңбек дауы - бұл еңбек заңнамасын және еңбек құқығы нормаларын, ұжымдық шартты, келісімді, жергілікті нормативтік актіні, еңбек шартын, жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі органға мәлімделген өзге де нормативтік актілерді қолдану мәселелері бойынша реттелмеген жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы келіспеушіліктер. Жеке еңбек дауларына жұмыс беруші мен бұрын осы жұмыс берушімен еңбек қатынастарында болған адам, сондай-ақ жұмыс беруші осындай шарт жасасудан бас тартқан жағдайда еңбек шартын жасасуға ниет білдірген адам арасындағы даулар да жатады.

Жеке еңбек дауын қарауға құқылы органдар еңбек даулары жөніндегі комиссия (ЕДК) және сот болып табылады.

ЕДК жұмыс берушілер мен жұмыс берушілер өкілдерінің тең санынан құрылады. Тараптардың кез келгені ЕДК құру туралы бастама көтере алады. Ресей Федерациясының Еңбек Кодексінің 386-бабына сәйкес, жұмыскер өзінің құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білген күннен бастап 3 ай мерзімде ЕДК - ға жүгіне алады. Жұмыс берушінің ЕДК-ға жүгінуге құқығы жоқ.

Ресей Федерациясының Еңбек кодексінің 391-бабында, жұмыскердің мүдделерін қорғауда жұмыскердің, жұмыс берушінің немесе кәсіподақтың өтініші бойынша, егер олар ЕДК шешімімен келіспеген кезде немесе жұмыскер ЕДК – ны айналып өтіп, сотқа жүгінген кезде, сондай-ақ прокурордың өтініші бойынша, шешім еңбек заңнамасына сәйкес келмесе, жеке еңбек даулары соттарда қаралады деп көрсетілген.

Жұмыскер дауды ЕДК-на жүгінбей-ақ сотта қарауға құқылы, өйткені Ресей Федерациясының Конституциясының 46 бабына сәйкес әркімге сот арқылы қорғалуға кепілдік береді. Тікелей соттарда өтініштер бойынша жеке еңбек даулары қаралады:

- жұмыскерге - еңбек шартының тоқтатылу негіздеріне қарамастан жұмысқа қайта қабылдау туралы, жұмыстан шығу күні мен себебінің

тұжырымдамасының өзгеруі туралы, басқа жұмысқа ауыстыру туралы, мәжбүрлеп кету уақытына ақы төлеу туралы не төмен ақы төленетін жұмысты орындау уақыты үшін жалақы айырмасын төлеу туралы, жұмыс берушінің заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы, жұмыскердің дербес деректерін қайта өңдеу және қорғау туралы;

- жұмыс іздеушіні - жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы;
- дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаның жұмыс берушіде еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін тұлға; жұмыс істейтін адамның;
- діни ұйымның қызметкері;
- ол кемсітушілікке ұшырады деп санайтын адамдар.

Жұмыскер өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап 3 ай ішінде сотқа жүгінуге құқылы, жұмыстан босату туралы даулар ерекшелігі, ол бойынша өтініш беру мерзімі жұмыскерге жұмыстан босату туралы бұйрықтың көшірмесі берілген күннен бастап немесе еңбек кітапшасы берілген күннен бастап 1 айды құрайды. 2016 жылдың 3 қазанынан бастап күшіне енген Ресей Федерациясының Еңбек кодексінің 392 бабындағы түзетуге сәйкес, жалақыны төлемеу немесе толық төлемеу туралы дау бойынша сотқа жүгінуге мерзімі қазір 1 жылды құрайды. Айта кету керек, Ресей Федерациясының Еңбек кодексінің 393 бабына сәйкес жұмыскерді баждар мен сот шығындарын төлеуден босатады [151, 23 б.].

Жұмыс берушінің мынадай жағдайларда талап қойып сотқа жүгінуге құқығы бар:

- жұмыскердің (бұрынғы жұмыскердің) жұмыс берушіге келтірген материалдық залалын өтеу үшін;
- ЕДК шешімімен келіспеген жағдайда;
- мемлекеттік еңбек инспекторының шешіміне шағымдану мақсатында, оның ішінде бастапқы кәсіподақ ұйымының сайланбалы органының пікірін ескермей жұмыстан шығарылған жұмыскерді жұмысқа қайта алу туралы.

Жұмыс беруші жұмыскермен келтірілген залалды өтеу туралы талаппен ол анықталған күннен бастап 1 жыл ішінде, ал мемлекеттік еңбек инспекторының немесе ЕДК шешіміне шағымданған кезде – Ресей Федерациясының Еңбек кодексінің 357 және 390 баптарына сәйкес 10 күн ішінде сотқа жүгінуге құқылы.

Ресейдегі жеке еңбек дауларын жалпы юрисдикциядағы соттар қарайды. Ұжымдық еңбек дауларын РФ Еңбек кодексінің 398 бабына сәйкес татуластыру комиссиясы, делдал немесе еңбек төрелігі реттеуі мүмкін. Соттар ұжымдық еңбек дауларын қарастырмайды, жұмыс беруші тек ереуілді заңсыз деп тану туралы талаппен Ресей Федерациясының субъектісінің сотына жүгіне алады.

Назар аудару керек, №193 Федералды заңы медиация рәсімін еңбек дауларына емес, еңбек қатынастарынан туындайтын дауларға қолдануды қарастырады [152]. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, соңғысының мәні тек жеке еңбек дауларының мәніне қарағанда айтарлықтай кең болуы мүмкін. Алайда, еңбек қатынастарынан туындайтын даудың негізгі мәні дегенмен жұмыс беруші қабылдаған, соңғысы келіспейтін нақты жұмыскерге қатысты шешім болып табылады. Алайда, еңбек қатынастарынан туындайтын даудың

негізгі мәні дегенмен, нақты жұмыскерге қатысты соңғысымен келіспейтін жұмыс берушімен қабылдаған шешім болып табылады. Бұл, мысалы, тараптар анықтаған еңбек шартының талаптарын өзгерту, жұмыстан босату, белгілі бір соманы төлемеу және т.б. туралы шешімдерге байланысты даулар болуы мүмкін. Ресейлік заң шығарушының, сондай-ақ қазақстандық заң шығарушының Еңбек кодексінде медиация рәсімінің қай институтқа жататынын, Еңбек кодексінде көзделген жеке еңбек дауларын қарау рәсімдерінің медиация рәсімдерімен және т.б. арақатынасын айқындайтын нормаларды көздемегенін атап өтпеуге болмайды [153]. Біздің ойымызша, бұл еңбек қатынастарынан туындайтын дауларда медиация рәсімдерін жылдам енгізуге ықпал етпейді.

Ресей заңнамасының тағы бір ерекшелігі, қазақстандық заңнамадан айырмашылығы, Ресейде татуластыру рәсімдері ұжымдық еңбек дауларын қоспағанда, еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын даулар бойынша жүргізілуі мүмкін [152]. Бұл ұжымдық еңбек дауларындағы медиация Ресей Федерациясының Еңбек кодексімен реттелгеніне байланысты (ұжымдық еңбек дауын татуластыру комиссиясында, делдалдың қатысуымен және (немесе) еңбек төрелігінің - автордың қатысуымен қарау). Бұл тыйым салу, біздің ойымызша, өте даулы болып табылады, себебі тарихи медиация дәл осы ұжымдық еңбек дауларын реттеудің арнайы рәсімі ретінде пайда болды және көп жылдар ішінде шет елдерде осы санаттағы істерге қатысты өзінің тиімділігін дәлелдеді.

№193 Федералдық заңның 7-бабының 3-бөлігіне сәйкес медиация рәсімін қолдану туралы келісімнің болуы, сондай-ақ медиация рәсімін өткізу туралы келісімнің болуы және онымен байланысты осы рәсімді тікелей жүргізу, егер федералдық заңдарда өзгеше көзделмесе, сотқа немесе аралық сотқа жүгінуге кедергі болмайды [152].

Жүргізілген зерттеу шеңберінде Д.Я. Малешин ресейлік процессуалдық жүйе шетелдік (англо-саксондық және роман-германдық) процессуалдық институттарды жиі ала отырып, құқық қолдану процесінде оларға бастапқы нұсқадан өзгеше мазмұн беретінін дәлелдеді, бұл оның аралас және өзіндік сипатын көрсетеді [154, 35-36 б.].

Біздің елдеріміздің заңнамалары арасында салыстырмалы талдау жүргізе отырып, біз қазақстандық азаматтық сот ісін жүргізуге қоғамның мәдениеті, оның құқықтық институттарының даму деңгейі әсер етті деген қорытындыға келдік.

Бүгінгі таңда Қазақстанда еңбек қатынастарына қатысушылар жеке еңбек дауларын сотқа дейін реттеу мүмкіндігін сирек пайдаланады. Бұл көбінесе келісу комиссияларының құрылуы мен жұмыс істеуіне байланысты қиындықтарға, сондай-ақ дауды білікті түрде шеше алатын кадрлардың болмауына байланысты. Сонымен қатар, С.К.Амандыкованың пайымдауынша, бүгінде адамдардың менталитеті құқықтық жанжалдарды баламалы шешуге емес, мәселелерді сот арқылы шешуге бағытталған [155].

Осылайша, еңбек қатынастары саласында медиация рәсімдерін құру және пайдалану жөніндегі жұмыстарды күшейту ұсынылады. Біз мұны уақтылы деп

санаймыз, өйткені жұмысшылардың еңбек құқықтарының бұзылуы, өкінішке орай, өсіп келеді, бұған осы жұмыстың 2-тарауында келтірілген статистика дәлел бола алады. Еңбек қатынастарын реттеудің шарттық әдісін кеңейтуді белгілей отырып, мемлекет жұмыс берушілерге үлкен дербестік берді.

Сонымен, қорыта келе жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, зерттеудің басым бөлігі герман, француз, түрік және ресейлік еңбек заңнамасына арналды деген қорытындыға келуге болады. Бұл, біріншіден, қазақстандық еңбек заңнамасында салыстыру үшін тиісті нормалардың жоқтығымен, екіншіден, Германия, Франция, Түркия және Ресейдегі сотта жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу тәртібінің мәселелерін ашып көрсету үшін, соңғы тәжірибелерін кейіннен біздің елде пайдалану мақсатында түсіндіріледі.

Еңбек соттары қызметінің шетелдік тәжірибесін талдау кейбір елдерде еңбек дауларын қарау үшін азаматтық сот ісін жүргізудің әдеттегі ережелері қолданылады (мысалы, Түркия, сондай-ақ Қазақстанда да көптеген істер бар, бұл шешім қабылдау мерзімдеріне қолайсыз әсер етеді), басқаларында оңайлатылған рәсім, соның салдарынан еңбек құқығы саласында маманданған судьяның істі шешу процесі едәуір жеделдетіледі (мысалы, Германия).

Айта кету керек, барлық елдерде қарастырылған сот практикасы еңбек заңнамасын жетілдіруге тікелей әсер етеді. Франциядағы еңбек заңнамасының дамуына сот практикасының әсері ерекше байқалады. Мысалы, сот практикасында еңбек шартын тоқтатудың жаңа негіздері құрылды: жұмыс берушінің кінәсінен жұмыскердің еңбек шартын бұзу актісі – *prised actedelarupture* және еңбек шартын сот арқылы тоқтату – *résiliationjudiciairedu contrat*.¹¹ олардың біріншісі жұмыс берушінің кінәлі мінез-құлқына байланысты жұмыскердің еңбек шартын бұзу туралы талабын, ал екіншісі – жұмыс берушінің заңсыз әрекеттері салдарынан жұмыскердің өтініші бойынша еңбек шартын сотпен тоқтату (алдыңғы жағдайдан айырмашылығы, сотта іс қаралған кезде еңбек шарты жұмыс істейді және жұмыскер жұмысын жалғастырады).

Қорыта келе, шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, біздің елімізде де еңбек дауларын қараумен байланысты істердің жағдайына тиімді әсер етер еді. Еңбек дауларын қарау үшін соттар құру бірқатар сот және іс жүргізу мәселелерін оңтайлы шешуге мүмкіндік береді:

- біріншіден, арнайы соттар қарайтын даулар туындағанда материалдық құқықтық қатынастардың ерекшеліктеріне, бұл іс жүргізу нормаларын бейімдеуге мүмкіндік;

- екіншіден, арнайы юрисдикциядағы соттар қажет болған жағдайда процеске қатысушылардың ерекшеліктеріне байланысты істерді қараудың ерекше тәртібін құруға мүмкіндік береді.

Мамандандырылған еңбек соттарының ерекше жүйесін құру Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңына қайшы келмейді. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», заңында еңбек соттары туралы айтылмаса да,

оларды құруға мүмкіндік береді. 11, 18-баптарында облыстық және Жоғарғы Сотта мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін деп көзделеді.

Еңбек әділетінің жұмыс істеу нысандары әртүрлі болуы мүмкін - бұл мамандандырылған еңбек соттары да, жалпы юрисдикциялы соттар шеңберіндегі арнайы сот құрамдары да болуы мүмкін. Бұл ретте еңбек дауларын қараудың сапасы мен тиімділігі артады, еңбек даулары бойынша істерді қарау сапасы артады, жұмыскер мен жұмыс берушінің еңбек құқықтары неғұрлым тиімді қорғалады, көрсетілген істерді қарау кезінде әуре-сарсаңға салынулар жойылады және сонымен қатар істердің басқа санаттарын қарау сапасы да көтеріледі деп күтілуде.

3.2 Еңбек дауларын сотқа дейін реттеудің мәселелері

Дамудың қазіргі кезеңіндегі Қазақстан Республикасының құқықтық реформасының басым бағыттарының бірі демократиялық құқықтық мемлекет құру процесінде қоғам өмірінің азаматтық-құқықтық және сабақтас салаларында туындайтын дауларды шешуді тиімді және жедел қамтамасыз етуге арналған дауларды шешудің балама құралдарын қолдану жүйесін жетілдіру болып табылады.

Бұл мәселе ұзақтығы әртүрлі уақыт кезеңдері ішінде көп немесе аз дәрежеде азаматтық сот ісін жүргізу жүйелерін қайта құруды жүргізетін әлемнің барлық елдері үшін өзекті болып табылады. Осыған байланысты бүгінгі таңда дамыған және дамушы елдерде осы саланы реформалаудың елеулі тәжірибесі қалыптастырылып, жинақталғаны анық, ол Қазақстандағы ұқсас өзгерістердің негізіне айналуы және басқа адамдардың қателіктерін болдырмау және оң нәтижелер алу тетіктерін пайдалану есебінен жүргізілетін реформаларды жеңілдетуге елеулі ықпал етуі мүмкін.

Дауларды баламалы шешу жүйесі (ДБШ) құқықтық қатынастар субъектілері арасында туындайтын дауларды шешу және соттан тыс реттеу рәсімдерін қалыптастыратын құралдар мен тетіктердің жиынтығын білдіреді. Сонымен қатар, ДБШ қолданудың түпкі мақсаты – жанжалды оның барлық қатысушылары үшін ең аз шығынмен шешу.

Еңбек дауларын шешудің ықтимал баламалы құралдарын қарастырайық.

Еңбек саласындағы қайшылықтардың шиеленісуі еңбек дауы түрінде көрінеді. Ең алдымен, еңбек дауларын шешудің соттан тыс тәсілдері туралы сұраққа жеке және ұжымдық еңбек дауларының қолданыстағы жіктелуін ескеру қажет. Сондықтан да, еңбек дауы түрін есепке алу бітімгерлік рәсімдер тізбесін қолдану шеңберінде елеулі мәнге ие.

Ұжымдық еңбек дауларына, яғни жұмыскерлер (олардың өкілдері) мен жұмыс берушілер (олардың өкілдері) арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, актілердің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскерлердің талап етуі бойынша мынадай дәйекті татуластыру рәсімдері қолданылады: жұмыс берушінің (жұмыс берушілер бірлестігінің (қауымдастығының, одағының) қарауы, шешу мүмкін

болмаған кезде - татуластыру комиссиясында, онда келісімге қол жеткізілмеген кезде - еңбек төрелігі (ҚР ЕК 164-бабы.) [4].

Еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы реттелмеген келіспеушіліктерді білдіретін жеке еңбек даулары кезінде дауларды сотқа дейін реттеуде ҚР Еңбек кодексі дауларды келісу комиссиясында (бұдан әрі - КК) міндетті түрде қарауға жатқызады.

Жеке еңбек дауларын келісу комиссиясында қарау тәртібі ҚР ЕК 159 бабында бекітілген. Сонымен қатар, КК мен сот арасындағы құзыреттілікті бөлу дегеніміз, ең алдымен КК еңбек қатынастарындағы жұмыскердің құқықтарын қорғаумен айналысады. Сотқа тек еңбек шарты бойынша құқықты қорғау және КК - нан кейін басқа да еңбек дауларын қарау міндеті жүктелген.

Бұл талап ҚР АПК-нің 8-бабының 6-тармағына сәйкес келеді, егер заңда істердің белгілі бір санаты үшін дауды сотқа дейін реттеу тәртібі белгіленсе немесе шартта көзделсе, сотқа жүгіну осы тәртіп сақталғаннан кейін мүмкін болады.

ҚР ЕК 159-бабының 2-тармағына сәйкес, келісу комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде ұйымдарда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Келісу комиссиясы заңды тұлғаның атқарушы органының басшыларымен және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметкерлерімен дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларының барлық түрлерін қарайды.

Сондықтан орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктер міндетті түрде келісу комиссиясын құруы тиіс. Бұдан басқа, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілген сот практикасында келісу комиссияларының жеке еңбек дауларын сотқа дейінгі тәртіппен қарауы туралы нормаларды қолдану кезінде 8 баптың 3 тармағын, 143, 144 – баптарын және Еңбек кодексінің басқа да ережелерін ескеру қажет, жекелеген санаттағы, оның ішінде әскери қызметте тұрған жұмыскерлердің, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, мемлекеттік қызметшілердің еңбегі келісу комиссияларының жеке еңбек дауларын қарау мүмкіндігі көзделмеген Қазақстан Республикасының арнайы заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ерекшеліктермен бірге Еңбек кодексімен реттелетіні туралы басқа да ережелерінде белгіленген. Осыған байланысты жұмыскерлердің аталған жекелеген санаттарына Еңбек кодексінің 159 бабының ережелері қолданылмайды.

Келісу комиссиясы жұмыскерлердің еңбек заңнамасын қолдануға байланысты дауларын, ұжымдық шарттарға, келісімдерге және өзге де жергілікті құқықтық актілерге, еңбек шарттарына байланысты туындайтын дауларын, оның ішінде мынадай дауларды қарайды:

- 1) еңбекке ақы төлеу туралы;
- 2) басқа жұмысқа ауыстыру және басқа жұмыс орнына ауыстыру туралы;
- 3) еңбекке ақы төлеу, оның ішінде лауазымдарды қоса атқару, жұмыста болмаған жұмыскерді уақытша алмастыру, қоса атқару кезінде, үстеме, түнгі уақыттағы, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысы үшін ақы төлеу туралы;

4) қолданыстағы еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген, жұмыскерге тиесілі сыйақыларды алу құқығы мен мөлшері туралы;

5) өтемақылар төлеу және кепілдіктер беру туралы;

6) жұмыскердің жалақысынан ұсталған ақша сомаларын қайтару туралы;

7) демалыс беру туралы;

8) арнайы киім, арнайы аяқ киім, жеке қорғаныш құралдарын, емдік-профилактикалық тағам беру туралы;

9) мәжбүрлі бос жүрген уақыты үшін жалақы төлеу немесе заңсыз аударылуына байланысты төмен ақы төленетін жұмысты орындаған уақыты үшін жалақысындағы айырма туралы;

10) еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген үстемеақыларды қоса алғанда, жалақыны өндіріп алу туралы;

11) тәртіптік жазаларды қолдану туралы;

12) егер бұл жазбалар бұйрыққа (өкімге) немесе заңнамада көзделген өзге де құжаттарға сәйкес келмесе, еңбек шартын жасасу немесе өзгерту туралы мәліметтердің еңбек кітапшасындағы дұрыс емес немесе дәл емес жазбалар туралы;

13) жұмысқа қайта алу туралы, күнін өзгерту және жұмыстан босату себебін тұжырымдау туралы;

14) келтірілген материалдық нұқсанды өтеу туралы;

15) жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимін сақтау туралы;

16) Аттестаттау комиссиясы шешімдерінің күшін жою туралы.

Келісу комиссиясы еңбек заңнамасын, ұжымдық және еңбек шарттарын, жұмыс берушінің актілерін қолдануға байланысты басқа да жеке еңбек дауларын міндетті түрде қарайды.

Келісу комиссиясына келіп түскен өтініш ЕК 159-бабының 4-тармағына сәйкес берілген күні міндетті түрде тіркелуге жатады. ЕК 159-бабының 5-тармағына сәйкес, келісу комиссиясы дауды өтініш тіркелген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қарауға және дау тараптарына шешімнің көшірмесін ол қабылданған күннен бастап үш күн мерзімде беруге міндетті. Бұрын қолданыста болған ЕК салыстырсақ, онда дауды өтініш берілген күннен бастап жеті күн ішінде қарау көзделген болатын [156, 154-160 б.].

КК шешімін қарау және қабылдау тәртібі

ҚР ЕК 160-бабына сәйкес, жұмыскер КК-на өзінің құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап келесі мерзімдерде жүгіне алады:

1) жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша – еңбек шартын тоқтату туралы жұмыс беруші актісінің көшірмесі келісу комиссиясына табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап бір ай, ал сотқа жүгіну үшін – реттелмеген даулар бойынша жүгінген кезде не еңбек шарты тарапы келісу комиссиясының шешімін орындамаған кезде келісу комиссиясы шешімінің көшірмесі табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап екі ай;

2) басқа еңбек даулары бойынша – жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап бір жыл.

Заң шығарушы КК-на жүгінудің бір ай мерзімін белгілей отырып, еңбек дауларын шешу органы ретінде комиссияға беретін маңыздылығын тағы да бір рет атап көрсетеді. Егер жұмыскер КК-да белгіленген мерзімді өткізіп алу туралы өтініш білдірсе, комиссия жұмыскердің өтінішін қабылдаудан бас тартуға құқылы емес, бірақ белгіленген мерзімді өткізіп жіберуге негіз болған жағдайларды қарастыруы керек.

Еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясына белгіленген өтініш беру мерзімін дәлелді себептермен өткізіп алған жағдайда, келісу комиссиясы жүгіну мерзімін қалпына келтіріп, дауды мәні бойынша шеше алады.

КК жұмыскердің, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған жұмыскердің белгіленген мерзімде келісу комиссиясына өтініш білдірмеуінің дәлелді себептеріне жататындығын дербес айқындайды.

Ұжымдық шартта ұйымның өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінде келісу комиссияларын құру көзделуі мүмкін.

Келісу комиссиясы мүшелерінің ұжымдық құрамы, оның жұмыс тәртібі, келісу комиссиясының шешімінің мазмұны мен оны қабылдау тәртібі, келісу комиссиясының өкілеттік мерзімі, делдалды тарту туралы мәселе жұмыс беруші мен жұмыскердің өкілдері арасындағы жазбаша келісімде не ұжымдық шартта белгіленеді.

Келісу комиссиясына келіп түскен өтінішті көрсетілген комиссия берілген күні міндетті түрде тіркеуге тиіс.

Дау Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзіне берілген өкілеттіктер шегінде өтініш берушінің және (немесе) ол уәкілеттік берген өкілдің қатысуымен қаралады. Өтініш берушінің жазбаша келісімі болған кезде оның қатысуынсыз дауды қарауға жол беріледі.

Еңбек кодексіне сәйкес жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясына жүгінбей сотқа жүгінуге құқылы субъектілердің тізімі көрсетілген, еңбек қатынастарына қатысушылар үшін өзге де ДБШ әдістері қолданылуы мүмкін.

КК кемшіліктері мен артықшылықтары

Еңбек құқығы саласындағы көптеген мамандар, көптеген кәсіпорын басшылары сияқты, КК еңбек дауларын қарау процедурасын кешіктіретін тиімсіз орган деп санайды. Еңбек дауын КК-на қарауға беру сотқа барудың қажеті жоқ екеніне әлі кепілдік бермейді. Сонымен, егер жеке еңбек дауының тараптары өзара келісімге келмесе, онда КК-ның шешіміне жұмыскер немесе жұмыс беруші сотқа шағымдана алады, бұл КК шешімімен дауды аяқтауға кепілдік бермейді.

КК құрамында жұмыскерлердің де, жұмыс берушінің де өкілдерінің болуы, бір жағынан, еңбек дауының екі тарапының да мүдделерін сақтауға, ал екінші жағынан, оны объективті шешуге кедергі келтіруі мүмкін. Жұмыскерлер мен жұмыс берушінің өкілдері дауды өз өкілі болып отырған адамға көмек көрсету жөніндегі мүддені негізге ала отырып қарайтындықтан, тиісінше еңбек

жанжалын шешу, шын мәнінде, олардың өкілдері арасындағы дауларға алып келеді. КК құрамы жұмыскер мен жұмыс берушілердің тең санынан қарастырылса да, жұмыскер жұмыс берушінің қарамағында болады, яғни тәуелді жағдайда болады деп санаймыз. Жұмыскер тарапынан қолдау болған жағдайда, жағымсыз жұмыскер ретінде жұмыс беруші тарапынан болашақта белгілі бір түсініспеушілікке ие болу қаупі бар: сыйлықақылардан айыру, лауазымын жоғарылатпау және т. б.

КК-да дауды қараудың *артықшылығы*- сотқа дейінгі тәртіп жұмыскердің шағымдарының дұрыстығын анықтауға, жұмыс берушінің іс-әрекеттерінің заңдылығын тексеруге және көбінесе соттарда ұсақ, маңызды емес дауларды қараудан босататын өзара қолайлы шешім қабылдауға көмектеседі.

Сонымен қатар, бұл әдіс жұмыс берушіге дау компаниядан тыс шықпауы тұрғысынан пайдалы болуы мүмкін. Бұл, атап айтқанда, компанияның құпия ақпаратын ашу қаупін азайтуға, туындаған дау туралы ақпаратты қажетсіз таратудан аулақ болуға мүмкіндік береді.

Бұл әдістің тағы бір *артықшылығы* - дауды қарастырудың аз мерзімі. Еңбек дауы КК-да сотқа қарағанда тезірек қаралады – жұмыскер өтініш берген күннен бастап 15 күн ішінде. Сонымен қатар, бұл әдіс жұмыс беруші компанияның ерекшеліктерін ескеруге және жанжалды дәлірек шешуге мүмкіндік береді. Өйткені дау компания қызметінің ерекшелігімен және оның жергілікті нормативтік актілерімен таныс жұмыскерлер мен жұмыс беруші өкілдерінің қатысуымен қаралады.

Алайда, егер КК құрамына кәсіпорын қызметінің әртүрлі салаларынан білімді және сауатты өкілдер кіретін болса, оның мақсаты бұзушылықтарды жою, ұсынылған материалдар мен ақпаратты объективті, толық және жан-жақты талдау, келіспеушіліктерді реттеу және тараптардың татуласуы арқылы жеке еңбек дауын шешу болатын болса, жанжалды шешудегі тиімділікке қол жеткізуге болады. Келісу комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, еңбек дауларында келіссөздер жүргізу және еңбек дауларында пәтуаға қол жеткізу дағдыларын дамыту бойынша жыл сайынғы оқудан өтуге міндетті, деп ҚР ЕК 159-бабының 8-тармағында дұрыс қарастырған.

Бірақ содан кейін сұрақ туындайды: оқытуды кім жүргізуі тиіс - уәкілетті мемлекеттік орган немесе кәсіпорында ішкі оқыту болуы керек пе? Егер ішкі оқытуды білдірсе, бұл уәкілетті орган тарапынан тексерудің нысанасы болса, онда оны қалай дұрыс рәсімдеу керек? Егер оқыту мемлекеттік органнан болса, онда оны кім жүргізеді, қандай тәртіппен, қандай кезеңділікпен және осындай курстар туралы ақпаратты қайдан алуға болады?

Өкінішке орай, ЕК бұл сұрақтарға жауап бермейді. ҚР Еңбек кодексі жұмыс рәсімдерін регламенттеу және келісу комиссияларының еңбек даулары бойынша шешімдер қабылдауы бөлігінде айтарлықтай пысықтауды талап етеді. Бұл тұжырым құқық қолданудың жүйелі мәселелерін талдауға ғана емес, ең алдымен, еңбек құқығы саласының рәсімдік-процессуалдық мәніне де негізделген. Рәсімдік-процестік өкілеттіктерді жүзеге асыратын субъектінің қызметі қатаң шеңберде жүзеге асырылуға тиіс. Жеке еңбек дауларын шешу

жөніндегі жария функция, тіпті бұл функция шектеулі форматта берілгенін ескере отырып, келісу комиссияларына де-факто берілді. Келісу комиссиясының қызметі дауды шешу тәртібіне делдал болатын құқықтық регламент ретінде әрекет ететін, заңда айқындалған рәсімдік нысан шеңберінде жүргізілуге тиіс.

ҚР Еңбек кодексі КК қызметін реттейтін қандай да бір арнайы құжатты қабылдау қажеттілігі туралы тікелей айтпайды. Алайда, мұндай комиссиялар құрылатын ұйымдардың көпшілігінде соңғылардың қызметі арнайы ережелермен реттелуі тиіс. Жоғарыда айтылғандай, КК-да жұмыскелер де, жұмыс берушілер де тең дәрежеде ұсынылғандықтан, КК туралы ережені олар бірлесіп әзірлеуі керек.

КК туралы ереже ҚР ЕК нормаларын нақтылайды және кеңейтеді. Алайда, ҚР ЕК-не қайшы келетін ережелерді тұжырымдау қолдануға жатпайтынын есте ұстаған жөн. КК туралы ереже мазмұнының тақырыбын дамыта отырып, біз Еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясы туралы үлгілік ережені ұсынамыз (1 - қосымша).

Үлгілік ережеде мынадай сәттерді қосуды ұсынамыз: қызмет қағидаттары, мүшелердің құрылу тәртібі және өкілеттік мерзімі; іс жүргізу; куәларды, мамандарды шақыру құқығы; жұмыс берушіден қажетті құжаттарды талап ету; комиссия отырысының заңдылығын тану және, оның ішінде дауыстарды бөлу кезінде шешім қабылдау; дауыс беру рәсімдері; комиссия мүшелеріне қарсылық білдіру мәлімдемесі және оны қанағаттандырудың салдары; комиссияның жұмыс режимі; оның мүшелеріне комиссияда міндеттерін атқару кезінде жалақысын сақтау; өтініш берушінің комиссия отырысына дәлелсіз себептермен келмей қалуының салдары (өтінішті қараудан алу туралы шешім шығаруға болады, бұл жұмыскерді бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін өтініш беру мерзімі шегінде қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды).

Сондай-ақ осы құжатқа мынадай нысандардың қосымшаларын енгізу орынды болып табылады:- жұмыскерлердің өтініштерін тіркеу журналы; КК шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған куәліктерді тіркеу журналы; КК отырысының хаттамалары; КК шешімдері; КК шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған куәліктер.

Бұл КК жұмысын айтарлықтай жеңілдетуге және болашақта жұмыскердің де, жұмыс берушінің де құқықтарын ең жақсы қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қабылданған шешімдердің объективтілігіне ықпал етпейтін тағы бір ереже – КК-ның барлық мүшелері жұмыс берушінің бағыныштылары болып табылады, бұл олардың бейтараптығы туралы айтуға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдай КК мүшелерінің жұмыс берушіден тәуелсіздігін қамтамасыз ете алмайды, бұл жалақы деңгейіне, қызметке ауысуға, ынталандыру төлемдеріне және басқа да әлеуметтік жеңілдіктерге әсер ететін тікелей қызметтік тәуелділіктің салдары болып табылады. Осыдан нәтиже шығады: жұмыскерлер өздерінің еңбек құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгінуге мәжбүр, ал КК қызметі сотқа дейінгі ресми рәсім болып қала береді. Алайда, бұл дұрыс шешім дауды

тікелей ұйымда қарайтын сотқа дейінгі органды тарату дегенді білдірмейді, өйткені мұндай орган жұмыскерлерге қажет және еңбек дауларын шешу принциптеріне толық сәйкес келеді.

Еңбек дауларын реттеудің соттан тыс тәртібінің келесі тиімді құралы медиация *рәсімі* болып табылады.

Медиация институтын Қазақстанның заңнамасына интеграциялау [157] және «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің N 1039 08.17.2010 Жарлығы негізінде жүргізілді, осыған сәйкес тараптар арасында ымыраға қол жеткізудің түрлі тәсілдері мен әдістерін, оның ішінде еңбек және жеке құқықтық жанжалдар саласында сот тәртібімен де, соттан тыс тәртіпте де дамыту жоспарланды.

2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстанда Медиация туралы арнайы заңнама қабылданды. «Медиация туралы» заң, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) медиацияның қолданылу саласы болып табылады. Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, мұндай даулар (жанжалдар) медиация рәсіміне қатыспайтын үшінші тұлғалардың және сот әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың мүдделерін қозғаса немесе қозғауы мүмкін болса, медиация рәсімі қолданылмайды.

Заңға сәйкес, медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі.

2011 жылы ҚР «Медиация туралы» Заңы қабылданғаннан кейін аталған институт біртіндеп дами бастады және түрлі алаңдарда, соның ішінде еңбек даулары бойынша да қолданыла бастады [74].

Нәтижесінде соттарда да еңбек дауларының азаюына қол жеткізіді. Мысалы, 2019 жылы Еңбек даулары бойынша соттарға 8 250 іс пен өтініш келіп түсті, 2018 жылы 8 596, яғни 4% - ға азайды. Еңбек дауларының төмендеуі еңбек дауларының алдын алу рөлін өзектендіруге, аумақтық кәсіподақтар бірлестіктерімен ынтымақтастық және медиацияны қолдануға байланысты.

Сонымен қатар, кәсіпорындардағы келісу және татуластыру комиссияларының жұмысын күшейту, кәсіподақтармен еңбек заңнамасын түсіндіру, кәсіподақ өкілдерінің қатысуымен, оның ішінде медиаторлардың қатысуымен еңбек дауларын қарау бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу қажеттілігі әлі де бар.

Медиацияның айрықша ерекшелігі, бұл құралды қолдану бастамасы, тіпті қазіргі дау сатысында да, медиация рәсімін жүргізуге өтінім беру арқылы жұмыскер тарапынан да, жұмыс беруші тарапынан да іске асырылуы мүмкін екенін атап өту қажет.

Заңнамада еңбек жағдайларын, соның ішінде жалақыны белгілеу және өзгерту, ұжымдық шарттарды, келісімдерді жасасу, өзгерту және орындау мәселелері бойынша жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасында келіспеушіліктер туындаған кезде, сондай-ақ жұмыс берушінің жергілікті нормативтік актілерді қабылдау кезінде жұмыскерлердің сайланбалы өкілді органының пікірін ескеруден бас тартуына байланысты бірқатар рәсімдер қолданылатыны бекітілген.

ҚР Еңбек кодексінде мынадай реттілік белгіленген: бастапқыда ұжымдық еңбек дауын қарау татуластыру комиссиясында, ал онда келісімге қол жеткізілмеген кезде - еңбек төрелігінде жүргізіледі, сондай-ақ өзара келісім бойынша тараптардың медиация рәсімін қолдануға құқығы бар.

Жеке еңбек дауларында медиация рәсімін қолдануға мүмкіндік беретін норма болмаса да, қолданыстағы заңнаманың тәжірибесі мен нормалары жеке еңбек дауларына медиацияның толығымен қолданылатынын көрсетті.

Медиация рәсімі шеңберінде еңбек дауларын шешудің негізгі артықшылықтары:

- басқа жұмыс берушіде жұмысқа орналасу кезінде жұмыс беруші мен жұмыскердің әлеуетті кандидат ретіндегі іскерлік беделін сақтау;
- медиация рәсімі бойынша шығыстардың тепе-теңдігі тараптың дауды шешудің өзге нысандарына қатысты шығындарын төмендетеді;
- медиацияның, оның ішінде медиация рәсімінің оң қорытындысы ретінде медиативтік келісімнің құпиялылығы [158, 47 б.].

Еңбек дауларында медиацияны қолданудың тиімділігі тараптардың уағдаластық деңгейіне байланысты екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты біз еңбек шарттарының мәтінінде медиация туралы мынадай мазмұндағы ескертпені көздеуді ұсынамыз: «осы еңбек шартынан немесе оған байланысты туындайтын, оның ішінде оның орындалуына, бұзылуына, тоқтатылуына және жарамсыздығына қатысты барлық даулар, келіспеушіліктер мен талаптар медиация рәсімін қолдана отырып реттелуі мүмкін».

Сонымен бірге, тараптар медиацияның сотқа дейінгі рәсім ретінде ғана емес, іс жүзінде бұл құрал жеке еңбек дауларына сотқа дейінгі кезеңде де, келісу комиссиясының немесе соттың іс жүргізуіндегі дауларға да қолданылатынын, оның үстіне медиация сот актісін немесе шешімін орындау сатысында қолданылатынын түсіндіруі қажет [159].

Қазақстанда еңбек дауларын сотқа дейін реттеудің негізгі тәсілдері тек КК, татуластыру комиссиясы, еңбек төрелігі болып табылады. Алайда, ҚР ЕК-де бекітілген еңбек дауларын жеке және ұжымдық деп жіктеуге байланысты, құқық туралы жеке еңбек дауларын соттан тыс шешу тек КК-да және медиация арқылы мүмкін болатын жағдай туындайды, ал құқық туралы ұжымдық еңбек даулары үшін оларды шешу тәсілдерінің жабық тізбесі белгіленеді. Біздің пікірімізше, құқық туралы барлық еңбек даулары үшін оларды шешу тәсілдерінің бірыңғай және ашық тізбесін қарастыру қажет.

Еңбек дауларын шешу кезінде медиацияны қолданудың шетелдік тәжірибесін зерделей отырып, біз осы елдердің оң тәжірибесін атап өттік. Кейбір елдерде, мысалы Бразилияда, заң жеке еңбек дауларын шешу үшін

медиация рәсімін жүргізуге тыйым салады. Басқа елдерде, керісінше, заңшығарушы тараптарды құқық туралы еңбек дауларын шешу кезінде медиация рәсімін қолдануға міндеттейді. Мәселен, Канада да құқық туралы еңбек дауларының көп бөлігін шешетін квазисот органдарға жүгінгенге дейін медиация рәсімін қолдану қажет. Қытай, Румыния, Словакия, Словения кіретін елдердің үшінші тобы еңбек дауы тараптарына құқық туралы еңбек дауларын шешу кезінде медиация рәсіміне жүгіну немесе жүгінбеу құқығын береді. Бельгияда, Нидерланды да сот немесе тараптардың бірі сотқа қарауға берілген дауды медиация арқылы реттеуді ұсына алады. Сонымен қатар, Бельгияда медиативті ереже еңбек шартында бекітілуі мүмкін. Еңбек шартында медиативтік ескертпенің болуы Эстонияда, Польшада медиация рәсімін қолдану үшін қажет.

Италияда медиацияны қолдану мүмкіндігі сотқа жүгінгенге дейін және міндетті татуластыру рәсімін қолданғаннан кейін ғана бар. Жеке медиаторлар тараптарға Италияда мәміле деп аталатын келісім жасасуға көмектеседі. Люксембургтегі еңбек инспекторлары тараптардың бірінің немесе еңбек дауының екі тарапының сұрауы бойынша кезкелген жеке еңбек дауларында осындай дауларды болдырмау және шешу жөніндегі міндеттеріне байланысты делдалдық қызметті жүзеге асырады. Сонымен қатар, Люксембургте ұйымдар бар, мысалы, медиация қызметін жүзеге асыратын Люксембург адвокаттарының делдалдық орталығы.

Болгарияда заңшығарушының ерікті медиация рәсімін қолдануын ынталандырғанына қарамастан, тараптар бұл ДБШ процедурасына сирек жүгінеді. Осындай жағдайды Финляндияда байқауға болады.

Үндістанда медиация рәсімін тараптардың келісімі бойынша, еңбек дауы бойынша сот өндірісі шеңберінде де жүргізуге болады. Францияда жұмыскерді басқа жұмыскер психологиялық қудалаған жағдайда медиация рәсімін қолдану мүмкіндігі қызығушылық тудырады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде біз медиация рәсімдерінің мынадай жіктемелерін бөліп көрсетеміз:

1) сот жүйесіне тәуелділіктің болуы бойынша: жеке медиация; соттың бағыты/ұсынысы бойынша немесе сот ісін жүргізу шеңберінде;

2) медиатордың рөлі бойынша: пассивті медиация (медиатор тек диалог құруға жәрдемдеседі, бұл ретте өз пікірін айтпайды, дауды шешудің нұсқаларын ұсынбайды); белсенді медиация (медиатор өз әрекеттері мен келіссөздер жүргізу процесіне және тараптар қабылдаған келісімге әсер етеді);

3) делдалдардың саны бойынша: бір делдалмен медиация рәсімі; еңбек дауы тараптарының және бейтарап тараптың делдалдары мен медиация рәсімі.

Осылайша, медиация деп тараптардың бейтарап (бейтарап), тәуелсіз (тәуелсіз) үшінші тұлғаның (үшінші тұлғалардың) қатысуымен, дауды сотқа қарағанға дейін және оның шеңберінде тәртібін дау тараптарының өздері айқындайтын келісім жасасуға бағытталған дауды реттеу рәсімін түсіну керек.

ҚР «Медиация туралы» Заңында медиатордың қызметі ақылы да, тегін де болуы мүмкін екендігі белгіленген. Коммерциялық дау бойынша сертификатталған медиаторлар қызметінің құны сот рәсімі барысындағы

шығындарға қарағанда бірнеше есе қымбат болатыны анық. Сондықтан біздің елімізде медиаторлардың қызметтері талап етілмеген.

Шетелдік тәжірибеде медиация рәсімінің, атап айтқанда сот медиациясының танымалдылығын қамтамасыз ететін критерийлердің бірі осындай рәсімді жүргізуге немесе оларды барынша азайтуға арналған шығыстардың болмауы, сондай-ақ медиаторлардың кәсібилігі және мемлекеттік органдармен байланыс арқылы қамтамасыз етілетін олардың құзыреттілігінің кепілі болып табылады. Мысалы, Үндістанда дауларды баламалы шешу жөніндегі халықаралық орталық, сондай-ақ басқада арнайы мекемелер тек әкімшілік алымдарды төлеу кезінде делдалдық қызметтер көрсетеді. Финляндияда қызметкер медиация рәсімін өткізу кезіндегі шығындардан босатылды. Нидерланды заңнамасында медиация рәсімін жүргізу кезінде тараптардың шығындарына қатысты ережелер жоқ, сондықтан тараптардың өздері бұл мәселені шешеді, бірақ көбінесе мемлекет тараптарға көмек көрсетеді [160, 58 б.].

Португалияда еңбек қатынастарында медиация курсынан өтуі керек еңбек медиаторларының тізімін Әділет Министрлігі жүргізеді. Медиаторлар қызметтеріне ақы төлеуді Әділет министрлігі келген сомалар бойынша жүзеге асырады. Мәселен, егер тараптар келісімге келмесе, медиаторға – 100 евро, егер рәсім табысты болса – 120 евро, ал медиатор еңбек дауы тараптарының құлықсыздығына немесе қабілетсіздігіне байланысты медиацияны жүргізудің мүмкін еместігін анықтаған жағдайда -25 евро төленеді.

Бельгияда медиаторларды Әділет министрлігі аккредиттейді және көбінесе заңгерлер болып табылады. Кипр Республикасында Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру Министрлігінің еңбек қатынастары департаменті медиаторлардың бейресми тізімін жүргізеді, олардан тараптар даудың сипаты мен мазмұнына қарай өздеріне лайықты медиаторды таңдайалады.

Заңнамаларда жиі бекітілетін медиация мен татуласу рәсімдерінен басқа, көптеген елдерде туындаған даудың екі тарап қалауы бойынша қолданылуы мүмкін дауларды шешудің өзгеде баламалы тәсілдері бар. Австралия, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия сияқты көптеген елдерде «дауларды шешудің балама тәсілдері» ұғымы істі тікелей қарау үшін сотқа жүгінбестен дауларды шешу үшін қолданылатын көптеген процестер мен әдістерді білдіреді. ДБШ әдістері әсіресе кәсіподақтардың немесе жұмыскерлердің басқа өкілдері жоқ ұйымдарда жиі қолданылады [161, 26 б.].

Шетелдік тәжірибе юрисдикциялық органдардың жеке еңбек дауын талқылауының алдындағы татуластыру рәсімдерінің тиімділігін растайды. Мысалы, Болгарияда жұмыскер мен жұмыс берушінің тікелей келіссөздері заңды жанжалды қарастырудың міндетті және бастапқы кезеңі ретінде танылады. Бұл ретте тараптар арасындағы келісімге қол жеткізу фактісі келісу комиссиясының шешімі бар хаттамамен куәландырылады [162, 41 б.].

Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі - АҚШ) заңнамасы жеке еңбек дауларын тараптар немесе олардың өкілдері арасындағы келіссөздер арқылы шешу міндеттілігін мойындайды, алайда аталған

татуластыру рәсімін жүзеге асыру тәртібін ұжымдық шарттарда анықтау ұйғарылады [163, 11 б.].

Осылайша, біз келесідей тұжырымдар мен ұсыныстар жасаймыз:

1. ҚР Еңбек кодексі еңбек даулары бойынша келісу комиссияларының жұмыс рәсімдерін регламенттеу және шешімдер қабылдау бөлігінде айтарлықтай пысықтауды талап етеді, осыған байланысты Еңбек даулары бойынша келісу комиссиясы туралы үлгілік ережені қабылдауды ұсынамыз.

2. Жаңа орган - мемлекет қаржыландыратын, бірақ қандай да бір саяси партияға, кәсіподаққа, жұмыс берушіге немесе компанияға тәуелді емес және жеке де, мемлекеттік те туындайтын еңбек дауларының барлық түрлерінің алдын алу мен реттеуді мақсат ететін татуласу және төрелік жөніндегі комиссия құру арқылы елдегі дауларды реттеудің қолданыстағы жүйесін реформалау қажет.

3. Қазіргі уақытта құқық туралы еңбек дауларына медиация рәсімін қолдану мәселесінде дамудың тиімді бағыты сот медиациясы болып табылады. Бұл қорытынды жоғарыда көрсетілген талдауға негізделген. Сот медиациясы жеке медиацияға қарағанда «тараптарға дауды шешуде олардың рөлін атқаруға мүмкіндік берілетіндігіне байланысты үлкен танымалдылыққа ие, бұл жиынтығында медиацияны қоғамдық қабылдаудың, оның сот процесімен бейтараптығы мен тұтастығы, халық үшін қосымша қызмет ретінде бақылауға алынуы және жеңілдігі себебінен халық тарапынан оған сенімнің пайда болуының әсерін туғызады».

Келтірілген деректерді ескере отырып, бізге ҚР ЕК-не келесідей ережелерді бекіту қажет: «Құқық туралы еңбек дауларын шешу үшін медиация рәсімін қолдану».

4. ДБШ тәсілдерін қолдануды дамытуға республикалық бюджеттен қаражат бөлу қажет, бұл қазіргі кездегі соттардың ауыр жүктемесін азайтуға және тиісінше сот жүйесінің қызметін қамтамасыз етуге байланысты шығыстарды азайтуға көмектеседі. Біздің ойымызша, бұл бюджет қаражаты еңбек дауы тараптары үшін сот медиациясы рәсімін тегін қаржыландыруды қамтамасыз етуі керек.

3.3 Цифрландыру жағдайында еңбек дауларын сотта қарау мәселелері

Бүгінгі Қазақстанның алдында 30 үздік мемлекеттердің қатарына ену үшін жаңа инновациялық даму мен қарқынды технологиялық жаңару мақсаты қойылған.

Қазақстан Республикасы тұңғыш президенті Н.Назарбаев «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында заңның үстемдігін қамтамасыз етуді ерекше назарға алуды тапсырған еді. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында қоғам өмірінің барлық салаларын цифрландырудың маңыздылығын ерекше атап өткен еді [164].

Мемлекет басшысының нұсқауын орындау үшін соттар өз қызметін цифрландыру бойынша шаралар қабылдауда. Бұл бағытта еліміздің бас сот органы үлкен қадам жасады.

Электрондық технологиялардың көмегімен елдің сот жүйесі соңғы жылдары сот төрелігінің басты мақсатына - сот істерін қарау кезінде шындық пен әділеттілікті орнатуға қол жеткізу үшін көп жұмыс жасап келеді. Тараптар сот отырысына БКБ арқылы қатысу мүмкіндігіне ие болды. Сот процесіне онлайн форматында қатысудың мұндай опциясы Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңнамасында да көзделген. ҚР АПК-не «Электрондық сот ісін жүргізу ерекшеліктері» деген жаңа 11-1 тарау енгізілді.

ҚР АПК 133-1 бабының 3-тармағына сәйкес сот ісін электрондық форматта жүргізу кезінде электрондық азаматтық іс қалыптастырылады. Бұл ретте соттың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде орналастырылған электрондық сот актісі сот актісінің төлнұсқасы болып табылады.

Қазақстандық соттар бейне-конференц-байланыс (бұдан әрі – «БКБ» «ВКС») арқылы істерді белсенді қарай бастады. Осыған карамастан, пандемия жарияланғанға дейін процеске қатысушылардың кейбірі ғана мұндай мүмкіндікті пайдаланды, өйткені мүмкіндік болған кезде олар әрқашан соттарда өз позицияларын тікелей қатысып қорғауды жөн көрді.

Вирустың әлемдік таралуына байланысты жаңа уақыттың пайда болуы және жаңа талаптар адамның еңбекке деген көзқарасын түбегейлі өзгертті. Пандемия еңбек қатынастары әлемін цифрландыруға тез бет бұрды, сонымен бірге көптеген құқықтық белгісіздіктер мен еңбек заңнамасының бұзылуын тудырды, олар адамды қоғамнан оқшаулау кезеңінде еңбек қатынастарын, сондай-ақ әлеуметтік проблемалар мен карама-қайшылықтарды шешуге дайын болмады. Әдетте жылдар қажет болатын қиындықтарды шешу үшін мемлекеттік шешімдер пандемия кезінде өте тез қабылданды.

2020 жылдың наурыз айынан бастап Қазақстан Республикасындағы соттар толығымен онлайн жұмыс форматына көшті. Тараптар үшін соттар жабылып, ҚР Жоғарғы Соты барлық сот отырыстарын онлайн-режимде өткізу қажеттілігі туралы тікелей ұсынымдар бергеннен кейін процеске қатысушыларда таңдау қалмады және көптеген адамдарға қазақстандық сот ісін жүргізудің қашықтықтан жүргізілетін технологияларымен танысуға тура келді.

Бірден айта кету керек, судьялар қашықтан жұмыс істемейді (мысалы, үйден). Соттар әдеттегідей жұмысын жалғастыруда, судьялар мен хатшылар сот залында қатысады, бірақ дауласушы тараптардың қатысуынсыз. Тараптар сот отырысына аудио-бейне байланыс (TrueConf, WhatsApp) арқылы қосылады. Осыған байланысты, осы баптың мақсаттары үшін «онлайн сот ісін жүргізу» деп сот отырысына тараптардың қашықтан қатысуымен соттың істерді қарауы түсініледі.

ҚР-да сот ісін жүргізудің жаңа форматына көшу кейбір қиын мәселелерге алып келді:

1. *Аудио-бейне байланыстың сапасы* (үзу, жаңғырық, сигналдың кідіруі, қатып қалу) *тараптарға мүдделерін сот арқылы қорғау құқығын* (өз ұстанымын толық білдіру, сот тыңдауы құқығы) *жүзеге асыру қиындығы*. Байланыстың тұрақсыз болуы сот отырысын кейінге қалдыру қажеттілігін туғызады. Байланыстың сенімсіздігіне орай істің мән-жайын тараптар ауызша толық жеткізе алмау мәселесі туындайды. Қатысушылардың айтуынша, сот

отырысы барысында тараптарды байланыстан ажырату жағдайлары немесе тараптардың қатысуынсыз сот отырыстарын өткізу жағдайлары кездескен. Кейбір вахта әдісімен жұмыс істейтін жұмыскерлер сотқа талап арызды электронды түрде жолдағанымен, интернет байланысы жоқ елді мекенде тұру себебімен онымен байланысқа шығу мүмкіндігі болмайды.

2. Іс материалдарының толықтығын қамтамасыз етуге байланысты қиындықтар. Бұл проблема бұрын да болған, бірақ соттардың онлайн форматқа көшуімен ол күшейе түсті. Құжатты «Сот кабинеті» сервисі арқылы (электрондық портал арқылы сотқа құжаттарды беру) берген кезде хатшылар мұндай құжатты және оған қосымшаларды (қағазды үнемдеу) әрдайым басып шығара бермейтін. Бұл электронды түрде жиі ұсынылатын құжаттар іске қосылмайтын немесе толық емес түрде тіркелмейтін жағдайға әкеледі. Нәтижесінде сот істі қарау кезінде оларды ескермеуі мүмкін;

3. Дәлелдемелерді теріс пайдалану қаупі артады. Дәлелдемелерді «сот кабинеті» сервисі арқылы жіберу (сканерленген көшірмелер арқылы) дәлелдемелерді бұрмалау үшін алғышарттар жасайды. Мысалы, тарап құжат түпнұсқасының болуын, қойылған қолдың түпнұсқалығын, құжатты ресімдеу сапасын және тарап сот отырысына қатыса отырып анықтай алатын қандай да бір дәлелдемелердің қолдан жасалуының басқа да белгілерін тексере алмайды. Іс материалдарының түп нұсқасын алу үшін тараптарды сот ғимаратына шақыру қажет, ал барлық судьялар эпидемиологиялық жағдайға байланысты бұған жол бермейді. Соңғысы тараптарды соттан түпнұсқамен танысу үшін отырысты кейінге қалдыруды сұрауға мәжбүр етуі мүмкін. Сонымен бірге, судьялар әрдайым отырысты кейінге қалдыра алмайды, мысалы, істі қарау мерзімдеріне қатаң шектеулер салдарынан.

4. Сот талқылауының ашықтығын қамтамасыз ету қиынға соғады. Онлайн форматта сот отырысы көп жағдайда WhatsApp бағдарламасы арқылы жүреді. Егер бейне-қоңырау арқылы бір мезетте 5-6 адамды ғана қосу мүмкіндігін (судья, хатшы, тараптар, олардың өкілдері) ескерсек, жұртшылықтың ашық сот мәжілісіне толық қатысуын қалай қамтамасыз етуге болады? **Жабық форматта (мысалы коммерциялық құпияларды жарияламау үшін)** өткізілетін сот отырыстарының құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ету мүмкіндігі жоқ. Телефонның арғы жағында кімдер отырғандығын көрі мүмкін емес.

5. Соттарда азаматтық істерді қарау мерзімінің сақталмауы. Еңбек дауларын соттарда қарау мерзімінің сақталу мәселесі шиелене түсті, өйткені пандемия жағдайында соттар істі тыңдауға тек шұғыл сипаттағы істерді қарайды, ал еңбек даулары ондай істер категориясына кірмейді.

Пандемия кезінде көп мекемелер онлайн форматына ауыстырылып, жұмыскерлер офиста отырмайды. Егер еңбек дауын келісу комиссиясында алдын-ала қарау қажеттілігі туындаса, комиссия мүшелерін карантин кезінде жинау қиындық туғызу мүмкін (мысалы, ПЦР тесттен өту), осы себептен сотқа арыздану мерзімін өткізіп алу қауыпы ықтимал.

Егер кәсіпорын пандемияға қатысты жұмысын уақытша тоқтатса, сот мәжілісі тағы бірнеше айларға созылуы мүмкін, бұл жалақыны төлемеу немесе

толық төлемеу, заңсыз жұмыстан шығару немесе заңсыз ауыстыру және ұйымдағы өндірістің тоқтап қалуын заңсыз деп тану туралы істерге қатысты жұмыскерге тиімсіз болатыны анық.

6. Сот отырысы кезінде куәлардан онлайн режимінде жауап алу қиындығы. Іс жүзінде еңбек даулары онлайн режимінде бейне-конференциялық байланыс арқылы шешіледі. Жеке тұлғаны анықтау мәселесі күмән тудырады. Ұялы телефонда тек куәнің беті ғана көрінеді, оның жеке куәлігі ұялы телефонның камерасында көрсетіледі, ол анық көрмейді. Сот мәжілісінде куәға жалған айғақтар бергені үшін жауаптылықтан ескертілу қажет, ол тиісті қолхатқа қол қоюы керек. Онлайн режимінде бұл шарт орындалмайды. Куә отырған жерде оның жанында куәға қысым жасай алатын, оның айғақтарын түзете алатын және т. б. басқа адамдардың болмайтынына кім кепіл.

Сот ісін онлайн форматта жүргізудің даусыз **артықшылықтары бар.** Судьялар сот ісін қазіргі форматта жүргізу уақытша мәжбүрлі шара деп санайды, сонымен қатар, істерді тікелей қарау тәртібі қолайлы екенін мойындайды, өйткені бұл форматта тараптардың мәнін түсіну оңай, олардың ниеттері мен бет-әлпеттерін оқу оңай, тараптарға түсіндіру және оларға белгілі бір жағдайларды жеткізу оңай. Қашықтықтағы форматқа көбірек уақыт кетеді деп мәлімдейді, өйткені байланыс орнатуға, ақаулықтарды жоюға көп уақыт кетеді, дегенмен онлайн-форматқа үйреніп, уақыт шығындары қысқаруы мүмкін. Сонымен қатар, тараптар үшін ыңғайлылық және салыстырмалы арзан. Қашықтан форматта сот ісін жүргізу ұзақ және қымбат іс-сапарларға жол бермеуге, сондай-ақ заңгерлердің уақытын үнемдеуге мүмкіндік бере отырып, халық үшін сот төрелігінің қолжетімділігін елеулі түрде арттыруы мүмкін,

Қазақстанда сот ісін жүргізуде дистанциялық технологияларды дамыту міндетті түрде қажет, өйткені сотта мұндай опцияның болуы сот төрелігіне қосымша қолжетімділік береді, белгілі бір жағдайларда дауларды шешуді жеделдетеді, сондай-ақ процеске қатысушылардың сот шығындарын үнемдейді. Бірақ мұны білікті IT-мамандарды, судьялар мен адвокаттық қоғамдастықты, сондай-ақ осы процестерге тартылған өзге де адамдарды тарта отырып, кәсіби түрде жасау керек.

Сонымен, шет елдерде пандемия жағдайында соттарда істерді қарау әр түрлі жүргізілді.

Италияда наурыз айынан бастап соттар алыстау шараларын қабылдады және көптеген істерді қарауды кейінге қалдырды. Жұмыс істейтін судьялардың саны азайып, азаматтық істер қашықтықтан қаралады.

Ресей Жоғарғы Сотының президиумы мен Ресей судьялар Кеңесінің Президиумы бірлескен қаулы қабылдады: соттарда азаматтарды жеке қабылдау тоқтатылды. Соттарға құжаттарды соттардың интернет-қабылдаулары арқылы электрондық режимде беру немесе пошта арқылы жіберу ұсынылады. Азаматтық сот ісін жүргізуде барлық қоғамдық тыңдаулар кейінге қалдырылғаннан басқа ұзақ мерзімге кейінге қалдырылды. Іс аяқталғаннан кейін олардың басымдылығын бағалау үшін тағайындалады.

Сингапурда ZOOM арқылы онлайн-отырыс режимінде өлім үкімі шығарылды.

АҚШ Жоғарғы Соты ғимаратты бөтен адамдар үшін жауып тастады. Қоғамдық тыңдаулар белгісіз мерзімге ауыстырылды. Қызметкерлер үшін ғимаратқа кіру мүмкіндігі сақталған. Тыңдаулар қажет болған жағдайда бейнеконференцбайланыс режимінде өткізіледі. Тараптар процесс туралы ақпаратты алдын ала алады. Тараптар тыңдауға арналған құжаттарды электрондық түрде ұсынуға тиіс. Тыңдаулар тікелей эфирде көрсетіледі, содан кейін бейне де сайтқа орналастырылады. Жаңа тыңдау тағайындалмайды [165, 180 б.].

Шетелдік сарапшылар Қазақстанның сот-құқық жүйесінің цифрлық шешімдерін табысты енгізу үшін инфрақұрылымы бар екенін бірауыздан атап өтті. Жаңа талаптар аталған инфрақұрылымды біртіндеп жақсартуды талап етеді. Цифрландыру-бұл ұзақ мерзімді процесс, ол үнемі жаңартуды, жаңа инновацияларды талап етеді

Жоғарыдағылардың негізінде келесідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. Дәлелдемелердің шынайылығына қатысты дау болмайтын, куәдан жауап алу талап етілмейтін және тараптардың көзбе-көз қатысуын талап етпейтін және өзге де мәселелер туындамайтын істердің кейбір санаттарын тұрақты негізде қашықтан форматқа көшіруді қарауға болады деп ойлаймыз. Мұндай форматты істердің кейбір даусыз санатына қатысты енгізу болашақта азаматтық істердің соттылық қағидаларын қайта қарауға мүмкіндік берер еді: мысалы, осындай істерді жүктемесі аз соттарға бөлуге болар еді, бұл да сыбайлас жемқорлық факторын төмендетуге мүмкіндік берер еді.

2. Қазіргі іс жүргізу заңы қашықтан жұмыс форматына дайын емес екені анық. Толыққанды онлайн форматқа – электрондық іске көшуді аяқтау бірінші кезектегі мәселе болып табылады: ол тараптардың сот серверіне қолжетімді болуы керек. Бұл іспен танысу, сотқа электрондық форматта келіп түскен қандай да бір құжаттарды қосымша басып шығару және іске қосу қажеттілігін жояды, қағаз істердің аудандық соттан жоғары тұрған соттарға және т. б. қозғалысын жояды.

3. Азаматтық процестік заңнамаға сот ісін жүргізуді онлайн форматта өткізудің ерекшеліктерін көрсететін өзгерістер талап етіледі. Мысалы, егер байланыс сапасы белгілі бір стандарттардан төмен болса (байланыс сапасы тараптың өз жауапкершілігіне жататын жағдайларды қоспағанда), соттан сот отырысын кейінге қалдыруды сұрау құқығын қарастыруға болады.

4. Онлайн сот ісін жүргізу кезінде жаңа дәлелдемелерді ұсынуға қатысты іс жүргізу шектеулерін қарастыруға болады, бұл процестің болжамдылығын қамтамасыз етеді (қазіргі уақытта тараптар іске дайындық аяқталғанға дейін дәлелдемелер ұсынуға міндетті, алайда бұл талап әрдайым нақты сақтала бермейді).

5. Тараптың процестен бөлек екендігі, хатшының тараппен байланысуға тырысқаны, қанша рет тырысқаны және т.б. - теріс пайдалануды азайту үшін бекіту әдісі ретінде қарастыруға болады. Ашық сот отырыстарына қатысу ережелерін, сондай-ақ жабық форматта өткізілетін сот отырыстарының құпиясын реттеуге болады. Тараптар сот процесінен әдейі ажыратылғанын, хатшының тараппен байланысуға тырысқанын, қанша рет тырысқанын

(қызметін теріс пайдалануды азайту үшін) бекіту әдістерін қарастыруға болады. Ашық сот отырыстарына қатысу ережелерін, сондай-ақ жабық форматта өткізілетін сот отырыстарының құпиялылығын қамтамасыз етуге болады.

6. Онлайн сот ісін жүргізудің ағымдағы қиындықтарын шешу үшін ҚР Жоғарғы Соты онлайн форматта сот төрелігін жүзеге асыру кезінде Тараптардың жиі туындайтын қиындықтарын көрсететін уақытша Нұсқаулық қабылдауы қажет.

Біздің ойымызша, пандемияның аяқталуы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, азаматтардың әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғауға қашықтықтан қол жеткізу форматын кеңейту бағытын өзгертпеуі керек, бұл мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимылының қашықтан форматын өзекті ететін жаһандық ауқымдағы соңғы құбылыс болмауы мүмкін.

Қазақстанда сот ісін жүргізуде дистанциялық технологияларды дамыту міндетті түрде қажет, өйткені сотта мұндай опцияның болуы сот төрелігіне қосымша қолжетімділік береді, белгілі бір жағдайларда дауларды шешуді жеделдетеді, сондай-ақ процеске қатысушылардың сот шығындарын үнемдейді. Бірақ мұны білікті IT-мамандарды, судьялар мен адвокаттық қоғамдастықты, сондай-ақ осы процестерге тартылған өзге де адамдарды тарта отырып, кәсіби түрде жасау керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі жағдайда еңбек дауларын уақытылы және объективті шешу ерекше маңызға ие. Жұмысшылар мен жұмыс берушілердің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды тиісті құқықтық қолдау жалдамалы еңбек тиімділігінің артуына, ұлттық экономиканың дамуына, қоғамдағы әлеуметтік тыныштық орнығуына ықпал етеді.

Жеке және ұжымдық еңбек дауларын соттың қарау ерекшеліктерін сипаттау теориялық және практикалық маңызға ие. Сот арқылы қорғау азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың әмбебап және толық кепіл берілген түріне жатады. Сонымен қатар егер еңбек қатынастарының жеке-жария сипатының ерекшеліктерін ескермейтін болса, жеке еңбек даулары, егер процедуралық реттеу болса, бұл кепілдіктер жеткіліксіз болуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде еңбек дауларын қараудың тетіктерін оңтайландыруға, еңбек дауларын қарау мен шешу механизмдерінің тиімді жүйесін құруға, еңбек даулары бойынша шешімдердің әділ әрі дұрыс қабылдануына, еңбек дауларының қаралу мерзімдерін қысқартуға бағытталған ұсыныстар мен қорытындылар берілген.

Еңбек дауларының теориялық-құқықтық аспектілерін зерттеу нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 1-бабының 16-тармақшасында еңбек дауының жалпы анықтамасы берілген, бірақ, сонымен бірге заңшығарушы, «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарын пайдалана отырып, олардың түсінігін бермейді, әрине, мұны дұрыс деп санауға болмайды. Негізінен, еңбек дауларының жалпы түсінігі заңда бекітілуі керек және оның жекелеген түрлерінің анықтамаларының мәні ашылуы керек.

Соттарда оларды қарау тәртібін белгілейтін «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарының заңда бекітілмеуі соттармен жекелеген жұмыскерлердің (жұмыскерлер ұжымының) кәсіпорында қабылдаған жеке және ұжымдық шарттарының ережелерін даулау және оларды жарамсыз деп тану туралы талап арыздарын іс жүргізуге қабылдау мен шешудің ешкіммен ақталмайтын тәжірибесінің қалыптасуына әкеп соқты.

Жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы жеке еңбек дауларын қарастыру Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 15-тарауында белгіленген, ал ұжымдық еңбек дауларын шешу тәртібі ҚР ЕК 16-тарауында қарастырылған. Бірақ, барлық ұғымдардың сараптамасы еңбек дауының түсінігін бір анықтамда беру мүмкін емес екенін көрсетеді, өйткені, жеке және ұжымдық еңбек даулары өздеріне тән арнайы ерекшеліктерге және белгілерге ие және оларды әртүрлі түсініктерде көрсету керек.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 1-бабының 1-тармағының жекелеген тармақшасына келесі редакцияда «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарының төмендегідей түсіндірмесін енгізу қажет. Бұл өз кезегінде құқықты қолдануда әртүрлі оқу мен талқылауды болдыртпайды, сондай-ақ еңбек дауының тараптарын, мүдделі тұлғаларды

дұрыс анықтауға мүмкіндік беріп, еңбек қатынастары субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді тәсілін таңдауда аса маңызды. Өзара мүдделерді ескерген келісім ғана дауласып жатқан тараптардың келісіміне алып келеді және дауды оңтайлы шешеді:

- «жеке еңбек дауы дегеніміз - жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі органға мәлімделген еңбек заңнамасының және еңбек құқығы нормалары, ұжымдық шарт, келісім, жергілікті нормативтік акт, еңбек шарты (оның ішінде жеке еңбек жағдайларын белгілеу немесе өзгерту туралы) бар өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдану мәселелері бойынша жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер»;

- «ұжымдық еңбек дауы дегеніміз - жұмыскерлер (олардың өкілдері) мен жұмыс берушілер (олардың өкілдері) арасындағы жалақыны қоса алғанда, еңбек жағдайларын белгілеуге, өзгертуге және тоқтатуға, ұжымдық шарттарды, келісімдерді жасасуға, өзгертуге, тоқтатуға және орындауға байланысты, сондай-ақ жұмыс берушінің ұйымдарда еңбек құқығы нормалары бар актілерді қабылдау кезінде жұмыскерлердің сайланбалы өкілді органының пікірін ескеруден бас тартуына байланысты реттелмеген келіспеушіліктер».

2. Еңбек дауларының пайда болуының көп себептеріне және санының артуына пандемияға байланысты елімізде жарияланған төтенше жағдайды жатқызуға болады. Еңбек ақысының мөлшері жұмыс уақытының ұзақтығы сияқты, еңбек шартының қажетті шарттары жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы келісім негізінде ғана өзгертілуі мүмкін. Оның үстіне, сот тәжірибесі көрсеткендей, жұмыскердің келісімі бола тұра еңбек ақысын азайтуға жұмыс уақытының ұзақтығы және (немесе) еңбек міндеттерінің көлемі бір мезгілде қысқартылса ғана жол беріледі.

Егер жұмыскер еңбек ақысын азайтуына және жұмыстың қысқартылған режиміне өтуіне келіскен жағдайда, мұндай өзгерістер еңбек шартына қосымша келісіммен рәсімделеді. Бұл нұсқа тапсырыс көлемдері едәуір қысқартылған немесе басқа да себептерге байланысты жұмыскерлерді жеткілікті жұмыс көлемімен қамтамасыз ете алмаған компанияларға оңтайлы болуы мүмкін. ҚР Еңбек Кодексінің 46-бабына сәйкес ұйымдастырушылық немесе технологиялық еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты себептер бойынша сақталмауы мүмкін деп негіздей алса жұмыскерлердің келісімінсіз жұмыс беруші мұндай өзгерістерді бір жақты тәртіпте енгізе алады және жұмыскерлерді 15 күн бұрын ескертуге тиіс.

Жұмыс беруші жұмыскерді қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыруына байланысты араларында еңбек шартына қосымша келісім жасай алады: жұмыскер өз лауазымы бойынша стационарлық жұмыс орны орналасқан жерден тыс жерде жұмысты орындауға міндеттенетіні, ал жұмыс беруші әрі қарай өзара іс-қимыл Интернет желі арқылы жүзеге асырылатыны, еңбек ақысын төлеу туралы, еңбек шартының тоқтату негіздері туралы, еңбек қорғау саласындағы жұмыс берушінің міндеттерін нақтылайды. ҚР ЕК-нің 138-бабында бұл тәртіп белгіленгенімен, көбінесе жұмыскерлер мен жұмыс берушілер жұмыскердің қашықтықтан жұмыс істеуге ауысуын рәсімдемейді, тек ол туралы ауызша келіседі, мысалға, жұмыс беруші жұмыс уақытының

есепке алу табелінде жұмыскердің жұмыста болуын тіркеуді жалғастыра береді, ал жұмыскер негізінен жұмысты үйден істейді. Мұндай ауызша келісімде негізделген өзара әрекет ету схемасы, белгілі бір тәуекелдерді көтереді. Жұмыс беруші белгілі бір уақытта жұмыскермен қашықтықтан жұмыс істеуге келіскені туралы «ұмытып» кетуі мүмкін және туындайтын барлық зардаптармен бірге жұмыскер себепсіз жұмыста болмаған деп айтуы мүмкін (жұмыскерді тәртіптік жауапкершілікке тарту мүмкіндігі, үйде нақты жұмыс істеген уақытына еңбек ақы төлемеуі мүмкін).

Сондай-ақ, ұйым басшысына жұмысқа бармаған тұлғаларға еңбек ақы төлеу бойынша наразылық берілуі мүмкін, бұл әсіресе бюджеттік саласы үшін аса өзекті болуы мүмкін. Сондықтан жұмыскерлер мен жұмыс берушілер барлық жағдайларда қашықтықтан істейтін жұмыстар бойынша қол жеткізген келісімдердің тиісінше рәсімделуін әкімшілік жауаптылық қатерімен міндеттеу қажет.

3. ҚР АПК-ң 54-бабының 2-тармағына сәйкес прокурор мемлекет мүдделерін қозғайтын істер бойынша, қоғамдық мүдделерді немесе өздерін өз бетінше қорғай алмайтын азаматтарды қорғау талап етілгенде, сондай-ақ прокурордың қатысу қажеттігін сот танығанда азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы міндетті дегенімен, ол қай істер екені нақтыланбаған. Сондықтан жұмысқа қабылдаудан бас тарту, еңбек саласындағы кемсітушілік, еңбек шартын өзгерту, оның ішінде басқа жұмысқа ауыстыру туралы жеке еңбек дауларын қарау кезінде прокурордың міндетті түрде қатысуын ҚР АПК қарастыруы керек. Оның қатысуы соттың жеке еңбек даулары бойынша заңды және негізделген шешімдер шығаруына ықпал ететін болады.

Сонымен қатар, ҚР АПК 55-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе азаматтар сотқа басқа тұлғалардың өтініші бойынша олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, сол сияқты қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін талап қойып, жүгіне алады. Демек кәсіподақ талап қоюшы ретінде іске қатысуға келіскен жұмыскердің тиісті өтініші болған кезде ғана оның еңбек құқықтарын сот арқылы қорғауды талап ете алады. Ал, егер жұмыскер мұндай құқығы барын білмеген болса немесе сотқа жүгінуге жұмыс берушінің қысымынан не теріс реакциясынан қорыққан болса, кәсіподаққа жүгінбеуі де мүмкін. Сондықтан ҚР АПК-ң 55-бабының 1-тармағына «мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары заңды тұлғалар немесе азаматтар олардың өтінішіне қарамастан басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа талап арыз бере алады» деген өзгеріс енгізілуі қажет.

4. Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132 Конституциялық заңының 11 және 18-баптарына сәйкес Жоғарғы және облыстық сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін, 18-баптың 3-тармақтың 5) тармақшасына сәйкес мамандандырылған сот алқасы Жоғарғы Соттың органдары болып табылады делінген. Алайда қазіргі таңда Жоғарғы соттың жанынан еңбек дауы бойынша арнайы мамандандырылған сот алқасы

жұмыс жасамайды, осы аталған заңға сәйкес Жоғарғы соттың жанында еңбек дауы бойынша мамандандырылған сот құрамы бар (құрамында 3 судья). Бұл еңбек саласы бойынша мамандандырылған судьялардың санын жеткіліксіздігін білдіреді. Ал облыс, қала, аудан деңгейлерінде мүлдем еңбек саласы бойынша мамандандырылған судьялардың жоқтығын көрсетеді. Еңбек дауларының статистикасының өсімі мен судьялардың жүктемесін есепке ала отырып, Жоғарғы және облыстық соттар жанынан еңбек сот алқаларын құру қажет, соның нәтижесінде еңбек дауларын қараудың сапасы да, жеделдігі де артуы тиіс. Істерді еңбек құқығы саласындағы судья — мамандар қарайтын болады.

5. Еңбек даулары бойынша азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарау ерекшеліктерін реттейтін нормалар әртүрлі құқықтық нормативтік актілерде орналасқан. Оларды қолданудың қолайлылығы мен сапасы үшін ҚР АПК-не «Еңбек қатынастарынан туындайтын еңбек даулары бойынша іс жүргізу» арнайы тарауын енгізу қажет. Аталмыш тараудаталап арызға қоса берілу қажетқұжаттардың тізімі, анықтамалар, талап арызды сотқа тапсыру мен қарау мерзімдері, дәлелдеуге тиіс мән-жайлар, және т.б. ескерілу қажет.

6. Дауларды баламалы шешу жүйесі (ДБШ) құқықтық қатынастар субъектілері арасында туындайтын дауларды шешу және соттан тыс реттеу рәсімдерін қалыптастыратын құралдар мен тетіктердің жиынтығын білдіреді. Сонымен қатар, ДБШ қолданудың түпкі мақсаты – жанжалды оның барлық қатысушылары үшін ең аз шығынмен шешу.

ҚР ЕК 160-бабына сәйкес, жұмыскер өзінің еңбек құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен кейін келісу комиссиясына (КК) жүгіне алады. КК-ның кемшіліктері мен артықшылықтарын зерттей келе, КК-ң қызметі рәсімдік-процессуалдық мәнге ие болу керектігін тұжырымдаймыз. КК-ң қызмет қағидаттары, келісім комиссиясының құрылу тәртібі және өкілеттік мерзімі; іс жүргізу; куәларды, мамандарды шақыру құқығы; жұмыс берушіден қажетті құжаттарды талап ету; комиссия отырысының заңдылығын тану және, оның ішінде дауыстарды бөлу кезінде шешім қабылдау; дауыс беру рәсімдері; комиссия мүшелеріне қарсылық білдіру мәлімдемесі және оны қанағаттандырудың салдары; комиссияның жұмыс режимі; оның мүшелеріне комиссияда міндеттерін атқару кезінде жалақысын сақтау; өтініш берушінің комиссия отырысына дәлелсіз себептермен келмей қалуының салдары аталған Еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясы туралы үлгілік ережені ұсынамыз. Бұл Ереже қазіргі кезде ҚР Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі және ҚР Кәсіподақтар Федерациясымен негізге алынып, қолданыста.

7. Шетелдік заңнама мен доктринаны зерттеу дауларды шешудің балама әдістерінің әртүрлі жіктемесі мен түрлерін ажыратуға мүмкіндік береді, бірақ қарастырылып отырған шаралардың басты ерекшелігі олардың туындаған дауларға ерте араласуға бағытталуы, ол арқылы дауларды ең жанжалсыз және бейбіт жолмен шешу мақсатына қол жеткізілуі.

Дауларды шешудің балама кейбір әдістері процедуралық сипатқа ие және көптеген мемлекеттерде нақты реттелген. Қолданыстағы заңнаманың тәжірибесі мен нормалары жеке еңбек дауларына медиацияның

қолданылатынын көрсеткенімен, біздің елде ол баяу жүріп жатыр. Дауларды медиация тәртібімен шешу басқа елдерде ұтымды қолданылады. Мысалы, медиатордан бас тартқан тарап іс өзінің пайдасына шешілсе де, барлық сот шығынын көтереді. Сондықтан, қосымша шығынға ауыртпалығына жол бермей үшін, тараптар туындаған еңбек дауы бойынша бітімгерлікке жүгінеді. Біздің заңнамаға сәйкес еңбек даулары бойынша сотқа талап қоюшы мемлекеттік баж төлеуден босатылған болса, кәсіби медиаторлардың қызметі ақылы, сондықтан болар жұмыскер медиация тәртібіне жүгінуге құқығын пайдаланудан бас тартуына себеп болады. Сондықтан да, еңбек даулары бойынша сотқа жүгінушілерге дауды шешудің келісу комиссиясына балама түрі ретінде медиация тәртібіне жүгінуді міндетті етіп, медиатор қызметін тегін етуді ұсынамыз.

Қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалау. Тиісті диссертациялық зерттеудің алдына қойылған міндеттер отандық, сондай-ақ, шетелдік ғалымдардың еңбектерін, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік құқықтық Қаулыларын талдау арқылы толық шешілді. Жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек дауларын сотта қарау мен шешу ерекшеліктеріне кешенді зерттеу жүргізілді. ҚР Азаматтық процесстік Кодекс пен ҚР Еңбек Кодексіне толықтырулар мен қосымшалар енгізіп, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша теориялық және тәжірибелік ұсыныстар жасалды.

Нәтижелерді нақты қолдану бойынша ұсыныстар мен бастапқы деректерді әзірлеу. Зерттеу барысында алынған нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар мемлекеттік заң шығару қызметіне, мемлекеттік органдар қызметінде қолдануға ұсынылады. Диссертацияда қамтылған нәтижелер ҚР Еңбек құқығы, ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы курстарын дайындау кезінде, сонымен қатар «Құқықтану» мамандығы бойынша оқу құралын әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін тиісті саладағы үздік жетістіктермен салыстыра отырып бағалау. Зерттеудің қорытындылары бойынша алынған теориялық, сондай-ақ, қолданбалы сипаттағы нәтижелер қазіргі кезеңдегі ғылыми деңгейге сай келеді. Диссертациялық зерттеу жұмысында көрсетілген мақсаттар мен міндеттер зерттеу жұмысының мазмұнымен толықтай ашылған және ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы және Еңбек құқығы теориясының ұстанымдары мен қағидаларына белгілі бір үлес енгізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылдың 5 қаңтарындағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> 07.01.2021.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылдың 15 қаңтарындағы VII шақырылымындағы ҚР Парламенттің бірінші сессиясында сөйлеген сөзі https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-barinen-kymbat-kasym-zhomart-tokaev_a3737118 17.01.2021.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> 06.06.2019.
4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414> 20.01.2019.
5. Смолярчук В.И. Законодательство о трудовых спорах. - Москва: Юридическая литература, 1966. - С.84.
6. О праве на объединение и регулировании трудовых конфликтов на территориях вне метрополии: конвенция №84 Международной организации труда // http://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed_norm/---normes/documents/normativeinstrument/wcms_c084_ru.htm 09.01.2019.
7. Куренной А.М., Миронов В.И. Практический комментарий к законодательству о трудовых спорах. - Москва: Дело, 1997. - 384 с.
8. Ахметов А., Мингали Г. Трудовое право Республики Казахстан. Учебник. – Алматы, Litres, 2020. – С.290.
9. Асадов А. Влияние оценок труда и распределение доходов на конфликтность в трудовых коллективах предприятий: дис. ... канд. экон. наук. - СПб. , 1994. - 16 с.
10. Нечипоренко Л.А. Буржуазная социология конфликта. – Москва: Политиздат, 1982; Дарендорф Р. Элементы теории социального конфликта // Социологические исследования. – 1994. - №5. - С.38-39.
11. Прасолова И.А. Трудовые конфликты и трудовые споры по российскому праву: дисс. на соиск. уч. степени к.ю.н. - Москва, 2005 г. – с.18.
12. Толковый словарь Ожегова онлайн. URL: <http://slovarozhegova.ru/word.php?wordid=30188> 15.12.2019.
13. Виноградова О.А. Проблемы терминологии индивидуального трудового спора: историко-правовой аспект // Вестник Псковского гос. университета. Серия «Социально-гуманитарные и психолого-педагогические науки». - 2013. - №3. - С.212-218.
14. Тажибаева А.Х. Қазақстан Республикасының Еңбек құқығы. Оқу-әдістемелік құрал. - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2016. - 87 б.
15. Жаров С. Примириительно-третейский порядок разрешения трудовых конфликтов. – М., 1926. – С.3.
16. Толкунова В.Н. Справочник судьи и адвоката по трудовым делам. - Москва: Проспект, 2004. - 288 с.

17. Лысенко В.В. и др. Трудовое право: учебное пособие для вузов. - Москва: Экзамен, 2005. - 380 с.
18. Галиакбарова Г.Г. О судебном порядке рассмотрения индивидуальных трудовых споров в Республике Казахстан // Международный научно-популярный журнал «Наука и жизнь Казахстана». - 2020. - №6/2 – С.52-57.
19. Issayeva A.Zh., Aitimov B.Zh. The concept and classification of labor disputes // Bulletin of the Karaganda university. Law series. - №4 (100). - 2020. – P.94-103.
20. Накатаев Н.М. Понятие и виды трудовых споров // Журнал «Казахская цивилизация» (Университет Кайнар). - 2017. -№ 4 (72). - С.83-84.
21. Лазор В. В. Правове регулювання правових спорів, конфліктів і порядок їх вирішення на сучасному етапі: [монографія]. - Луганськ: Література, 2004. – С.332.
22. Балашов А. И. Трудовые споры и порядок их разрешения: учебное пособие. - СПб.: Изд-во ГУВШЭ, 2008. - 112 с.
23. Исаева А.Ж., Сериев Б.А. Еңбек даулары: теория және тәжірибе мәселелері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің Хабаршысы. Кұқық сериясы. - 2018. – №2 (123). - 107-112 б.
24. Оспанова Б. Правонарушения в сфере труда // Заңгер. - 2013. - №1 (138). - С. 77-79.
25. Мостовщиков А.Г. Порядок рассмотрения индивидуальных трудовых споров: дис. ... канд. экон. наук. – Томск, 2004. - С.17.
26. Голованова Е.А. Трудовые споры в СССР. Порядок их рассмотрения. Пермь, 1969. - Ч.1. - 160 с.
27. Трудовое право. Энциклопедический словарь / под ред. С. А. Иванова. - М., 1969. - 592 с.
28. Смолярчук В. И. Укрепление законности в трудовых отношениях и трудовые споры // Советское государство и право. - 1970. - №8. - С.38-46.
29. Ермагамбетова Ж.Б. Индивидуальные трудовые споры: дис. ... канд. юрид. наук, 2004. - 139 с.
